

Жумабай Доспанов

Жылгызды
тундер

Жұмабай ДОСПАНОВ

ЖҰЛДЫЗДЫ АЛУҒЫ

ЕКІНШІ ЖЫР-КІТАП

Өлеңдер, дастан, толғау, суреттер

Атырау, 2011 жыл

ББК 84

Қаз 7-5

Д 64

Жұмабай ДОСПАНОВ

Жұлдызды түндер: өлеңдер, дастандар, толғаулар, суреттер.

Екінші жыр-кітап

Атырау, “Ағатай” баспасы, 2011 жыл. 244 бет.

ISBN 9965-21-986-9

Екінші кітапқа Жұмабай Доспановтың 1976-1985-жылдар аралығындағы кейбір әдеби шығармалары - өлеңдері, дастан-толғауы, сондай-ақ көркем қолөнер туындылары енген.

ISBN 9965-21-986-9

ББК 84

Қаз 7-5

Ж.ДОСПАНОВ,
“Ағатай” баспасы, 2010



БІРІНШІ БӨЛІМ

Әлеңдер

1976



ҮСІРДІҢ

Туған күнің өтті, думанды,
Қатысқан жандар, мез болған.
Баршадан шеттеу, елеусіз,
«Қараша үй» боп, мен қонғам.

Дос-жаран, көрген, не дейді,
Жер қылып мені, «оңдырдың».
Жылуың жетпей жүрекке,
Ызғарың қарып, «тоңдырдың».

Құдай ма, солай жаратқан,
Мінезің сәйкес - қаңтармен.
Мұныңды сенің, білгемде,
Үйіме, дереу, қайтар ма ем?


Дәнекер кетті - қақырап,
Бәсімді - жаудай түсірдің.
Туған айың - қаңтарда,
Жүректі, сүйген - үсірдің.

Гурьев, қаңтар

АЙТАРМЫН...

Туған күнге - сыйлаған,
Гүлімді... кері қайтардың.
Жақын қалды, қайтейін,
Хоштасу сөзін айтармын...

Қатар жүру - жоқ бізде,
Иықтар қашты - түйіскен...



Ұмытам қалай, түндерді -
Астында Айдың сүйіскен?

Гурьев, ақпан

СЫҢАРСЫЗ

Сүйіктім жоқ, бұл тойда,
Келмей қалған... ол - үнсіз.
Думаннан мына не пайда,
Сыңарсыз маған - сүреңсіз.

Қонақтар - түгел көңілді,
Жарысып, ән-күй төгілді.
Сүйгенім жоқ - дарамын,
Тұншығып сезім, көмілді.

Жанымда - бос орындық,
Күткенмін, сақтап, келмеді.
Жабыңқы жалғыз мен екем,
Қайтейін, көңілім, желмеді...


Гурьев, ақпан

ОЙ

Қиял мен сезім тым баяу,
Ұшпайды құстай ұшыртып.
Ащысы өмір көбейген,
Аламын, қалай, тұшыртып?

Тыпырлап кейде қаламын,
Байланған шылбыр асаудай.





Үйдің маңын төңіректеп,
Жүргенім мынау, аса алмай.

Тұйық барып тірелмен -
Таңдаған бағыт, жолдарым.
Сезеді-ау, ішкі дүнием,
Алланың жалғыз қолдарын.

Теңізге бірде шығармын,
Жүзгенім әзір... Ақ Жайық.
Теңізде керек, тек кеме,
Жарамсыз оған жел-қайық.

Гурьев, ақпан

ЖҰЛДЫЗДЫ ТҮНДЕ ҚУАНАМ


Күнді сүйген адаммын,
От боп, содан, жанамын.
Суда жүзген баламын,
Жұтымына бір қанамын.

Жайлауда туған ұл едім,
Далада - жарты жүрегім.
Тәрбие-тәлім: тірегім,
Жолымен әділ - жүремін.

Ісімді алшақ қылмадым,
Сараңдау уәде, сөзімнен.
Біреуге шалу қоймадым,
Озса да, басып - өзімнен.

Үлкендер берді көп бата,
Сонымен бәлкім, көгерем.





Еркек болып жаралдым,
Салғанын Құдай, көтерем.

Жұлдызды түнде қуанам,
Жарқырап тұрса құс жолы.
Жабырқап лезде жұбанам,
Жылулы болса, дос - қолы.

Гурьев, наурыз

ҚИЯЛ


Бал ерніңнен бір сүйсем,
Құмарым - соған қанар ма?
Ол сүйгенім ұшқын боп,
«Махаббат оты» жанар ма?

Орманда қалың, адассак,
Қай жаққа бағыт аламыз?
Таптырмаса - қажет жол,
Қалайша, сонда қаламыз?

Адасқанның алды - күз,
Ақыл мен естен - танбайық.
«Сабыр түбі - сары алтын»,
«Бір сәттік» боп, жанбайық.

Алау да мәңгі лауламас,
Өшер де, қызыл - шоқ болар.
Шоқ айналап, күлге - боз,
Ұрғанында жел - жоқ болар.

Гурьев, наурыз





НАУРЫЗ

Оянып, дала наурызда,
Жетті ме, көктем, сағынғам.
Сан түрлі сазды әуенмен,
Құстарды көрсем - ағылған.

Бұлттар анау, жөңкілген,
Өзгерер аспан - түрленіп.
Жердің беті бусанған,
Күн шыққанда - үрленіп.

Гурьев, наурыз

АЙ-АЙ...


Жер дегенің - дөңгелек,
Доп тәрізді... жұмыр-ай.
Тәттісі де, ащысы -
Жанға қымбат ғұмыр-ай.

Ағысы қатты болса да,
Тасқын су да - тұнар-ай.
Ата болған қарттар да,
Қыздарға жас, құмар-ай.

Гурьев, наурыз

ШАШУЫМ БАР...

Шашуымды шығарам, шашылмаған,
Қазынам бар, қойнымда - ашылмаған.



Отан үшін ант бергем, он сегізде,
Серттен шығу, жігіттер, асыл - маған!

Өлеңім көп, еш жерде - басылмаған,
Күз де қыс - кейбір сәтте, жасыл маған.
Қотыр жанға ең қиын - бұл өмірде,
Қышындырған «ет-жара» - қасылмаған.

Көбейгеннен қорқамын, қарсы маған,
Жан едім... жақын-досты қарсылаған.
Бір Алладан сұрайтын тілегім бар -
Қоспай қойсын, әйелге... арсылдаған!

Гурьев, сәуір


БӘСЕН ПҰШЫҚ


Бала кезде естігем - үлкендерден,
Сүрген өмір жерімде, Пұшық Бәсен.
Беті кеміс болғанмен, нағыз дарын,
Жұрт іздеген, ән-күйін: бұзық, әсем.

Даусы бөлек - асыпты, екі қырдан,
Тартады екен, домбыра, артқа ұстап.
Мергендігі кем соқпай аңшылардан,
Көзін байлап атқан оқ, құсты тұстап.

...Тылсым күштің о ғажап, құдыреті,
Сол Бәсенді, көргенмін, түсімде мен.
Таныс емес адамды білем - қайдан,
Бастапқыда, бұл жайды - түсінбегем.

Той тәрізді... көп халық жиналыпты,
Бес-алтауы киіз үйдің - қонған қатар.





Ән естiлдi, домбыра - күмбiр қағып,
Тұсы едi, күрең қызыл, Күннiң батар.

Салып отыр, әндерiн төрде - жiгiт,
Сығалаймын, жармасып - керегеден.
Түрiк танау, жүдеу бет, қияқ мұртты,
Көрген жан қызығатын, керiм демен.


«Атандым бала кезден Бәсен Пұшық,
Кетiптi, бiр танауым - аспанға ұшып!
Сонда да, санамаймын, кем өзiмдi,
Жабылып, аймалаған, қыздар құшып!

Сол танауды - iздедiм, жаһан кезiп,
«Иiс бiлмес» демендер, жетем - сезiп.
Бар мәселе, жiгiттер, танауда емес,
Қыз-келiншек кетпеген - менен безiп.

Алланың iсi шығар, болдым пұшық,
Бiр шықпады, ауызыма - жара, ұшық.
Тұзды салып, келтiрем, дәмiн ылғи,
Бара жатса, кейде егер... өмiр тұшып.

Еркесi күм мен қатқыл - Бәсен едiм,
Жиырма беске келгемше - бәсен едiм.
Қырық жастан асқасын, қайтем ендi,
Кәрi қызды қойынға ап: «әсем» дедiм.

Бiрде жақын, бiрде алыс, жайлау төрi,
Адам болып жортатын мен де - «бөрi».
Айдархан мен Үйшiкке бару үшiн,
Ауылнайдың жарайды-ау басқан мөрi.



Ақын жанын түсінер - жандар қайда,
Қандырсыншы, сұлулар қымыз, шайға.
Теңемеңдер, ей, халқым, қаңғыбасқа,
Көне салар, төр шықпай, төмен жайға!»

Осы әнмен, атып тұрып, таң алдында,
Жалма-жан, ақ паракқа - алдым жазып.
Пұшық Бәсен - туралы шыққан өлең -
Өткен кезге, болсыншы, қаққан қазық...

Гурьев, сәуір

ЕКЕН - «БӨЗ»...

Қозғаған жел.. бұрымды,
Бойжеткен маған бұрылды.
Қалды ойлап, байғұс қыз:
Ұнатты-ау - жігіт, ұрынды...

Тиісіп оған қайтемін,
Өзгенің жұтам - бал демін.
Жүрекке түссе, от-жара,
Доғдырға бар да, ал - емін.

Арбай берді шоқты көз,
Дәметті, менен - тәтті сөз...
Байқағаным, бойжеткен -
Емес көркем, екен - «бөз»...

Гурьев, сәуір



ТҮНГІ ДҮРБЕЛЕН

Соңғы күні мамырдың,
Өкілдер жетті жайлауға.
Тапсырма берген облыс:
Жинауға ақпар сайлауға.

Шопанның түсті үйіне,
Кештетіп келіп қонақтар.
Ішілді шіркін, молынан,
Арақ, шарап, коньяктар...


Қазан толы асылды,
Сойылған жаңа, қой еті.
Өкілдің бірі - әйел-ді,
Отызды берер, сой-беті.

Ұйқы жеңіп, масаңдау,
Құлаған... әйел - төсекке.
Білсін қайдан, ол сорлы,
Қаларын, сол түн өсекке...

Даланы қалап, дәрігер:
Төрт ағашты - ұрғызып,
Жалғыз өзі жатқан-ды,
Мата-шатыр, құрғызып.

Қырыққа келген кәрі қыз-
Қосағын таппай зарыққан.
Арманы болған нәресте,
Сол ой-ды, оны - арытқан.

Ілінген көзі, зілдей боп,
Еркекке, әбден, тарыққан.



Ұйқыға төтті берілген,
Құтылып ішкі - жарықтан.

...Жағасы екен өзеннің,
Ағаштар қалың - тиіп тұр.
Солардың бергі шетінде,
Жап-жас жігіт... сиіп тұр!


Қолын бұлғап шақырған,
Секіріп-ақ жетті - қасына.
Бұйра шашты, алаң көз,
Қарағысы жоқ... жасына...

Қысқалау болды сөздері,
Бейтаныс балғын түсінді.
Шешкенде түгел киімін,
Көрді ғой, керім, мүсінді.

Көздерін жұмды бұл екеу,
Еріндер «еріп», жармасты.
Саусақпен саусақ айқасып,
Биледі бойды... «албасты».

Сүйгенде жігіт - анардан,
Қорғасын болып балқыды.
Жүзгендей боп Жайықта,
Өректіп жүрек... шалқыды.

Бейтаныс өзі... епті екен,
Лыпаны «алған» тісімен.
Есінен танған дәрігер,
Ләззатты татты, «ісінен».



Кеткесін деңе тым қызып,
Ашқан-ды, сонда, ол көзін.
«Түсінде емес, өңінде -
«Жасап» жатыр, кім өзін?!»

Қалған сипап - басынан,
Емес бұйра!!! Тап-тақыр!!!
Шошып кетіп, кәрі қыз,
«Ойбай» салып, ал, бақыр.


Атып тұрып үстінен,
Тұра қашты - бейтаныс.
Сүрініп жаман құлады,
Аяғын басып, ол шалыс.

Мұны көріп, зорланған,
Қыз да дереу жеткен-ді.
«Тұрмасын» деп әлгіні,
Аяқпен іштен тепкен-ді.

Білейін деп, төнді кеп,
Ұрланып өзін - «еткенді».
Ұстай алды, жүрегін,
Көріп: шалды, «кепкенді».

Айқайын естіп, дәрігер,
Жарыса жетті - адамдар.
Мұндайды кім ойлаған:
«Әкесі шопан, арандар».

Жетпістегі бұл шалың,
Болып шықты сұм-залым:
-Сыбырлап өзі шақырған,
Ауырған деңе - от-жалын,



Сипалап басын отыр ем,
Ышқына шықты жаман дем.
Кеудемнен тепті - аяқпен,
Үшкіріп қалғам... жасап ем...

Өкіл-қыз қалды, булығып,
«Жасадың» - қалай айтады?
Абыройын төгіп, етектең,
Жер болып Орал, қайтады?...

Жетпісің кетті, кутыңдап,
Үй сыртынан - тың тыңдап.
Көз алдында - «тәтті» сәт,
Қылғаны қызды, митыңдап.


Гурьев, маусым

ПАЦАЕВ ЕСКЕРТКІШІ

Сырылып түсті жамылғы,
Жарқ етті күнге кең маңдай.
Құйылған қола, жас мүсін,
Жинадың елді, сен - қандай.

Анаң байғұс егілді,
Жанарын жауып - ақ тұман.
Есіңе бөлкім алды ма,
Ұмытылмас күнді сен туған.

Жарың құшақ гүл қойды,
Жүрегін қақтап - жалынға.
Бес космонавт - кіл досың,
Бастарын иді-ау, жаныңда.



Ағып түстің көгімнен,
«Ақ иық сұңқар» - жерлесім.
Ұшпайсың енді сен қайта,
Сыпырып Жердің - пердесін.

Отаным Батыр ұлына,
Орнатты бүгін - ескерткіш.
Гүл қойып ертең жатар ел,
Құрметпен келіп, ерте-кеш.

Ақтөбе, маусым

МУСА МЕН АЙБИКЕ ҮЙЛЕНГЕНДЕ

Ат сабылтып, жеттім мен - Ақтөбеге,
Тойы өтпекші, Мусаның, көпке өнеге.
Серік жиен жанымда, ол да келген,
Тілектеспін, жан-құрдас, дөп - бөлеге.

Айбикесі - білем шаш, көркем екен,
Жеңіл мінез қыз емес, жүрген секең.
Ақтөбеде қалмасын, қос дәрігер -
Гурьевіме керек-ті, құт-жол - мекен.

Ақтөбе, маусым

ТАНЫСҚАМ...

Екі-ақ күн болған қаладан,
Барам-ай, кетіп - таң атпай.
«Пацаев» атты алаңнан,
Өткенмін... жаңа... алақтай.

Таныскам кеше арумен,
Маңында алаң - тұратын.
-АГМИ-да оқимын,
Гүлім, - деген, ол - атын.

Сұңғақ бойлы сұлу қыз,
Жүректі билеп алған-ды.
Нәркес жанар, қиғаш қас,
Көңілде мәңгі қалған-ды.

Емтихан болып ауылда,
Жөнеліп барам - асығыс.
Жетермін, Гүлім аруға,
Алыс демей... жазы-қыс...

Ақтөбе, маусым


ТҮНГІ НӨСЕР

Кешке дейін, бұлт көрместен - жүргенбіз,
Керегенің киізін - «белдеу-арқан» түргенбіз.
Құйды келіп түнімен, ысылдаған ақ нөсер,
Көрінбеген ертесін, машина-жаяу жүрген із.

Жердің беті - телегей, теңіз басып кеткендей,
Қияндағы көк Каспий, лықсып Индер жеткендей.
Үйдің іші қалқыған, алаша-киіз - жүр жүзіп,
Қазандыққа - су толған, аш қалдырмақ, еткендей.

Сымды қора - панасыз, қой-ешкілер бүріскен,
Төбет иттер тым-тырыс, дыбыстар жоқ - үріскен.
Сайда қалған жүкті арба, көрінбейді белінен,
Ерсіз аттар түр сылбыр, шаршаған да - жүрістен.

446772 ас



Малдар шықпай өріске, жатыр бәрі «қамалып»,
Шопан жігіт ызалы, шаруаға - шаруа жамалып.
Күннің көзі көрінгей, кара бұлттар - сейілсін,
Түс әлеті - тас-түнек, жүрсін дей ме, шам алып?

Индер, маусым

ХАМИТ ЕРҒАЛИЕВҚА

Алпысқа келіп қапты-ау, Хама-ағам,
Одан мықты, көрмешпін, бар Тамадан.
Әбдіжәміл ап кетті - үлкен сыйлық*,
Айта алмаймын: Хамаңа ол қалмаған.

Юбилярға арнадым, өлең жолын,
Біліп болған жерлеспін: оңын, солын.
Елуінде салғанмын - портретін,
Бояулап, ақ кәңпеті - қыл мен қолым.

Көшекөв, оны апарып тапсырған-ды,
Ағасын құшаққа алып, қапсырған-ды.
Орденді - кандидат қып, Еңбек Ерге,
Димекен - кеуде тұсқа жапсырған-ды.

Алпыс жас - Ерғалиевқа, асу емес,
Сексен кеп секіреді, демен - «елес».
Ақынға, үш жүз бірдей басты иген,
Жетпісі - орта жолда, жатқан белес.

*СССР Мемлекеттік сыйлығы

Гурьев, шілде



ТҮН

Қараңғы түн,
Ай да жоқ -
Кербезденіп көк жүзінде қалқыған.
Жұлдыздар жоқ,
Жымыңдасып,
Самала боп, салтанатпен шалқыған.

Қара түнек,
Қара бура -
Шудасымен, ұзын шұбақ, шөгілген.
Сипалаймын,
Тисе қолым,
Қыз шашына - тобығына төгілген...

Қара түнде,
Ақ та - қара,
Айырмаймын, тас соқырмын - сүрінген.
Құстың жолын,
Көрсем шіркін,
Киізүйдің түндігінен - түрілген.

Өтеді түн,
Қап-қараңғы,
Уақыты оның шектелінген - санаулы.
Шығады Күн,
Арайланып,
Өртенгедей, көкжиек түгел - алаулы.

Гурьев, мамыр



МАХАББАТ ЖОЛЫ

Сұрадым сені білер деп:
Арайлап атқан таңдардан,
Досым санап жүретін,
Ақпейіл жайлы жандардан.

Іздедім сені табам деп:
Гүл оранған қырлардан,
Өзім сүйіп оқитын,
Ақын жазған жырлардан.

«Білем» деп біреу айтпады,
Іздеумен, әбден, сандалдым.
Махаббат жолы қиын-ды,
Жанды беріп, жанды алдым.

Гурьев, шілде

БІР ҚЫЗҒА

Тал бойыңды теңедім,
Қырдың қызыл гүліне.
Дауысыңды деп едім:
Бұлбұл құстың үні ме?

Көк көйлегің толқыған,
Аққу, қаздың - көлі ме?..
Матап мені тұсаман,
Махаббаттың «шөліне»!

Гурьев, шілде



«МАХАББАТ БАҒЫНДА»

Жүрегім, қуан сен, жалында,
Отыр ғой, сүйгенім жанымда.
Қараймын, тұр әне, күлімдеп,
Жұлдыздар, төбеден Айым да.

Отырмыз «Махаббат бағында»,
Сүйіскен ғашықтар «тағында».
Қысқа түн қиылып, қоштасып,
Арайлап, саз берер, таңым да...

Гурьев, шілде

РЕНІШ

Алдадым, қу айланы асырдым деп,
Масаттанып жүрсің бе, мазақ етіп?
Түлкі болып сенің де шыққаныңа -
Таң қалумен отырмың, мазам кетіп.

Өкінем бе, мен сенен «алдандым» деп,
«Алданғаның дұрыс» дейд, аяндар кеп.
Шым-шым батып жанымды қинағаны,
Ар-ожданнан - айрылып, қалғаның тек!

Сенім - басты қаруым, абыройым,
Тереңімде - пәк сезім, жатыр, ойым.
Сенімімді жоғалтпай өмір кешсем,
Әрбір күнім - ақ-адал, болар тойым.

Гурьев, тамыз



КАСПИЙ

Біз келеміз, айдында - теңіз толқып,
Адамбыз ғой, үреймен кейде қорқып.
Каспийді көргенінде, не деді екен,
Жарты әлемді шарлаған Ата Қорқыт?

Толқынмен жылжиды кеме қалқып,
Жан-жағымыз шағала - ұшқан шалқып.
Достарыңмен теңізге шығып көрші,
Мас боласың, тылсыммен дең балқып.

Теңіз жатыр, заңғармен тұтас болып,
Еділ, Жайық - қойсын ба, лықа толып.
Нар қамысты аралдан талып жетті,
Қобыз үні Қорқыттың - ызың... солып.

Түрлі балық шоршиды, аспан атып,
Бұл қызықты - білмеппін, үйде жатып.
Бал татыған балықтың ақ сорпасын,
Көріңіздер, теңіз шығып, дәмін татып.

Дәу толқындар келмесін, көкке шапшып,
Болғанмен де, құтқарар - «сары қапшық».
Теңіз ащы, өмірің - одан да ащы,
Қалмасын тек, о достар, көңілің апшып...

Гурьев, тамыз



СЕЗІМ

Сағынған сезім,
Сарғайған кезім,
Мазасыз күндер тізбегі.
Жайлап ап бойды,
Сейілмей қойды,
Әлдебір ойлар іздері.

Тарта ма, көзім,
Таусылды-ау, төзім,
Көңілім тыным таппайды.
Болса да сұлу,
Бойында жылу,
Өзіңнен басқа жақпайды.


Өмірлік күнім,
Өзіңсің Гүлім,
Жанымның жарқын көктемі.
Жарқырап тұршы,
Салтанат құршы,
Жұлдызым болып көктегі.

Гурьев, қыркүйек

СӘБИ ӨМІР

Қырда туып, қырда өстім,
Ұлымын мен - шопанның.
Үлгердім көріп шетелді,
Ыстығын ұғып, Отанның.

Ұмтылмас мәңгі есімде,
Балдан да тәтті балалық.



Қозы баққан бала едім –
Атандым бүгін қалалық.

Сәби өмір, пәк сезім -
Сағынам сені - кейде мен.
Мандайдан ұрып алалық,
Аязға шықтым жейдемен.

Үскірік суық дөңемді,
Аямай, пістеп, қарыды.
Өмірдің көріп аласын,
Көңілім жастай арыды.

Гурьев, қазан


«ЕСКЕКСІЗ ҚАЙЫҚ»

Болмаса да, Айдай сұлу, әйгілі,
Келін түсті - аулымызға, келісті.
Күйеуі оның шөпір еді, көрілеу,
«Жас иісі» - қателіктеу, теріс-гі.

Әйел-еркек, таң қалысып жүргесін,
Осы сөздер кеткен кеулеп, ауылды.
Табылмады, басу айтар - бір адам,
Арты оның соқтырған-ды дауылды.

Екі мүшел, жастау болу - қиын-ды:
Ұрғашы-еркек түгелімен қызғанып,
Өсектелді, жігіттерге - «телініп»,
Кәрі күйеу - шыға келген сызданып.

Біз, балалар, түсінбедік, ол жайды,
Үлкендердің ара-жігі - жұмбақ-ты...



Бірақ біздер, ол келінді құрметтеп,
Санағанбыз, асыл жанға, қымбатты.

Жігіттердің үйленгенін, бойдағын,
Сылқым келін, қойған еді, телміртіп.
Бір көруге, оған құмар, кей еркек -
Байтал мініп, тұра шапқан желдіртіп.


Күн ыстықта шомылғанға не жетсін,
Келіншек те, бірде барған - Жайыққа.
Сыпырылды үстіндегі шыт көйлек,
Шешінгені... жас келінге - айып па?!

Тұрып қалдық, ауызды ашып, бәріміз,
Аппақ деңе, «мәрмәр мүсін», керемет!
Қойып кетті - жар басынан өзенге,
Сол бір тұсы, бойлатпайтын, терең ед!

Сүңгиді екен, үйректерше, артымен,
Жүзіп берген, түрлі әдіске, салып ол
Ақ балықтай шоршығаны - әдемі,
Риза болып, кейбіреулер - соқты қол

Көрмей қойдық, бұдан кейін - өзеннен,
Тыйым салды-ау, шалы оның, қызғанып.
Шаңырағы «жас семья» шайқалған,
Соңғы апталар, жүрген олар - сызданып.

...Кештеу еді, Күн қызуы басылған,
Асыр салып жүрген едік - Жайықта.
Жас келінді байқап қалдық бәріміз,
Мініп апты, шұрық тесік - қайыққа!



Жеткеннен соң, қатты ағысты ортаға,
Лақтырды ол – ескектерді жан-жаққа!
Көріп мына, болып жатқан сұмдықты,
Жүгірді ой, түсініп болмас, сан-саққа...

Төрт-бес бала - жүзіп бердік, қайыққа,
Біз жеткенше - батып болған, ол бірақ!
Жалғыз мақсат - құтқару тек, құтқару,
Көп періште - ұшырса екен, бір пырақ!

Сүңгудеміз, су астынан - оны іздеп,
Демі бітсе... Тоқтар жүрек! Өлді де!..
Таптық! Тартып дереу - шығардық,
Еңіреді, есі кіріп, айналаны көрді де.

...Ай өткенде, ұшты-күйлі жоғалды,
Жап-жас келін, сөзге қалған - келісті.
Біле алмаған, анық-жайды бір адам,
Күйеу-шалмен - келіспестей керісті?..

Ұқсатқанмын - ескегі жоқ қайыққа,
Ошары жоқ. Қалқып қайда, кетті екен?
Іздеп оны, келмеді ешкім, біз жаққа,
Тапты-ау сірә... Өзге жерден бір мекен...

Жетім еді, «бала үйінде» өскен ол,
Көре алмаған, ата-ананың - мейірін.
Деген өсек: «Аяғы ауыр біреуден»,
Алаңдатқан... Ауылдастың кейбірін.

...Күйеуі оның, көшіп кетті ауылдан,
Осылайша, күйреткен-ді, сұм - өсек.
Ертесіне, көрген дейді, бір адам -
Өртенгенін, үй сыртында, құс-төсек...

Гурьев, маусым



СЫНҒАН АЙНА

Сен еңіріп жыладың, мен де бірге - жыладым,
Бір уақытта, сәулешім, қиылып менен сұрадың:
«Жамап берші, өтінем, қираған шар айнамды»,
Отыра қалып, қайтейің, түнімен оны - құрадым.

Быт-шыт сынған айнаны, құрамайды, білемін,
Қалай одан бас тартам, қымбат-ты, сенің тілегің.
Ертеңгі кеш көргенім: артық-ты, одан - өлгенім,
Асылумен, тұрды ғой... мойынға бөтен - білегің!

Гурьев, қазан


СҰЛУ ТАҒДЫРЫ

Болған еді, ортамызда сұлу қыз,
Айдай көркі - бар жігітті қаратқан.
Бір міні жоқ, денесінде, жүзінде,
Қалай ғана, ерекше етіп жаратқан?

Ол көрінсе, мырысатын, кәс болып,
Сұлу деген, «ханша» қыздың өздері.
Сол аруға - ұрғашы-еркек, көз тігіп,
«Ішіп, жейтін», мәр мүсінді, көздері.

Іштей қарсы бұл сұлуға өзге қыз,
Қызғанатын, жігіттерін, жағалай.
Соның бәрін сезіп ана қу «пері»,
Еркектерге жабысатын: «ағалай».

Ішімізде бір-ақ жігіт - басы бос,
Жан-тәнімен, ғашық оған, білгенбіз.



«Пері» алдында үнсіздігі ыза қып,
Оңашада, «қамшылаумен» тілгенбіз.

Ерке тотай, жүрді оны, мәнсінбей,
Жер қылатын - өзгелердің көзінше.
Сүйгені үшін салып ылғи, түрліге,
Кердең қағып, болатын-ды, өзінше.


...Көрдім бірде, ресторанда сұлуды,
Масаң өзі, қасында бар - көрі «ағай».
Мені байқап, шақырғасын жанына,
Барып едім: «Ал, ішейік, кел дабай»,-

Деді дағы, қағып салды, көз жұмып,
Төрт-бес рюмке, лықа толы - арақты.
Ашуланып, қабақ шытты «ағасы»:
-Қушы кейін, «қарындағы талақты»!

Көп кешікпей, қызды сүйрей жөнелді,
Хас сұлуымыз болып шықты бейшара.
Жетегінде кете барды, «емпендеп»,
Жасай алмай - бір қарсылық, еш шара.

Одан кейін көрдім тағы - басқамен,
Біздің жігіт - естен танған, сүйетін.
«Көбелектің» көбейген-ді «жүрісі»,
Сезетінмін, жақын күнін, «күйетін».

Көрінбей қап, көзімізге - бір жылдай,
Қайта оралған, Айдай болып - ортаға.
Досымызға - қалыпты енді жабысып,
Асқақ емес... қойдай жуас!.. О, тоба!..



Қыздар айтты: «Тегін емес, келісі,
Үш-төрт айлық баласы бар ішінде».
Естіп мұны, кеттім аяп, досымды,
Отырған-ды, бақытқа мас - пішінде.

«Екіқабат» өзге адамнан болса егер,
Қалай ғана... әйел болмақ - досыма?!
Көргенімді - тіс жармағам, ешкімге,
«Құрдым етер» опасыздық - осы ма?

Мүмкін, бөлкім, аяғы ауыр - досымнан,
Қонымды ой-ды, айрылмайын, осымнан.
Ал.. өзгенің, бойына алса... ұрпағын,
Құтылу керек! Жолын тауып, тосыннан!


Сену керек, сенім қажет - адамға,
Айналармыз... біз де ертең, арамға.
Айдай сұлу - келген екен тәубеге,
Толсын орта, жорымайық, харамға.

Гурьев, қараша

БАҚЫТ

Бақытыма мас болып, бас айналып,
Ақтөбеге келгендей, жаз - айналып.
Жалғыз өзім келемін, таң алдында,
Көше бойы би билеп, шыр айналып.

Сары аязды - қақаған елемеймін,
Шат көңілге мас болып, елеңдеймін.
Сүйген қызды көз жұмып, елестетіп,
Кеш түскесін, тағы да, келем деймін.



«Пері» алдында үнсіздігі ыза қып,
Оңашада, «қамшылаумен» тілгенбіз.

Ерке тотай, жүрді оны, менсінбей,
Жер қылатын - өзгелердің көзінше.
Сүйгені үшін салып ылғи, түрліге,
Кердең қағып, болатын-ды, өзінше.


...Көрдім бірде, ресторанда сұлуды,
Масаң өзі, қасында бар - көрі «ағай».
Мені байқап, шақырғасын жанына,
Барып едім: «Ал, ішейік, кел дабай»,-

Деді дағы, қағып салды, көз жұмып,
Төрт-бес рюмке, лықа толы - арақты.
Ашуланып, қабақ шытты «ағасы»:
-Қушы кейін, «қарындағы талақты»!

Көп кешікпей, қызды сүйрей жөнелді,
Хас сұлуымыз болып шықты бейшара.
Жетегінде кете барды, «емпеңдеп»,
Жасай алмай - бір қарсылық, еш шара.

Одан кейін көрдім тағы - басқамең,
Біздің жігіт - естен танған, сүйетін.
«Көбелектің» көбейгенді «жүрісі»,
Сезетінмін, жақын күнін, «күйетін».

Көрінбей қап, көзімізге - бір жылдай,
Қайта оралған, Айдай болып - ортаға.
Досымызға - қалыпты енді жабысып,
Асқақ емес... қойдай жуас!.. О, тоба!..



Қыздар айтты: «Тегін емес, келісі,
Үш-төрт айлық баласы бар ішінде».
Естіп мұны, кеттім аяп, досымды,
Отырған-ды, бақытқа мас - пішінде.

«Екіқабат» өзге адамнан болса егер,
Қалай ғана... әйел болмақ - досыма?!
Көргенімді - тіс жармағам, ешкімге,
«Құрдым етер» опасыздық - осы ма?

Мүмкін, бөлкім, аяғы ауыр - досымнан,
Қонымды ой-ды, айрылмайын, осымнан.
Ал.. өзгенің, бойына алса... ұрпағын,
Құтылу керек! Жолын тауып, тосыннан!

Сену керек, сенім қажет - адамға,
Айналармыз... біз де ертең, арамға.
Айдай сұлу - келген екен тәубеге,
Толсын орта, жорымайық, харамға.

Гурьев, қараша

БАҚЫТ

Бақытыма мас болып, бас айналып,
Ақтөбеге келгендей, жаз - айналып.
Жалғыз өзім келемін, таң алдында,
Кеше бойы би билеп, шыр айналып.

Сары аязды - қақаған елемеймін,
Шат көңілге мас болып, елендеймін.
Сүйген қызды көз жұмып, елестетіп,
Кеш түскесін, тағы да, келем деймін.



Шам асынған бағандар мөз болысып,
Қырау шалған теректер тұр толысып.
Суық торғай тек қана, қозғалмайды,
Бейшаралар бүріскен, кіл - тоңысып...

Ақтөбе, желтоқсан

ӨҢІМ, ӘЛДЕ...

Жұпар иіс төсінді,
Сенің мына - ақ мамық,
Өңім, әлде түсім бе -
Жатырғаным жастанып?

Дір-дір етіп анарың,
Үркіп жаным, қарадың.
Жас іркілген жанарың -
Пәктігіңнен - хабарың?

Неден сонша, қорықтың,
Гүлдеп тұрып, торықтың?
Мәңгі керек - махаббат,
Бір-ақ түнде... зорықтың...

Гурьев, қаңтар

МОҢҒОЛИЯ

Оңашада отырсам, кейде кеште,
Моңғолия... еріксіз, түседі - еске.
Оралғамда ол елден, туған бала,
Осы жазда толады-ау, тура беске.
Көрем жиі түсімде, сол бір елді,
Жаңарыпты астана, деймін: керім.
Казармалар тұр ма екен, баяғыша,
Екі жылды өткізген жайлы жерім.

Былтыр келген Цеденбал алпысына,
Бөлей бергей, бар халық - алғысына.
Қайта барып Уланға, он бес жылда,
Түсіп көрсем, моңғолдар талқысына.

Гурьев, қаңтар

ДОСТАР

Жетіге биыл толатын,
Жемдейтін өзі торыатын,
Берді деген - ержеткен,
Ауырып қалды кенеттен.

Түске таман дүрлігіп,
«Орталыққа» - жүгіріп,
Болып қатты әбігер,
Шақырдық біз, дәрігер.


Ақ халатты ақ апай:
-Қар жегеннен балақай,
Салқын тиген,- деді де,
Еккен-ді, дәрі - Бердіге.

-Қарды бірге жегенмін,
Адал доспын дегенмін,
Торы атты да егіңіз!-
Деп жылады - Бердіміз.

Гурьев, қаңтар

ҚИНАСА, КЕЙДЕ ТІРШІЛІК

Қинаса, кейде тіршілік,
Сүйенер жанды іздейсің.



Шықпаса да ондайлар,
Күдерді бірақ - үзбейсің.

Ақ-адал деген достарың,
Сынды сәтте, жалт бермес.
Бақайдан қағып бір күні,
Сырттан - өсек, сөз термес.

Мен қорқамын, қашамын:
Өтірік те, өсек - сөздерден,
Тұңғыық келер бой жетпес,
Шүңгіл де, суық көздерден.

Гурьев, наурыз

БІР ТЕКТЕС БӘРІ...


Оянып кетем таң атпай,
Құйрығын кесіп түндердің.
Білмеймін, нені аңсаймын,
Бір тектес, бәрі - күндердің.

Жиырма бес қақты есікті,
«Бозбала енді, жоқ» деймін.
Еселі еңбек - маған шарт,
Зейнетін ертең, мен жеймін.

Гурьев, наурыз

ҚҰРДАСТАРЫМ ҮЙ БОЛҒАН

Жазып өлең, қуып қиял, нұрлы таңды атырам,
Ай, жұлдызды жымындаған, түнмен бірге батырам.



Өлеңімді прозаммен - қалдырсам және суретті,
О, Аллам... айтшы маған, өзгеден несі - «қатырам»?

Құштым көпшік, жатып жалғыз, мен - бойдақ,
Уайым қуып жүргем жоқ, жаспын әлі, оны ойлап.
Енді менен дәметеді - сезеді оны, «сарайым»,
Құрдастарым үй болған, бітіре келдік, кіл тойлап.

Гурьев, наурыз

КӨҢІЛ

Жаңа бір сурет салмаққа,
Алғам-ды, қалам қолыма.
Көңілім кенет бұзылды,
Түстің сен, тағы... ойыма.


Тастап бәрін, ой қуып,
Кеттім - кезіп, жағаны.
Алаңы жоқ Ақ Жайық,
Сылдырап қана ағады.

Өзіңнен күтіп хат-хабар,
Тыным кетіп, сенделдім.
Оңаша қалсам бір сәтке,
Көз алдыма - сен келдің.

Гурьев, сәуір

ЖИЫРМА БЕСІМ

Жиырма бес мына жасымда,
Дүниені біліп үлгердім,



Өмірдің дені - алалық.
Бармақты талай шайнадым,
Сенгеннен істеп - шалалық.

Ширек ғасыр ғұмырда,
Не тындырдым, не қойдым,
Өтті қанша, ай - босқа?
Түбінде жүрмін көп ойдың,
Сырымды ашам - қай досқа?


Бүгін толған жиырма бес,
Үлкендер үшін «қайран жас»,
Қадірін - кейін білермін.
Атаман мені – «сүр бойдақ»,
Сұлудың бірін - ілермін.

Думанды, дауыл - жас өмір,
Ғұмырым өтті-ау үштен бір,
Кемесінде өмір - жүзумен.
Аларым - алдан көп болсын,
Қорқамын... күдер үзуден...

Гурьев, мамыр

ДӘРІГЕР ҚЫЗ...

Ғашық еді, бір жігіт,
Дәрігер қызға - аруға.
Ылғи сылтау іздеді,
Алдына оның баруға.
Тыңдатты оған жүрегін,
Ұғар деп өзі... жан сырын.
Жаттап алып, айтатын,
Тұманбайдың сан жырын.



Көп келгені - жігіттің,
Ойлантқан сірә, ол қызды.
«Келмесін» деп біржола,
Ғашық жанды, қор қылды.

Сағынып тағы келгенде,
-Түсір,- деді, -дамбалды.
Түсінбеген... бұл сөзге:
Біздің құрдас - аңғал-ды.


Оқтай сұмдық бұйрығы,
Жігіт байғұс - сандалды.
Медбикештің көзінше,
Дәрігер қыз жанды алды.

Кетті терлеп «пациент»,
Тайып тұрса – ұят-тағы...
Доғдырлардың әдеті-ай,
Жалаңбұттап – ұялтпағы.

Жедел ойлап, шешті ол,
Амалды басқа, таппаған.
Атой сап шықты қасасы,
Рахмет, оған - жатпаған!

Дәрігер мен медбикеш,
Мына жайды - күтпеген.
Көздері болып шарадай,
Еріксізден: «кет!» деген.

Жіберіп қате, дәрігер,
Күйзеліп жаны қиналды.
Билеп бойын өкініш,
Жігіт те, кері - жиналды.



Сүйгенге енді келмейді,
Кездесу болды, соңғы рет.
Қоштасуға тіл келмей,
Қиналды екеу, жанды бет.

Гурьев, мамыр

ІЗДЕЙ МЕ...

Іздей ме, мені – сұлу қыз,
Сағыныш бөгіп, сарғайып.
Сезбей қойсам, қайтейін,
Болғаны менен - бар айып.


Сүйгенін қыздар айта ма,
Жұмбақ-ты олар, тұңғиық.
Қатар отыр бойжеткен,
Қосылса, шіркін, қос иық...

Гурьев, мамыр

АЯН

«Мүшел жас – киелі» деп,
Айтқаның, қарттар, естігем.
Солардың сөзін қуаттап,
Сенбеген жанмен бәс тігем.

Жиырма беске толғамда,
Түсіме енді - «қарт шопан».
Күміс сақал, сәлделі,
Кигені – молдау, ақ шапан.



Отар қойды жайылтып,
Құм шағылдың басында,
Жатыр екен жантайып,
Тазылар құмай, қасында.

Келе жатқам атпен,
Ұшырасып қалдым мен.
Жерге түсіп, қол созып,
Бердім сәлем - алдымен.


Сөйлесіп кеттік біз бірден,
Тұқым мен жөнді сұрасып.
Осы кезде қой-ешкі,
Кетіп қапты-ау, қыр - асып.

-Қайырып мен келейін,
Тұрғанда - түспей тасаға.
Ешкі құрғыр шыдамсыз,
Таланып қалар - масаға...

Атып тұрып орнымнан,
Атыма мінбек - беттегем.
-Бармай-ақ қой, Жұмабай,
Не үшін керек, ит? - деген.

-Тәртіпті керек беремін,
Малдың бәрін қайтарар,-
Деді қартым алаңсыз:
-Иттерім жайлы айта бар.

Тағы кеттік сөйлесіп,
Түсім деп оны айта алман.
Осыны қайта бір көру,
Болар ма кейін, ақ арман?..



-Балам сенің жолыңды,
Аянмен айтып болжайын,
Естір бәлкім, Құдай да,
Тындағын енді, ол жайын.

...Анаң саған үш жаста,
Аруақтыдан - берген сүт.
Ата-бабаң - «күр» емес,
Қонады саған, оны - күт.


Бойыңда бар - бес өнер,
Қосасың тағы соншасын.
Ұнатпайсың сен өзі,
Елдің жалпы моншасын.

Ал, айтамын, аян - мен,
Зерденді қой да, ұғып ал.
Аң шыққанда алдыңнан,
Бата етпеймін: «ұрып ал».

Он екі дейін - балауыз,
Озат боп сабақ оқыпсың.
Таныпты сені жүз адам,
Өнердің бірін тоқыпсың.

Он бесінде - бозбала,
Суретпен алға шығыпсың.
Күшің әлсіз болғанмен,
Ақылмен алты жығыпсың.

Сол он бесте биікті ап,
Білген сені - бес жүз жан.
Ашылып бағың жарыста,
«Алақайлап», соқтың сан.



Уланда - жиырма толғанда,
Адамға үш мың - танылды.
Қиналған сәтте кей қазақ,
Дауа боп жанға - табылды.

Екінші мүшел жасында,
Басқарып жүрсің комбинат.
Үйленуге енді, дайын бол,
Туғызғын бала - қоң жинап.


Орданы бұзар - отызда,
Төменнен қарар – бетеге.
Төрінен орын ұсынар,
Облыстық үлкен мекеме.

Отыз беске келгенде,
Он мың саған қол берер.
Ел аралап шыққанда,
Жаныңа нөкер мол ерер.

Қырық деген - жігітке,
Биіктеу келген жар-қырқа.
Қырқаға сол шыққанда -
Жар салғандай нар-шырқа.

Қаққанда есік қырық бес,
Білетін сені - қырық мың.
Ағасы жігіт болғанмен,
Қөрінерсің, жастай - тың.

Елуінде - сырт елдер,
Шақырады-ау, құрметтеп.
Жүз мың адам жүзінді,
Жатқа білер... Жүкен деп.



Елу бесте кітабың –
Халықта жүрер оқылып.
Ондағы кейбір дүние,
Адамға жетер тоқылып.

Екі жүз мыңдай, сол жаста,
Айтып қалар: «Көш баста!»
Жоғардан орын берілер,
Жиын мен тойда, көп аста.

Алпысты «алып», арқыра,
Қолдағасын - төрт жүз мың.
Аяқтан шалған көп дұшпан,
Жағалай құлар, болып жым.

Алпыс бесте - жұмысты,
Шауып жүріп жасарсың.
Жеті жүз мың басқарып,
Туыстан бүкіл - асарсың.

Миллион адам - елінде,
Жетпісінді елеп, қуанар.
Ұрпағыңның біреуі –
Жолыңды қуып ту алар...

Өмірді алға болжаған,
Есіңе қартты алып жүр.
Жыл – он екі ай ішінде,
Садақанды шалып жүр.

...Осы болды, қылған таң,
Түсіммен келген... бір аян.
Өмірім алда жетерлік,
Жарайды-ау, өтсем сап аян.

Гурьев, мамыр



ЖАҢБЫР

Шаңқылдап, жар салғанда қыран-бүркіт,
Бар қарға - ғайып болды-ау, одан үркіп.
Көбелек - пана таппай, зырыл қақты,
Ақ жаңбыр, басталғанда, жаймен бүркіп.

Саршұнақ шиқыл қағып інде жатты,
Әйелдер - үйді байлап, түндік жапты.
Найзағай, ойнай берген, қайта-қайта,
Тілгілеп, түнек басқан – түстік жақты.

Шаңдақтағы мал біткен тұрып кетті,
Ыстық күл, қазандықта – «бүрк» етті.
Алыстан қылаң берген аппақ тұман –
«Ысылдап», нөсер болып келіп жетті...

Гурьев, маусым

АРМАН

Арман, арман,
Барасың тағы жетелеп,
Жүрмін-ау саған жетем деп.
Қала кездім,
Дала бездім,
Тау шықтым,
Қай жерді жүрсің мекендеп?..

Гурьев, шілде



ҚЫЗ КЕЛЕДІ КӨШЕДЕ...

Қызыл гүлге толтырып кеуде тұсын,
Дидарына қондырып - көктем құсын,
Қыз келеді көшеде – «мені көр» деп,
Туса қызды, қазағым - сендей тусын!

Сызаты жоқ кіршіксіз аппақ мандай,
Арай берген бейне бір, жазғы таңдай.
Қос бұрымы білемдей, тірсекті ұрып,
Қыз келеді... алаңсыз... серуен құрып.


Үзілердей қыпша бел, тұсақ бөксе,
Еріндерден топ-толық, ешпен өпсе...
«Сұлулардың сұлуы – осы!» десем,
Таласуға кім шығады, қолды - кесем.

Жіп-жіңішке белінде – жалпақ белбеу,
Тар мықыннан құлайды, етек - кеңдеу.
Ал балтырлар - жарысқан ақ балықтар,
Көрген еркек көңлінде - ән қалықтар...

Гурьев, шілде

ДОС-ЖІГІТТЕР

Достармен бірге өтер,
Қызықты күндер азайды.
Салқам көңіл көп жігіт,
Тартып жатыр «сазайды».



Қалмастан бәрі әйел ап,
Бастарында бар: «қайғы».
Балаң мінез жігіттер,
Үй болды да «қартайды».

Ықылас ада, қалмаған,
Дос-жігіттер - жабырқау.
Әйел алды, бала бар,
Біткен менде - таңырқау.

Жиырма бесте - сүр бойдақ,
Қылдырған мені – құрдасты,
Қызықтырып тамсантам -
Әйел қып, кіші - он жасты!..


Гурьев, шілде

БОЙЖЕТКЕНГЕ

Жанарың - сыйып тұрған жарты әлем,
Отсыз неге, жоқ жарқыл, тіптен мұңлы?
Сұлуларға жарасапайды - солғындық,
Жүргін дағы, күлім қағып, жұрт кұрлы!

Айтамын-ау, қайтемін, өзің үшін, қарындас,
Қабағың да қатулы, түсіпті төмен салбырап.
Ұқсамашы, қарағым, кексе тартқан әйелге,
Сұлу қыздың бет-жүзі - тұру керек албырап!

Сұрамаймын сырыңды, айтарсың оны өзгеге,
Көре қалсам сұлуды, келеді бергім, қол ұшын.
Ойлай көрме сен жаман, астарынан сыр іздеп,
Ақы сұрап жатпаймын, қарындасым - ол үшін.



Сұлулықты қастерлеп, адам едім - сүйетін,
Әлсіздікті көргенде – жаным жанып, күйетін,
Кезіксе жақсы, бір жерде, теріп оны алатын,
Ойына жиып қажетті, болашақ үшін - түйетін.

Гурьев, тамыз


ӨМІР

Өмір өзі –
Қиқу жарыс,
Біреу озып, алға шыққан өзгеден.
Көпшілігі
Жетпей жүрген,
Межесіне - мақсат қылып көздеген.

Өмір – ағыс,
Кешікпе тек,
Күтіп сені, бір орында - тоспайды.
Өмір – биік,
Тау мен белес,
Ұмтылсаң шын, сонда ғана қостайды.

Өмір және
Қызу тартыс,
Шешуі қиын, шым-шытырық есептер.
Ебін тауып
Биге шығар -
Кейде тіпті, шошқа менен есектер!..

Өмір – думан,
Ойын-күлкі,
Сауық-сайран қуып жүрген адамға.



Бәрі қызық,
Дені сауға,
Бауыры бүтін, бас пен көзі аманға.

Гурьев, қыркүйек

ҚОНАҚ ЖІГІТ

Әлдеқашан, қалған өшіп, ондық шам,
Пысылдайды, ұйқыдағы - барлық жан.
Жігіт жатыр, ірге жақты аңдүмен,
Құртып дымын: кете ме деп, атып таң.

Қарсы іргеде - дала аруы, ақ марал,
Ай сәулесін жіпсіз байлап, керілген.
Жамылғысы сырылыпты аяққа,
Түсі тәтті-ау, құшақ ашып, берілген.

Қонақ жігіт – көз ілмеген, мазасыз,
Қалай кетпек, түз аруын құр баптай.
Аунақшиды, әлсін-әлі тың тыңдап,
Жақындауға, қыз жанына ол батпай.

Жігіт пе өзі, ынжық еді, неткен бұл?
Толған Айдай - шопан қызы өкпелі.
Төңбекшіді, күйіп-жанып, от дене,
Ес тандырған, ләззат сезім - өтпелі?

Құман ұстап, шыққан сыртқа, амалсыз,
Қалт жібермей, жігіт те ерген соңынан.
Ауғасын ғой, қыз «аңсары» - қонаққа,
Тапқаны осы - соны ой тауып, оңынан...

Гурьев, қыркүйек



ТЕЛЕГРАФТА

Ай өтті ғой, естімедім - үніңді,
Бұлт жапқандай, көгімдегі Күнімді.
Небір ойлар түрткілеумен мазалап,
Ұйқы бермей, жаулап алды, түнімді.

Телеграфқа, өткен жолы келмедің,
Неліктенің, Гүлім, бірақ, білмедім.
Содан бері, жүрмін ылғи алаңдап,
Ұзақ түндер кірпік талды, ілмедім.

Келдім тағы, тілдесуге - үмітпен,
Сағат бойы шақыруды - мен күтем.
Дауысыңды қазір, гүлім, естісем,
Көргендей-ақ болар едім, Гурьевтен.

Гурьев, қазан

ӨМІР-СОҚПАҚ

Ұлы едім, ұлттың арманшыл,
Шындарға шыққан - қиялмен.
Өмірдің балғын жастығын,
Қарттыққа - қалай, қиям мен?!

Таппадым - сүрлеу, соқпақты,
Айрылды борбай – жолсызбен.
Ақылын берер достар да аз,
Семьямды құрам, қай қызбен?..

Гурьев, қазан



ҰЛЫ ОКТЯБРЬ МЕН РЕСПУБЛИКА

Түнекте, төңкеріспен, аштық түндік,
Ғайыптанды елімнен күлдық, күндік.
Кешегі, еңіреп жүрген халық едік,
Бақыттан бас айналып, күнде күлдік.

Алпыс жыл, Октябрьдің төңкерісіне,
Алпыс жыл, Жер-Әлемнің өзгерісіне.
Көре алмаған дұшпанның түрі кетіп,
Қалың сүйел шыққан-ды көз-терісіне.

Ресейдің патша, оязы - қанап, қатты,
Тізелер - кеуде тұстан, жаман батты.
Бағыныш өзге ұлтқа – ауыр екен,
Шовинге айта алмаған, қазақ - датты.

Жоғары білімді еді, жиырма үш қазақ,
Алты миллион ұлтыма – тіптен, аз-ақ!
Орыстың оязында тілмаш құрып,
Ылғи да, мұжықтарға болдық – мазақ.

Лениннің кіндік жері – біздің Еділ,
Берген сол, Республика – қазақ, егіл!
Одақтас болған екем, өркендейік,
Уа, ұлтым, тұқым болып түгел себіл!

Жарқырап, қазақ тұрсын, алғы сапта,
Құдайым, Республикамды мәңгі сақта.
Атағын Алашымның шығаратың,
Жандарды – ертең емес, бүгін - бапта!

Гурьев, қазан



СУРЕТШІ «ХИКАЯСЫ»

Таныс жігіт - суретші,
Айтқан-ды, маған, әңгіме:
Басынан бір кез өткерген,
«Қызық» жайды, қиналып,
Тыңдар жанға - мәнді ме?..


Бір сағаттың ішінде,
Қаныққанмын көп жайға:
Кейіпкер үшеу - аяныш,
Қасірет көрдім, кәдімгі,
Емес деймін, ол – «майда».

Тыңдаңыздар, сіздер де,
Суретші жігіт - айтқанын:
Өлең қылып келтірдім,
Қиын да болса өзіме,
Жеткенінше, жайт-халім...

-Кезіктірдім бір тойда,
Ұмытқым келген - адамды.
Әйелден бірақ сұрадым,
Сотталып кеткен «ағамды».

Арада өткен, жеті жыл,
Біртіндеп еске түсірдім.
Жарқылдаған әйелдің,
Көңілін қарып, үсірдім.

Көз алдымда кино боп,
Өтіп жатты... сол бір кез.
Уақытыңды - алмайын,
Қысқартамын, айтып тез.



...Алматы барғам оқуға,
Түсе алмадым - бірақ та.
Қаңғып жүрдім қалада,
Баспана таппай бір апта.

Көрсетті Құдай жәрдемін,
Кездесті бірде жақсы адам.
Жұмысты тауып берді ғой,
Көркемдеуші етіп, ол ағам.


Жатағы жақсы бар екен,
Таптым сөйтіп, баспана.
Осылайша қалдым мен,
Мекенім болып - астана.

Қамқор ағам шатақ-ты,
Ұстаған қолда - жатақты.
Мінез-күшпен алған-ды,
«Барон» деген - «атақты».

Өзінен оның білгенмін,
Кандидат екен - бокстан.
Өлтіріп апты кезінде,
Бір «батырды» - оқыстан.

Төрт жыл түрме отырған,
Сотталғанмен - он жылға.
Ақталса да, кейіннен,
Қиналады әлі, ол «жырға».

Студент қызға үйленген,
Өзінен кіші - мүшел жас...
Келіншегі көркем-ді,
Еркектерден көрген - мас.



Жиырмаға әлі толмаған,
«Қайным» деді жақын қып.
Беретін ылғи сырасын,
«Бирюса» сап - салқын қып.

Лағыл - қойған, есімін,
Атына деймін, көркі сай.
Сөзіне кейде балқумен,
Ұмыт болған, небір жай.


Ақ маралдай керілген,
Келіншек керім, сұлу-ды.
Себебін әттең, білмедім,
Бастапты... ағам – ұруды!

Қызғанады-ау өзгеден,
Естимін, өксік - түнімен.
Жарлас еді бөлмеміз,
Бұзылған ұйқы - үнімен.

Тігісін бірақ білдірмей,
Іштей тынған - жеңгем де.
Сырына оның жете алмай,
Қиналысқа қатты еңгемде,

Басталып кетті оқыс жай,
Адамдар алдын білген бе?
Маған да болды қолайсыз,
Өсекпен жатақ «тілгенде».

Ағам тағы «шаталды»,
Дөкейдің ұрып - баласын.
Соттату үшін олар да,
Жауыпты, небір жаласын.



...Түн ортасы боп қалған,
Есігім – жаймең, қағылды.
Ашқанымда - көрдім мен,
Көмілген жасқа, Лағылды.


Асекең мені шақырған,
Киімді кимей, жөнелдім.
Бөлмесіне бір аттап -
Тұра қалдым... бөгелдім.

Ағай - мүлдем мас екен,
Босатқан «ақтың» екеуін.
Құйды маған - қолымен,
Жұттым, рәмке нешеуін?

Лағыл да ішті бізбенен,
Көзінің жасы көл болып.
Бет-жүзінен байқадым,
Кеткен екен, шер толып.
Асекең ертең - түрмеге,
Кететін бопты, сотталып.
Айтты соны, күрмеліп,
Үш-төрт мәрте, оқталып.

Бұйырды ол - бір кезде:
-Тушь пен ине жеткізгін!
Сосын маған бұрылды:
-Берем саған, Жан, тізгін...

Түсінбедім, түкке мен,
Нәрсені, қандай - айтпақшы?
Үстелге қойған баппенен,
Дәптерден сырды ашпақшы?



-Інім болдың, Жан, менің,
Бауырлар жоқ, жалғызбын.
Таңдағаным - Лағыл ғой,
Бетке ұстары - бар қыздың.


Беріп қалар, төрт-бес жыл,
Мүмкін, бұрын шығармын.
Азамат деген арыммен,
Болсам... аман - шыдармын.

Саған - Лағыл аманат,
Келгемше мен түрмеден.
Қатын етіп алғамша -
Етегін еркек -түрмеген!

Бауырым саған беремін,
Уақытша болсын - әйелің!
Бірақ оны білмесін,
Әкең де шешен... Әй, елің!
Арақты еді - жұтқаным,
Мынаны естіп, шашалдым.
Тұла бойым ағаш боп,
Балталандым, «қашалдым».

Білейін қайдан, мұндайды,
Он сегіз ғой... бар - жасым!
Түбіне ойдың жете алмай,
Кетті ауырып... шар-басым.

-Айналайын, аға-жан, ая - бізді,
Екеуіміз де сүйгенбіз - сөзсіз, сізді!
Ақ жеңгемді, ал демен, әйелдікке,
Таптағанмен бірдей ол, алтын ізді!



Қамқорлайын, аға-еке, пана болып,
Бұл міндетті байлаңыз - мойыныма.
Сүйген жарын ағаның, құрметтеген,
Қалай алам, Құдай-ау... қойыныма?!¹


Түсінбедім түкке мен, енді маспын,
Бұл – ағаның, біздерге - сынағы ма?..
Түрлі саққа жүгірген, басымда ой,
Сенбегендік сыңайда-ау, сыңарына...

Сәні кетті, қайтейін, отырыстың,
Ұрды Асылхан, үстелді, ашуланып.
Шапалағы сарт етті - самайыма,
Не істерімді білмедім, кашу қалып.

-Шешін, Лағыл!!! Сыпыр бәрін!!!
Жаң, саласың - суреттерді, жазуменен!
Алып ұрды әйелін - керуетке,
Жоғалды, бойымдағы у, дереу - менен.
Дәптердің төрт бетімен сурет берді,
Көрген сәтте оларды, қалдым сасып.
Бұйрығын ағайымның орындаймын,
Суретті - тушыпен салып, ине басып.

Суреттері – кімді де шошындырған,
Еркек көті қайда да - пошымды ұрған.
Қайтерімді білмей мен, естен танып,
Ортасында, тар бөлме - тіктен тұрғам.

Ағам кетті, түк көрмей, алас ұрып,
Ішкөйлегін - Лағылдың шешіп алды.
Қарсыласып, ол байғұс, жылап еді,
Ұрғанында төстіктен - бірден талды.



Жатқызғасын әйелін шалқасынан,
Тесіп салдым, біреуін - емшектерге.
Одан кейін ойланып, көрсеткені -
Кіндігінен бір қарыс төмен «жерге».

Дірілдейді қолдарым, епке келмей,
Қос анарын, ұстаймын... аппақ кесе.
Қан аралас ол жақтан «сүті» шықты,
Күп боп іскен, қайтейін, инем - тесе.

Кіндігінен бір қарыс төмен жерді -
Тұрған бүркеп, көкшіл мата - трусиі.
Қарулы қол күшпенен сыпырғанда -
Шыға келген, қап-қара, қыл - «усиі».


Көп қылшықты, қырды дағы, күйеуі,
Инететті... бір «нәрсенің» - сұлбасын.
Келіншектің, ар-намысын тапалап,
Пәлекетше сұққандай-ды, ол «басын».

Аппақ санның керек болып іш жағы,
Жалпақ бұтты, айырды-ау, метр етіп.
Жаутандады, Лағылдың жасты көзі,
Санасына сұмдықтар - меңдеп жетіп.

Кие алмайды, қысқа етек, сұлу - енді,
Екі сүйем, шапқа жетпей, «жазу» бар.
Кеттім аяп, сұлық жатқан байғұсты,
Қарысып қалды, жағым түгел, азулар.

Төртіншісін - салдырды, арқасына,
Түрмедегі «маханның» - өзі дерсің!
Қарауытып көздерім, дәрмен кетті,
Құламайын, Құдайым - қуат берсін.





-Әйелімді алмасаң - «өлдім» дей бер,
Тірі шығам! Түрмеден - білгенің жөн!
Сондықтан да, Жан інім, әкел қолды,
Жалтақтамай, тап қазір, айтқанға көн!


«Азап түнін» кім көрген, осы тектес,
Көнбесіме қоймады-ау... амал нешік?
Ұйқы келген, демалу – қажет бізге,
Серт етістік, үшеуіміз - қолды кесіп...

Ақыры - бұл шатақтың жаман біткен:
«Барон» кетті - сотталып... алты жылға.
Тағдырымның соқпағы, сүріндіріп,
Лағылымен қалдым мен - артта, тылда.

Көшіп бардым, «жұбайлар бөлмесіне»,
Керуеттерді, «біртұтас» - бөлшек еттік.
Уақыт шіркін доңғалақ, зырыл қаққан,
Жарты жылды өткеріп, көктем - жеттік.
Татулықпен тұрдық біз, жеңге-қайны,
Сырт көздерге кәдімгі - «әйел-күйеу».
Жамандықты көрмедік, «шанырақта»,
Өзді-өзіміз болғанбыз - мықты сүйеу.

Шақырылдым әскерге, қалдырмады,
Майдың соңы - аттандым Уфа жаққа.
Әке-шеше, бауырды - ұмыта жаздап,
Дегенім: «Лағылымды - Құдай сақта!»

«Ертең енді, аттанам» - деген түні,
Біз қоштастық, төсекте - құшақтасып.
«Ерлі-зайып» боп жаттық, бірер сағат,
Айғырландым, басыма - қаным тасып.



Өмірімде көрмегем - төсек «нәрін»,
Келіншекке «тапсырдым» - соның бәрін.
-Жарты жылда қойныма, кірмей келген,
Қандай ыстық, қандай тәтті, сенің тәнің!

Асылхан, алты жылды «атқарғанша»,
Екі жылда жетерсің, Жан! Күтіп алам!
Құдайым, тілегімді, оңғарса егер -
Сен келгенде, алдыңнан, шығар балаң!

Мына сөздер жаныма - майдай жаққан,
Жарты жыл - босқа кетті-ау, сені баққан!
Боз таңды, көз ілместен қарсы алғанда -
Сел болып, барлық жерден, терлер аққан.

Сыбырлайды, күледі де - еңірейді,
Тістелейді - сүйіп жатып, жұлқылайды.
Атша мінді - үстіме, «қамшы басып»,
Ерінге - «ем» деп емшек, дөп құлайды.

Қыпша белін қысқамда, құшырланып,
Сықылықтап Лағылым... бұлғақтайды.
Талқан етіп төсекті, «рахат» құрдық,
Ұмыт болып, қос баста - уайым-қайғы.

Келіншек те ұмытқан, бір сәт - байын,
Қимастықпен, ойлаймын, оның жайын.
Үстіндегі суреттер - жыбыр-жыбыр,
Қозғалады, қоздырып - «ұрған» сайын.

Суреттерді салдырған - тапқыр ақыл,
«Бет шіркеуі» Лағылдың, ұят та, кілең!
Көрсете алмас бөтенге, жүзі шыдап,
Тап солай-ды, түсінем, шындық, білем.



Осылайша, «қалдырғам», балалықты,
Айтпаймын: қателестім - шалалықпен!
Ағамның – аппақ та, адал аманатын,
Қор еттім, шайтан билеп - қаралықпен.


Қоштасты, Лағыл келіп, вокзал жаққа,
Сезбейді әлі... қара күйе - жақтық аққа.
Қайтейін, көңілін оның, қия алмадым,
Ұрындық, сүйекке өтер, өшпес - даққа!

Келіншек, жазып тұрды, маған хатын,
Сөздердің қалай тапқан, түрін - татым.
Біреудің әйелі ғой... қойғаным жөн,
Бас имен, ертеңді ойлан, еркек - затым.

Жазуды сиреттім де, тоқтай қалдым,
Қарттардың баласымын, ойлар, алдын.
Өмірлік кесапаты - құрдым дей бер,
Абайсыз, бір түн жұтқан, удай балдың.
Осылай «күтылдым» мен, келіншектен,
Тағдырдың тауқыметін, жастай шеккен.
Білгім де келмегенді, одан кейін,
«Екеудің», не болғанын сұрап - шеттен.

...Арада жеті жыл өтіп, жолығыстық,
Дегенмен, сол бір кезді сездім - ыстық.
Тойға ол - жалғыз келген, күйеуі жоқ,
Тастап шығып, дабырды, белді қыстық.

Жігітің, жиырма бесте, үйленбеген,
«Жатуға», әйел-қызбен - үйренбеген.
Лағылдың тілі неткен, еді - епті,
Көмейді, «кезіп кеткен» сүйрендеген.



Асылхан – түрмесінен былтыр келген,
«Шал» болып, еркектігі «бітіп» келген.
Жарты жыл тұрған екен, олар бірге,
Алты жыл.. айырған-ау, оны «белден».


Ағамнан, кеткен Лағыл - ажырасып,
Асылхан – «жоғалыпты», Самар - асып.
Жайымды жалма-жандап сұрап білді,
Келіншек, қутың қағып, тамыр - басып.

-Сол түні... біткен бала... тал бойыма,
«Болды ма?» деген сұрақ, келді ойыңа?
Тек үш ай, хат жазғаның, бітті сосын,
«Жоғалғаның» - бет алыс, өз - тойыңа?

Күйеу жоқ, сен де жоқсың, енді қайттым,
Тағдырға, күн-түн жылап, лағнет айттым.
Оқуды - тастай алмай, басым қатқан,
Білмейсің, ауырлығын, сол бір - жайттың.
Ақыры тудым қызды... «алдырмастан»,
Деканым, берген көмек - қалдырмастан.
Бітірдім, институтты - жұрт қатарлы,
Кейбірдің, «құрығына», шалдырмастан.

Қызыңның атын қойдым, ұйқас қылып,
Тап өзің... аумап тартқан - мінез-қылық.
Көрмедің, көргенінде - қайтер едің,
Терінді, кигізгендей ед... беттен сылып!

Осыны айтып, Лағыл.. өкірсін кеп:
-Берген Құдай, көпсініп кері алды! - деп.
Көрмегесін, қызымды қиналмадым,
Жасын сүрттім, әйелдің, қос қолдап, тек.



-Қашан қайтты... ол қызың... неше жаста,
Сорлапсың-ау, қайтейін... Лағыл - қасқа?
-Төрт күн ғана ауырды, шауып жүріп,
У кеткен.. «бақшасында»... ішкен - асқа!


Келгені - төрт жас еді, шүлдір тілді,
Қос бантик шашқа байлап, сөмке - ілді...
Пысық-ты, бәрін жатқа жүрген, айтып,
Құлыным, кетерің, о дүниеге, өзі білді?..

Жазғанмын, Асылханға, барлық жайды,
Өзіңмен бір түн «жатқан» - мамыр айды.
Ол бірақ, ұрыспады, «кет!» демеді,
Кеңпейіл?! Естімегем... мұндай - байды!

Жаннаны, көруді оған - жазбаған-ды,
Тіріде, мошқау сөзбен, «қазбаған»-ды.
Түрмеден - тура тартып, үйге келген,
Көңілсіз, «ақаңменен» - «аздаған»-ды.
Дәнемді түгел тінтіп, қарап шыққан,
Түрінен, «суреттердің» - өзі «ыққан».
Көтеріп ап белімнен, мытып-мытып,
Балуан боп, төсекке - бір-ақ жыққан.

Еркектігі... сорлының - «бітіп» кеткен,
Кей түні, тыпыршумаң болады «еткен».
«Бабына, келер бәлкім, қарт емес қой»,
Сол үміт, жетекке алған.. мені - еппен.

Адамбыз, жаратылған - сүйек-еттен,
Арылмас жайымыз бар, сөзден, кектен.
Сеземін, екеуімізге - көңлі қалған,
Асылхан, «алмағанмен», мені - беттен.



Төсегін бөліп те алған.. айға жетпей,
Тым ерте, ұйықтап қалад, мені «етпей».
Қатынас күннен күнге қиындаған,
Тәубе еттім, жүргеніне - ұрмай, теппей.


Бір күні, сырын ішкі - ашып салған,
Тыңдадам, соңғы сөзін сезіп, жалған!
-Қор еттім, сені - Лағыл, өкінемін,
Өмірің - бақытты өтсін... енді қалған.

Мен кетем - Алматыдан, оралмаспын,
Әйтпесе... қауіп саған - болар «тасқын».
Жассың ғой,, бала тауып үлгерерсің,
Еркектіктен қалғасын - жай бір таспын!

Шықпасымнан күйеуге, қалып қойдым,
Шырмауына байландым - қалың ойдың.
Өкініштер өмірде бойдан асып,
Турап салдым өзімді, күнде - «сойдым».
Көріспеппіз, о, Жаным, жеті жылдай,
Жасағам жоқ, қиянат - саған, қылдай!..
Үйлендің бе, сен өзің... айтшы тездеп,
Тағат біткен, жауапқа - ынтық қылмай!

«Үйленбедім» десем мен - жабысады,
Қайтадан ғой... дене, жүрек табысады.
Соны ойлап: «Әйелім... үш ұлым бар,
Кіл тентек... бір-бірімен - қағысады...»

Дедім мен, өткен іске - оралмауға,
Шыққаным, жетер енді, түсіп дауға.
Қарадым да жұлдызды тұңғиыққа,
Сұрадым, бір Алладан - тағы сауға.



...Лағылмен, қош айтыстым, мәңгілікке,
Тұрғамда, ұрынып қалмай - «тән-ілікке».

Гурьев, қазан

ҮМІТ

Түсінбеппін, қайтейін,
Айналған өмір – түлкіге.
Сол өмірде жүрем ғой,
Қалмайын тек – күлкіге.

Ер-азамат – затым бар,
Күресермін... шыдармын.
Ақыл-ойым аманда -
Тұйықтардан шығармын.


Гурьев, қараша

СҮЙГЕН ЖІГІТКЕ

Келші жаным, жүзінді сенің көрейін,
Шашымды қолаң - екіге жарып өрейін.
Қыса түскін, қыпша мына белімнен,
Қоймай сүйші... тұншығып-ақ, өлейін!

Тісте мейлің, ернім менен төсімді,
Саған ғана, жұмбақ тәнім - көсілді.
Бір кездесу, өзіңменен - сүйгенім,
Пәс көңлімді, бұлт жеткізіп, өсірді.

Жасағанмын, өзімше бір жорамал,
Кестеледім, пәк сезіммен - орамал



Әйелдікке жарамасам, қайтейін,
Үйіңе емес, күтуші етіп, қораңа ал

Жүрсем жетер, бір аулада, жаныңда,
Тәкәппарлық, әуелден жоқ, қанымда.
Ақ жүзіңнің сәулесімен оянсам,
Жазғы түннің - арай берген таңында.

О, сүйіктім, келші бір түн, қасыма,
Сүйеу болып, жылы алақан басыма.
Быт-шыт етіп, бар дөңемді кете бер,
Малынайың, сел боп аққан жасыма.


Гурьев, қараша

ЖІГІТКЕ ХАТ

Шын ғашықпын, оны қалай - айта алам,
Ауызша емес, хатпен жаздым, ап қалам.
Сен сүймесең – қыздың жолы жіңішке,
Қайтіп сонда, жұрт алдында – ақталам?..

Сені көрсем - бүлкіл қаққан бүйірім,
Көк айғырсың, айдап жүрген -үйірін.
От қызу мен ләззат сезім шығарған,
Моншақ тердің, татып көрші түйірін.

Сүйісумен, бал демімді жұтып көр,
Қажет десең... жас тәнімді тұтып көр.



Меншігіңе - бөлкім мені, аларсың,
Бір жеріме сарт еткізіп, соғып «мөр».

Гурьев, қараша

ҚЫС КЕЛДІ, КҮЗДІ ҚУЫП

Күз өтті, табыстырып, ғашықтарды,
Бойдақтық, кейбіреуден – қашықтады.
Көз ашпадық жаңбырдан, дүние - лай,
Адам, мал, көлік біткен, шалшықтады.

Құстар да «қику» салып, тайып тұрған,
Оңтүстік – жылы жаққа, сапты құрған.
Сүреңсіз саналатын, күзгі маусым -
Кеттің-ау, сұрғылт мінез: ойды - ұрған.

Қыс жетті, сағындырып ғашықтарды,
Ғашықтар - қарды кесіп, қашып барды.
Қыс келді, екі аптаға кештеу қалып,
Аспаннан ақ мақтадай - шашып қарды.

Қыс келді, күзді қуып, ызғарымен,
Жігіттер - коньки тебер, қыздарымен.
Кей достар мұздан балық, шығарады,
Соларға ере алмадым, қызбадым мен.

Гурьев, желтоқсан

ЖҮЗГЕ БИЫЛ КЕЛЕДІ, ДОСПАН АТАМ

Доспан атам, тірі жүрсе - жүзге биыл келеді,
 Мен сенемін, бар ұрпағы - үлкен асты береді.
 Оқып дұға, жинай алсақ, зиратына көп адам,
 Айтар халық: «Доспановтар аталарын еледі».


Қос ғасырды заманымен, көрген адам, көзімен,
 Өткен жайлы сырласқанмын, талай рет, өзімен.
 Жебеп бізді жатқан шығар, аунап түсіп, үнемі,
 Таң қалдырған, тәнті қылған, ұлағатты сөзімен.

Ол – терек, жайылыпты, жүзге тарта - жапырақ,
 Алғанда мініп, атандар – салатын еді-ау, тапырақ.
 Келгенше совет заманы, тілінген екен табаны,
 Бақтырған малын көпестер, атап оны – «батырақ».

«Қызыл» бізге жеткенде, атамыз толған қырыққа,
 Қосылыпты қару ап, қоймаған соң әбден, ырыққа.
 Басқарса рота Сауықов, алған Қабес* - ондықты,
 Шүберек Доспан көтерген, байлап алып сырыққа.

Ол «шүберек» жай емес, желбіреген – Ту қызыл,
 Ат үстінде селкілдеп, жаздайды тие, оқ - «ызыл».
 Ұстау Туды – жауапты, комдив Шапай көзіндей,
 Содан шығар күндестің, тескен ішін, бір - қыжыл

...Елу беске келгенде, үйімен совхоз - кірген-ді,
 Үш баласын ертіп ап, ертеңін болжап, білген-ді.
 Колхоз қалған құрдасы, іренжісе де жөн көрмей,
 Доспан атам совхоздан, бағарға отар - «ілген»-ді.



Гитлер соғыс салғанда, қорғау үшін Отанды,
Базары мен Орыны* - тастай салып, қотанды,
Қырық екіде* аттанып, алыстағы Таңдайдан,
Фрицпенен айқасып, кешіп берді қан майдан.

Орыны келген соғыстан, зақымданып басынан,
Базары кеткен хабарсыз, табылмай оның қасынан.
Молдашы алған отарды, аға шопан атанып,
Баптауын қойдың, білген ол - өзіне еріп, жасынан.

Елу сегіз* басында, таққан Молдаш – орденді*,
«Алтын Жұлдыз ап қалар, көп кешікпей, ол өнді».
Сөздерді бұл айтқандар - облыстық басшылар,
Жұмабаев деген жазушы, очеркін жазған көлемді.

Тоқсанға жетпей – бір жасы, кеткен ата, өмірден,
Мұндай жанды аз көрген, Таңдайымнан - өңірден.
Зиратына барамыз, тоқсан сайын жиылып,
Баба болған ұрпаққа, кетпейді, Доспан - көңілден.

*көршісі Жұмалиев

*Базарғали, Орынғали

*1942-жыл


*1958-жыл

*Ленин ордені

Гурьев, қаңтар

18-ҒАСЫР МОНОЛОГЫ

Батырым, менің арысым,
Білегіңе жетпес - қарысым,
Бата-тілек - дарысын.
Мандайға біткен ырысым,
Жүректің шертер жырысың,




Алмастың өткір қырысын,
Неткен сұлу тұрысын,
Сенсіз өмір - құрысын!

Шапқан жауың жоңғар ма,
Келгей-ді тілің – «оңғарға»,
Лашынға тұрмас - он қарға.
Алға дара ұмтылман,
Қисаймасын ер-тұрман,
Тұрмасын жауың - дәл ұрған,
Қауіпті ол – антұрған,
Көзіне қызыл – шаң тұрған...

Мойныңнан құшып, оралып,
Қойнына кірсем, нар - алып,
Шықса үнім - қиналып.
Денеңе ауыр жаншылып,
Кетсе де мейлі жан шығып,
Ләззатқа батып, мас болып,
Бақыттан көзге жас толып,
Армансыз жаным жатсам бір!

Сапарың сенің оң болғай,
Оралғайсың, тоң болмай,
Қуатың бар ғой он ұлдай.
Болсын панаң – бір Құдай,
Төбеден көрін кіл ұдай,
Сүйдім сені мен құлай,
Мерт болып кетпе абайсыз,
Сақтыққа батыр, қалайсыз?!

Қыздарға жүрме қырындап,
Бөлмелеп түнді, жырымдап,
Шыда азға, тыным тап.



Бақсыға барам ырымдап,
Көбейді иттер ырылдақ,
Төбеттер жүр қырындап,
Жеткейсің тез, зырылдап,
Жолыңды тостым, ақбозбен...

Көшеміз енді қыстауға,
Қорада малды - ұстауға,
Тозады киіз тұстауға.
Көшім сенсіз, сұрықсыз,
Мінермін түйе, сұлықсыз,
Сөйлермін мен құлықсыз,
Тезірек батыр, келгейсің,
Тақымға салып, кергейсің...


Гурьев, қаңтар

ҚЫСҚЫ ТҮС

Айтайыншы, көрген бүгін түсімді:
Тар көйлекті, бір қыз енді - мүсінді.
Тінтіп өттім, үсті-басын тәптіштеп,
Сұлу - қулау, ойымды оқып, түсінді...

Қолаң шашы, тарқатылып, төгіліп,
Аппақ қарға, қалды бір сәт, көміліп.
Мәрмәр деңе ақ балықша жарқ етті,
Тар көйлектің - бар тігісі... сөгіліп!..

Көйлек енді, быт-шыт мата, жапырақ,
Мұз жаладым... тұла бойым қалтырап.
Бөтен қыздың тыржалаңаш мүсінін,
Көру қиын, соқты-ау жүрек, қаттырақ.



Жалаң аяқ... кешіп берді - ақ қарды,
Ғажап сурет: жаң-дүниемді ақтарды.
Қолтыққа алып, бұл сұлуды, мүсінді,
Аралайын... қар жамылған бақтарды.

Пері қызы болды ма екен, кім білген,
Үндемсімін, айрылыппын, мен тілден!
Қалың мұздан ойып қойған - үкіге,
Түсіп жатып, сықылықтап, ол - күлген.


Лыпасы жоқ, «туған қазір - анадан»,
Ұстамды едім, аспайтын еш, шамадан.
Шақырды қыз, «түс» дегені-ау, үкіге,
Жасап қалдым, оған қарай, шаг-қадам.

Қыз сүнгіді, су астына - жоқ болып,
Үңіліп ем, көрмей қойдым, жас толып.
Бата алмадым, шешініп сап - іздеуге,
Отыра кеттім, мұз айдынға, бүк солып...

Гурьев, ақпан

АҚПАН

Аяз қатты далада – «алашұнақ»,
Тұра алмайсың бір сағат, жаның шыдап.
Сықылықтайды сауысқан - ала қанат,
Масаттанып, мәз болып, сауырын сылап.



Желімделді, кірпікке зілдей мұздақ,
Шымырлайды бозарған, мұрын-құлақ.
Таң атқалы шытырлап жатқан сынып,
Өзен мұзы құрапты-ау, мың сан құрақ.

Суық торғай – ол дағы, діріл қаққан,
Әйнектерге боз қырау - өрнек таққан.
Мал мен жанды үсітіп, бүрсеңдетіп,
Жалап, жұлып барады, мына - ақпан!

Гурьев, ақпан

ӨСИЕТ


Ерте тұрып, ұйқыға - кештеу жатам,
Берген кеңес, осылай - Доспан атам.
Ерте тұрған адамның, бір ісі артық,
Балам болса - айтылар, осы «батам».

Артық ұйқы – адамға, ол да қастық,
Он сағаттап жастанба, басқа жастық.
Кейбір жігіт оянбас, тоғыз болмай,
Бүркеніп ап көрпені, басқа - тас қып.

Гурьев, наурыз

ОЙ МЕН ҮМІТ

Ойларым құртқан мазамды,
«Онымды» - кімге айтайын?
Бұл жолы бөлкім, тынар-ды,
Соңғы рет барып, қайтайын.



«Ақырғы» деп көрермін,
Ойлардан, сөйтіп, арылам.
Жүректегі оты сөнгенше,
Өзімді «өртеп» - қарылам.

Алдымнан мені тоса ма,
Бағым ба, сорым - байқайын.
Үмітім өлсе, сол жерде,
Біржола «жерлеп» қайтайын.

Гурьев, сәуір

СОҢҒЫ КЕЗДЕСУ

Мен өзі, солай ойлап ем,
Дәл шықты, бәрі, алдымнан.
«Гурьевінде тұрмаймын»,
Отырып алдың, салдың лаң...

Бәріне қойып – «нүктені»,
Жүрекке сұқтың қанжарды.
Қанжарың бойлай енді де,
Қызыл қан етіп, қақ жарды!

Соңғы рет мына – кездесу,
Тұншығып демім, тарылды.
Езіліп жүрген бар деңем,
Сағыныштан сірә... арылды.

...Ащы мұңнан босанып,
Сәулені көрдім, алыстан.
Бастармын жаңа өмірді,
Арылып, ішкі – алыстан.

Ақтөбе, сәуір



ЖАЛҒАН ЕКЕН...

Алып құсқа жез қанат, сұңғақ құйрық,
Баспалдақпен барамын, көтеріліп.
Мен қарадым, соңғы рет қалың жұртқа,
«Келер» деген жаңағы, өртенді үміт.

Достарым тұр, әнеки, қол бұлғасып,
Еріксізден жымиям, езу тартып.
«Келіп қалар қазір-ақ, мүмкін емес»,
Деп өзімді, жұбатам, сенім артып.

Тектен текке алдаппын өз-өзімді,
Таңнан бері, жүрдім-ау, сені күтіп.
Дәрменсізбін, о ғажап, өзгешемін,
Бейне біреу кеткендей жүндей түтіп.

Қоштаспастан қалайша - қала бердің,
Әркімдердің өзөзіл сөзіне еріп.
«Сүйдім сені мәңгілік» деген серттен,
Қалай ғана кеттің сен - бүгін жерің?!

Кетсем деймін, көз көрмес, қиян кезіп,
Ақ бұлттардан барамын - асып әрі.
Махаббатым баянсыз болып шықты,
Жалған екен, білдім ғой, асыл.. бәрі...

Ақтөбе-Гурьев, сәуір



МАХАББАТ ТЕҢІЗІ

Көк теңізге шығып біз, қатар жүзіп,
Айдын төсін шарладық, маржан сүзіп.
Теңіз бірде шайқалды-ау, буырқанып,
Алшақ кеттің сен менен, қараңды үзіп.

Жүрсің қайда, махаббат, арман гүлім,
Естілмейді жақыннан, маған үнің.
Нұрын шашқан кешегі тандарым жоқ,
Тұтылған ба, мәңгіге - жарық Күнім?!

Жағалауға шықтың ба, толқын ұрып,
Мені есіңе алдың ба, дара тұрып?
Іздеп қайта шықсайшы, сыңарыңды,
Жатыр теңіз, тыныстап, дауыл құрып.

Гурьев, сәуір

МАҚСАТ

Ұлы едім, ата-анамның үміт артқан,
Қасым, досым сынайды мені арттан.
Төте жолды мақсатқа таба алмадым,
Ескі соқпақ ол да жоқ - тура тартқан.

Салдары да, қатардан кейін қалып,
Дәу төбеге шықтым-ау, өліп-талып.
Арман тағы шақырды ту көтеріп,
Қарлы шыңы екен ол, таудың алып.

Мақсатыма мен осы, жетемін бе,
Үлкен таудың тұрмын ғой етегінде.
Қиял қуып өте ме, барлық ғұмыр,
Ұшқыр ойдың - ұшы жоқ жетегінде.

Қиял қуып, өмірден, кетемін бе,
Мақсатыма - мен осы жетемін бе?..

Гурьев, мамыр

МҰҢАЙМА

Сен мұнайсаң, келеді менің жылағым,
Себебін білмей, қиналар бұл сұрағым.
Көл бетіне бүршік жарған гүлсің ғой,
Болсам деймін, қатар өскен - құрағың.

Қорғайыншы, Күн көзіне күйдірмей,
Құшайыншы Ай, жұлдызға сүйдірмей.
Жарым болып, өтші мына - өмірден,
Қас пен қабақ - бір минутке түйдірмей.


Кей жігіттер, қалқам, сені ән еткен,
Белгілі ғой... бал ерніңнен дәметкен.
Ел ағасы, болып қалған, көп дөкей,
Жас сұлуды қолтықтауды сән еткен.

Қажет емес, маған ондай құр сәндік,
Тыңдамаймын, әншілерді - бір әндік.
Саған сәулем, өтінемін - Алладан,
Ғұмыр бергей, қалар ізі - зор мәндік.

Гурьев, мамыр

ҒАЙЫПТАН...

Кенеттен біз жолығыстық,
Ғайыптан - тап болғансың.
Танысумен қол қыстық,
Басыма бақ боп қонғансың.



Көркіңе - көркем таңдандым,
Мырза-ды, Құдай, бере салған.
Білгі да құрбым, пандандың,
Мінезіңді білдім – кіл жалған.

Гурьев, мамар

АҚЫНДАР

Сарайшыл ақын, зорға жазар өлеңді,
Шарқын білмей, сұрар және - төлемді.
Он алты жол тудырса-шы, бір түнде,
Шалқаяды, жыр жаздым деп, көлемді.


Ақындардан қалмас мәңгі - күндестік,
Қиналамын, көп жерлерде, соны естіп.
Өлең жазу – болмаған-ды, мақсатым,
Тіл-әдебиеттен алғаныммен кіл бестік.

Дәметпеймін, мен ақынын - сарайдың,
Болып көрші, біттің онда, «қарайдың»!
Шабыт берер, көрген жанға, ғанибет,
Майдың таңы... сүйгем сені, арайлым.

Гурьев, мамыр

ҚАРАКЕР

Бас жүлдеден үміткер,
Сөреден шықты жүйріктер.
Жеңіске жеткен жеңімпаз,
Мерейі үстеп, биіктер.



Қатысқан соңғы бәйгеге,
Он төрттегі ат - қаракер.
Қатысты бәйге, талай жыл,
Өкпесін қысып тұрман-ер.

Құстай ұшты қаракер,
Жуып бойын - қара тер.
Қою шаңға көмілді,
От тұяқтан - қайран жер.

Мандайды тіреп өкпе жел,
Жеткізбейді - көмбе бел.
Келеді қалмай өкшелеп,
Тірсегін тістеп, өңгелер.

Ауыздық жыртып езуін,
Қаракер қатты ышқынды.
Жалт-жұлт еткен жанардан,
Көріп тұрмын - ұшқынды.

Мал да болса намысты,
Жолынан бермей келеді.
Қиқу салып жан-жақтан,
Аттарды - халық демеді.

Соңғы айналым соғылды,
Сақталар ма, сол қарқын?
Бәс тіккенім – қаракер,
Көмгей-ді шаңға бар артын.

Кіл сәйгүлік тіресіп,
Қалмады-ау одан, ілесіп.
Сүрінді кенет, қаракер,
Жаны да шықты, сіресіп...

Гурьев, маусым



НАРЫН ТҮНІ

Қып-қызыл!
Оттан шыққан табанандай,
Көтеріліп келеді, даладан - Ай.
Өркеш құмдар қалғиды, қызыл мая:
Тыныс алып жатырған, қомын - жая.

Түн маужырап, ауылды ұйқы басқан,
Самаладай жап-жарық, жер мен аспан.
Суыл қағып қанаты, ұшып өтті:
Шүрегей ме, тобымен, тіліп көкті.


Құдық жақта сыңғырлап, қыз күлкісі,
Бұлаң етті, алдымнан - қыр түлкісі.
Біреу шықты шағылға еріншектеу:
Анық көрмей, қиын-ау - келіншек деу...

Исатай, маусым

ЖАС ДӘРІГЕРГЕ

Алты жылдық дәрісті өтеп бүгін,
Көтеруге жеттің сен, өмір - жүгін.
Өмір қымбат, әрине, баға жетпес,
Тізеңді бүк, дәрігер, антқа жүгін!

Адам үшін барынды - аямағын,
Мен ауырсам, сенемін, саяндамын.



Тіршіліктің қойсайшы, тәттілігін,
Өлмей - мәңгі келеді, сайраңдағың.

Адам жанын күзеткен мамансыңдар,
Пәк жүректен жаралған - адалсыңдар.
Айнып кетіп жүрме тек, кәсібіңнен,
Күтіп тұрған алдыңда, талай сын бар!

Ақ халатпен сұлусың - аққу құстай,
Бар айырмаң – жердесің, аспан ұшпай.
Алғысына еліңнің бөленіп өт,
Адамгершілік ақ туын - жоғары ұстай.

Гурьев, шілде

АУЫЛ

Бір әңгіме айтайық, ауыл жайлы,
Бала кезді еске алып, тайлақ-тайлы.
Тарқаталық шерді біз, таңға дейін,
Дала түні ғажап-ты, жұлдыз, Айлы.

Қызығы көп, бала кез - алыстады,
Кейбір жайлар көңілден қалыстады.
Сағынышты ол дәурен сағымданып,
Қаламенен, бұл тағдыр - табыстады.

Әңгімеге қосайық, барлығын да,
Біз өскенбіз, өмірдің - тарлығында.
Қызығы, дүниенің - біле білсек,
Ер-жігіттің кең пейіл, нарлығында.

Гурьев, шілде



КАВКАЗ ЖЫРЫ

Айналам бүкіл - ну ағаш,
Саф ауаның - жұпары-ай!
Жалпақ табақ жапырақ –
Таудың қызыл жұхары-ай.

Шың жолында мұздақтар,
Соларға жеттік, жарысып.
Аңның түрі сонда екен,
Салып жүр ойнақ, алысып.


Екі мың метр биікте,
Бардық, көлге - көкпеңбек.
Көк аспанның бейнесін,
Туристер содан өпкен кеп.

Тауды тескен жол жатыр,
Сандық тастар - қапталда.
Түнде қалу қатерлі,
Жартас, күзды - шатқалда.

Жанар оты жалтылдап,
Қарашай қызы - зат сатқан.
Ұйқымды өтген қашырды,
Шатырда дара мен жатқам.

Көлбең-көлбең балкар да -
Қонақтан табар, пайдасын.
Сылық-сылық күледі,
Асырған сайын – айласын...

Қаракөз-балық кептірген,
Әкелгем мол қып, ауылдан.



Ишкен сыра барша жүрт,
Көргенде, оны – «ауырған».

Домбай, тамыз

ШЫНАР

Шың басында бір шынар,
Көкке бойың, созыпты-ай.
Ақша бұлттар төмен қап,
Жақын көрші болыпты Ай.

Үйдей тасты қақ жарып,
Қатарлас өскен - қарағай.
Жылдар бойы қор бопты,
Сұңғақ шынар - қарамай.


Шыңды жауып қара бұлт,
Тұрсың, не ғып, тарамай?
Шырқай өскен шынарға,
Ынтық болып, барам-ай...

Эльбурс, тамыз

ДОМБАЙ

Шөкім бұлт жоқ,
Аспан жүзі көкпеңбек.
Түнде ғана ақ жауын,
Нөсерлетіп төккен кеп.

Ертемен туристер,
Келген едік - Домбайға.
«Қанатты жол» аспалы,
Мініп пе едің, ондайға?



Сым арқанның бойымен,
Зырлап барам, қалықтап.
Көз ұшында асқар шың,
Жеткізбейді - шалықтап.

Қарап едім төменге -
Кетті жүрек бұлқынып.
Тебердінің толқыны,
Жатыр екен жұлқынып.

Табиғаты тамсантқан,
Домбай неткен керемет.
Бұл өлкеде болмаған –
Көргемді осы - дерек ет.


Домбай, тамыз

ТАУ ЖОЛЫ

Қырылған мың, жау қолы,
«Әскери-Грузин тау жолы».
Бастайды өзін жазықтан,
Жүзім мен алма, бау толы.

Осетин халқы қол бұлғап,
Сәт тіледі, біздің - сапарға.
Асау Терек ол тулап,
Қалмастан ерген - қатарда.

Үңілсең төмен – шыңырау,
Құлаған - аман шығарма-ау?
Мың сегіз жүз метр биікте,
Екі жүз миль, жол - мынау!



Бұрылысы көп қатерлі,
Жол еді, неткен, қаһарлы.
Келеміз жарып тау-тасты,
Жасыл да майса, ақ қарлы.

Орджоникидзе-Тбилиси, тамыз

КӨНЕ ҚАЛА

Тифилис сенің – тым ескі,
Ғасырда төрт-бес түрленген.
Тар көшелер - шаңытып,
Тұрмастан, дауыл, үрленген.

Кеуденді ұрып, тік тұрдың,
Славянды бүкіл, менсінбей.
Петербор қалған қамығып,
Грузиндер оны - теңсінбей.

Тау халқы билеп – Одақты,
Ұстады-ау, көп жыл тізгінді.
Сталин анау – «Күн көсем»,
«Тоғытқан» түрме – ізгімді!

Тифилис, сенің жоқ кінәң,
Келмеймін, саған өштесіп.
Қазақтан туған бір ұлмын,
Көңілі - жамау, көп тесік...

Тбилиси, тамыз



ДЕМАЛЫС

Өзгертіп биыл тынысты,
Қалдырып бір ай жұмысты,
Гурьевте ғой - тым ыссы,
Кавказға кеттім, сайрандап.

Ой-қыр кезіп, гүл-жауһар,
Ауасын жұтып һәм жұпар,
Тауына шығып мәңгі қар,
Сімірдім нарзан - шипаны.

Білсе ғой, біздің жамиғат,
Барсам да қайда – табиғат,
Тұрғандай мені тани қап:
Құшағын ашқан өз Кавказ.

Тау суы - суық, ызғарлы,
Шошытқан әйел, қыздарды,
Дөңме бойлап шым барды,
Он жасқа бәлкім жасардым.

Черкес, балкар, осетин,
Қарашай, дағыс, кабардин,
Шешен, ингуш, грузин,
Сиыпты-ау түгел Кавказға.

Кавказ екен, бір дәурен,
Жыл сайынғы, ол - әурем,
Кездесер ме, жан сәулем,
Әйел қып содан алатын?..

Кисловодск, тамыз



ГҮЛДЕР

Төгілгенде, Күннің нұры, таңменен,
Гүл әлемі – шығасыңдар, құлпырып,
Көктем, жазда - дала менен алаңдар,
Сендерменен көркейеді, жыр тұнып.

Гүлдер, гүлдер, өмір қаріп сендерсіз,
Сендер жоқта, жердің беті - сүреңсіз.
Әдемілік – нәзіктікпен бір тұтас,
Ақсу шайды, мен ішпеймін, күреңсіз.

Ессентуки, тамыз

КӨРСЕМ ДЕЙМІН


Қазақ қызын көрсем деймін:
Ұзын шашты, аппақ жүзбен,
Мені бағып, көзін сүзген,
Қос саусақпен - жүзім үзген.

Қазақ қызын көрсем деймін:
Ат үстінен - тоқымды ерден,
Күлім қағып, қасын керген,
Сапырымдап, қымыз берген.

Желеноводск, тамыз

СҮЛУҒА

Жазбенен жылы қоштасып,
Сарғайғам, көріп - қыр күзін.



Уайымды кенет ұмыттым -
Жарқ етіп, көркем - ақ жүзін.

Келіп ең қарсы, бұрылдың,
Жүрісің - үйрек, су - сызған.
Қалғанмен иық, қағыспай,
Тулаған жүрек, қан - қызған.

Төгілген белге қолаң шаш,
Бұлақтай асау, тау - бұзған.
Тіреспен жүргем, өмірде,
Шықпайыншы, жар-күздан.

Бұрылтып мойын, қарағам,
Тұр екен күліп, сұлу пішін.
Бүлкіл қағып қоя берді,
Жүрекпен бірге бүкіл ішім.


Тілге келдік, кездесіп біз,
Әуез сөзің - ынтықтырды.
Суырмалап сұрай бердім,
Білу үшін тылсым сырды.

Гурьев, қыркүйек

АҚЫН-ӨЛКЕ

Өлкесі - өлең жазған ақындардың,
Мен биыл, бір табандап жақындадым.
Жеткенше, саған дейін - қиқу-жарыс,
Тұлпарға қамшы салып, тақымдадым.

Көріндің, ақын-өлке, жақын қалдым,
Сондықтан, бұраң қалып, тура салдым.



Жолымда - жүзіп өтер үш-төрт өзен,
Құдайым, ашылғай-ды, жылдам алдым.

Гурьев, қыркүйек

ЛАЙСАН

Тамшылары сап-салмақты,
Неткен өзі, салқын жаңбыр?
Шығып миы, кетті езіліп,
Әлгіндегі, жолым – даңғыл!

Лайсан дала – жиіркенішті,
Күзгі маусым – көріксіз.
Сазды лайды, кешіп келем,
Қалмайық, тек, көліксіз!

Шофер жігіт - ыза буып,
Кеткен жаман... түтігіп.
Жер дегенің ылжырайды;
Жүн бе дерсің - түтіліп.

Жүз метрді, әрең жүріп,
Шалшық көрсек - батамыз.
Шығу деген қиындады,
Жер кепкенше - жатамыз?..

Межелі жер - жеткізбейді,
Діңке әбден біткен құрып.
Ызғырығы Арқа тұстың,
Дірдектеткен, ол да, ұрып.

Көздіқара, қазан

ОН АЛТЫНШЫ ЖАЗ

Студенттер келген еді, алпыс сегіз - жазында,
Ленинградтан ССО құрып, құрылыс салу совхозға.
Ауыл толы бозбала – кәмілет жасқа жеткендер,
Қарық болған, ақшыл-сары, жігіттері аз, көп қызға.

Қыздар да жас, сыландаған он сегіз бен жиырмада,
Отыз бес ару, он бес жігіт – студенттері ЛГУ*-дың.
Жаз маусымның өте шыққан, шыдатпайтын қызуы,
Екі ай бойы қызығында - мыналардың, «дырдудың».


Кіл қыздардың ортасында болған екен бір досым,
Бар айтқанын жазып алдым, кейінгіге - болсын жыр.
Сол досымның атынан, келтірдім өлең жолдарын,
Тыңдаушыға табылар ма, ішінен соның - тосын сыр?

1

Алтын шашты, Инга есімді, эстон қызбен қылықты,
Келгенінен болдым таныс, жүріп кеттік, тым жақын.
Өлең жазып, төрт-бес тілде мүдірместен сөйлейтін,
Атайды екен құрбылары, құрмет тұтып, оны «ақын».

Төгіледі иыққа, жалт-жұлт шашы - сары алтын,
Күнге күймес аппақ тән – жазылмаған ақ қағаз.
Күні бойы жүрсем дағы жанында, жалауынша,
Ұға алмадым, көрінгенін, соның бәрі, маған - аз.

«Скорпион» - шағын газет, редакторы «ақын»-ды,
«Штатына» суретші етіп, келген бойдан, шақырды.
Тәулік сайын шығарамыз, газет санын жаңғыртып,
Мен саламын суреттерін, тапсырғасын жандыртып.



Қыз сөйлейді, шаршамастан, тындап қана отырам,
Мен өйткені, орыс көрмей, сол бір тілге шорқақпын.
Іш-сарайым қабат-қабат қапшық толы - сөз маржан,
Айтылмайды, тілі қысқа – «ауыл-қазақ», қорқақпын!

Инга орны - күндіз-түні тек штаб, көптеу еді жұмысы,
Комиссар ғой, құрлысқа ана, бастықсынып бармайды.
Жалпақ санды, торсық емшек, кең бөкселі - емес ол,
Қалған қыздар, «айғыр» кілең, жігіт дерсің, нардай-ды.

2


Көрмек екен, біздің үйдің түйесіне, ол мініп,
Бірде Инга қиылып кеп, жатып-тұрып өтінді.
Болды оқиға: оқыстау, ауыл сырты - далада,
Тістеп бармақ комиссар, іштей бәлкім өкінді.

Жетекке алып түйені, шықтық ауыл сыртына,
Шөгердім де, мен оны, қызды демеп мінгіздім.
Қос өркештің арасы - жон арқаға жайғасқан,
Ала арқанды «үзеңгі» етіп – аяқтарын ілгіздім.

Қараша інген, жуас-ты, бас білетін бұрыннан,
Байпаң еді, бұйдаға, тартқаныңда - мұрыннан.
Қыз мінгенде, о несі, кетті түйем «бұзылып»,
Аталақтап шапты ол, тұрған бойда - орнынан.

Қолындағы бұйдадан – қалды Инга, айрылып,
Түйе кеткен... беталды, қарамастан - қайырлыш.
Қыз барады «ойбай» сап, көбелекше желпілдеп,
Құлап түссе – апырмай, қалады ғой, майырлыш!

Өкпем өшіп, «кәс-көс» деп, сондарынан жүгірдім,
Аталақ салған - борбайлап, түйе қайдан, жеткізсін.
Бір уақытта «жайрағыр» - көрпе менің сұлуды,
Қурайлы сайға ұшырып, «домалаң» жерге еткізсін.



Қорыққаны, Инга байғұс - кеткен тіптен қуарып,
Шалқасынан сұлап түскен, өлі жандай - қимылсыз!
Аппақ санын қурай жырып, дірдектейді қызыл қан,
Ауырсынып, тырналайды, дымқылы бар, жерді сыз.

Мені көріп, бас көтерген, күлген болды еріксіз,
Ал аяғы – қансыраған, қалды бірақ, бастырмай.
Енді қайттім, салып алдым, эстонканы арқама,
Қойды ұрлаған.. малшы ауылдан – қасқырдай...


Көрінгенмен алғашында, салмағы жоқ, жеп- жеңіл,
Төрт жүз қадам жүргенімде, деміккенмін, терлегем.
Таңдай кеуіп, шөл қысқаннан - кетті тілім салақтап,
Дегенмен де... «нар жігіт боп», мен өзімше ерлегем...

Жон арқама тиіп келед, қыз төсінен - қос «алма»,
Мойынымнан алған Инга – қолдарымен құшақтап.
Көз қарайып, құлақ бітті, бас айналған, шуылдап,
Содан кейін.. құлап түстім, тәлтіректеп, үш аттап.

Көзімді ашсам - бұлтсыз аспан, Күн қызуы әлі бар,
Бетті желпіп, төніп төмен, комиссар отыр қасымда.
Түсінбедім, ұйықтап тұрған адамдаймын, әлжуаз,
Басылыпты, ауырмайды – зыңыл қаққан басым да...

Қыз қуанған, жылаған ба, көріп, ашық көзімді,
Өкінемін.. ұяты қандай, бола алмадым, төзімді.
Осылайша ойға батып, ішті сойып жатырмын,
Қайтем енді, жерден алып, жерге салып, өзімді.

Нәзік саусақ, жұмсақ неткен, салалайды самайды,
Сипай берген, бетімді - тер мен шаңнан сүрткілеп.
Не қылғаны, ар жағымнан қылаң берді жаман ой,
Шайтан елік, қоймаған-ды, қайта-қайта түрткілеп.



Төрт жас үлкен, Инга бәлкім, сезіп қалды осыны,
Кетті беті - бал-бұл жанып, алабұртып, от болып.
Қолым қалай барып қалды, төніп тұрған төсіне,
Өзі нәзік көрінгенмен.. «алмалары» - топ-толық!

Байқап өттім, футболканың селдіреген сұлбасың,
Бюстгальтерсіз! Білінеді, түрткен сыртты - үрпісі.
Сасқанымнан, жұмып алдым бір секундқа көзімді,
Елес берді, қос емшектің жұмбақ маған - түр-түсі.

Көзімді ашсам... Қызыл ерін тиер-тимес - жүзіме,
Бөгде демге уландым, қалдым бір сәт - тұншығып.
Сүйді сұлу, шап беріп: ернім, беттен, мандайдан,
Талықсыдым, бұрын-соңды естілмеген үн шығып.


Мен өмірі – тіптен өзі, сүйісіп қызбен, көрмегем,
Қайран Бәтес* тілі ме деп, ұшын сорып, сүйгенім.
Инга демі – ынтықтырып, енгендеймін өзге әлем,
Қызу бейне «домна пеші» - отқа жанып, күйгенім.

3

Жұмыс соңы – кұрлысшылар өзен жаққа бет алар,
Шомылса олар - біздің өзен, болып шығар, ақ көбік.
Су сапырып, ойнақ салса, студенттер - қыз-жігіт:
Кіл бозбала, мәз боламыз, қызықтарды - дөп көріп...

Артық бұдан жоқ деймін, қазақы қиян мекенге,
Күнде көру қыздардың – жалаңаш-жарты денесін.
Славян тектес сұлулар – паш етеді, бар тәнін,
Қызықтау үшін кеш сайын, сылтау тауып келесің.

Қастарында жігіттер, бірге болып, бір кетер,
Қызғанбайды біздерден, екі есе көп қыздарын.



Он алты толған ер бала – атанады «бозбала»,
Кейбіріне осы кез, қонып та қалар, сый-дарын.

Судың іші-сыртында, жас жүректер тыпыршып,
Сілекейі кетіп, бозбала, «ақ балыққа» тамсанған.
«Ақ балығым» - отыз қыз, сапыратын өзенді,
Кейбір достың қиялы - сипалап өтсе, қақ саннан.


Қиялды осы - мақсат қып, сүнгіп берген бір бала,
Су астымен барған да, трусиін қыздың - сыпырған!
Жүз шақты адам жүзіп жүр, аңғару оны, қиын-ды,
Пайдаланған осыны... «бұзық» - топтан, сытылған.

Содан кейін ол «бұзық», тілін жұлған жыланды,
Сумандатып алға ұстап, жүзіп кеткен – қайтадан.
Алған беті - қыздар-ды, ойы тіптен жаман-ды,
«Улыны» көріп, у-шумен, судан қашты бар адам.

Трусиі жоқ бұтында – болып шықты, Инга қыз...
Жағалауға беттемей, қашып берді... қайтсін - ол!
Бұдан әрі не тұрыс, плавкиді алып - «бұзықтан»,
Тура жүздім - мен оған, құтқарғандай, беріп қол

Киімін алып, комиссар, «рахмет» маған айтпады,
«Сволочь!» деген бір сөзі – жүрегімді қақ жарды.
Болып шықтым «айыпты», қалай енді, ақталам,
«Опасыз», «ұры» ойлады, таптағандай бар - арды.

Газет қалды жайында, жабылды жолым - штабқа,
Ингаменен - көріспей, Күнімді менің бұлт басқан.
Ғашық болғам - өзіне, ғашық болғам – көзіне,
Матаған, мықтап жүректі, мөлдіреген «көк аспан».



...Отряд кетті еліне, тындырып жұмыс, екі айда,
Кетер күннің алдында, жағылды костер түнімен.
Жастарын ауыл шақырған, таң атқанша биледік,
Мен де бардым... амалсыз, жүректің ішкі үнімен.

Тамадасы ол кештің, комиссар қыз – Инга екен,
Шықпай қойғам тасадан, артына достар тығылып.
Сонда да байқап қалыпты, тіктеп келіп алдыма -
Қолын беріп, бас иді, ондайды айтар, «жығылып».


Қалдым сасып, қайтейін, күтпегенмін, әсте мен,
Шақырып ап ортаға, тапсыра салды «Алғыс хат».
Қосып берді төрт кітап, отрядтың атынаң,
Кеше ғана емес пе ед, осы қызға болғам - «жат»?!

Биге және шақырды, мықыны тіреп қолымды,
Тарта берген - жақын қып, демі жетті - бетіме.
Түрткіледі тесердей, кеудем тұсын - тік анар,
От болып жанған денедең, өтті қызу - денеме...

Түсіндірдім мен оған, «өзен жайын» жұқалап:
Болмаса да еш кінәм, тартқанымды - жан азап,
Жалаңбұттап Инганы қойғанын ана бұзықтың,
Жұрт алдында қылады, комиссарды кім мазақ?

Ақиқатты білгесін - айыбымның жоқтығын,
Көңілденіп эстон қыз, жымың қақты-ау, ажары.
Жетектеді көп талға, сүйді жаймен ернімнен,
Көтергенде кофтасын... жарқ етті Айға - анары!

Ұстатып қолға «алмасын», өптірді оның үрпісін,
Айыра алмай өң-түсті, есімнен әбден танғанмын.
Студент қыздың емшегін, ақ тамағын, ерінің,
Қоймай сүйіп - он минут, рахатқа һәм қанғанмын.



Өмірімнің белесі – «он алтыншы жаз» - осылай,
Қалған ұзақ есімде, өтсе де жылдар... ұмытылмас.
Кәмілет толып, жасыл паспорт - қолға алған,
Оралшайшы қайтадан, бозбала күн - он алты жас!

*С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романындағы бас кейіпкер

Гурьев, қараша

СОҒА МА, БОРАН

Қабағы Күннің қатулы,
 Соға ма, боран - сорлатып.
 Біліп шопан - бағытын,
 Қойып ед, маңын орлатып.

«Жаяу» боран «жығылар»,
 «Аттылы» келсе - қиын-ды.
 Дәрменсіз шопан қайтеді,
 Құдайға мықтап, сыйынды.


Гурьев, қаңтар

СЫНАЙДЫ МЕНІ АУЫЛДАС

Түсе қап сәті, бүгін бір,
 Таңдайға бардым, жұртыма.
 Таң қалды неге, құрдасым,
 Мұз қатқан қара мұртыма?..

-Мұрт қойыпсың, сұлулап,
 Алыстан көрсем - Сәкенсің...
 Тұрсаң, қатар - менімен,
 Құрдасым емес – «әкемсің»!

Сын айтады, тауып сөз,
 Қалалық болған тұрпыма.
 Ауылда қалған құрдастар,
 Қылжақбас кіл, қыртыма.



-Көзіме ыстық көрінген,
Түйенің мынау - құрты ма?
Сорғанмын талай бала кез,
Салайыншы, қане, ұртыма!

-Қойдыкі ғой, былтырғы,
Жете ме, шамаң - айыраp?
Сұрақтар түрлі қойылған,
Жауабын табам, қайыраp.

Ауылдың иісі мол сіңген,
Баласымын мен қойшының.
Даланы шарлап шықпасам,
Көңлім жүдеу, ол - шыным.


Таңдай, қаңтар

ҰҚАСАТАМЫН - ФИЛФАККА

Былтыры түскем ГПИ-ге, сырттай оқу бұйырды,
Факультетім – тарих-ты, ұқсатам бірақ филфакка.
Ақындармен аралас, көргенім күнде - той-думан,
Сыйы шығар Алланың, студент атты, «бейбаққа».

Аламыз дәріс бір топта, жазатын өлең жігіт-қыз,
Жаниба ақын салмағың, бөліседі-ау - қырық қыз.
Айтыста бәйге бермеген, ақындардың байталы -
Оқығанда жырларын, селт етпей, біз - тыныппыз.

Жаниба ақын - жерлесім, туған-ды ол да Таңдайда,
Бас айтыскері - облыс, «жазылған» солай маңдайға.
Бүкіл Гурьев пір тұтқан - айтыстарда кіл ұтқан,
Ақсұңқар қыздың қадірін, ауылым біліп, андай ма?



Ержанов аға – Қуаныш, меңгерген мықты Музаны,
Отыздан жаңа асса да, жүректерді түртіп, «қузады».
Балпаң басып жүреді, тарихты жақсы біледі,
Қыз-келіншек «тісқаққан», айтады неге: «қу зады»?

Әбдіхалық - жас тарлаң, жиырмаға әлі жетпеген,
Балалықтан белгі бар - бетінен «бүйрек» кетпеген.
Үлкендерге жол беріп, таласпайды бізбенен,
Жылыойдың ол тумасы, талайды көрген... ептеген.

Жауапты хатшы «Индерде» - Әділұлы Бағытжан,
Лекция сайын, қыздарға - өлеңмен сырын ағытқан.
Жазамыз оған ылғи да, «ұрғашы» боп біздер хат:
Жігіттігін «қыздырып», әзілмен түйреп - қағытқан.


Өлеңге әуес бар тағы, жазғандарын - «айырған»,
«Хаттар» өтер, төрт жолды, қысқа ғана қайырған.
Сыйлаған қазақ ақының, алыс қылып жақының,
Ақылды хандар сұраған, құрметтеген - шайырдан.

«Тарихшы-ұстаз» мамандар – атанғай-ды, ақындар,
Туа біткен таланттар – дипломды «мініп», тақымдар.
Жәниба кеткен, «қара үзіп», өзгені шаңға бөктіріп,
Мәреге дейін тым ұзақ, кейбіреу мүмкін – жақындар.

Гурьев, қаңтар

АҚЫНДАР ЕНДІ, ТҮСІМЕ

Түс көрдім, бүгін өзге, күндегіден,
Бір жерге, жиналыпты, ақын - кілең.
Қақ төрде Абай отыр, кеңес құрып,
Астында - қалың түкті, парсы кілем.



Оң-солда - Жамбыл мен Сүйінбайы,
Тізелескен Илияс, Қасым, Әбу, Сәкен.
Сұлтанмахмұт, Нүрпейіс және де бар:
Иса, Хамит, Махамбет, Жұбан, Тәкен.

Бұлардан, бөлектеніп, жиын құрған:
Марфуға, Ақұштап пен Фаризамыз,
Мұқағали, Жүмекен, Олжас, Қадыр,
Шөмішбай, Тайыр аға, мәз, ризамыз.

Қызмет етіп жүр екем жалғыз өзім,
Құман ұстап, оларға - суды құйдым.
Кіл ақындар жарысып оқиды өлең,
Құлақ түріп, бәріне - жанмен ұйдым.

Түртіп қалып бүйірден біреу мені,
Түсім кетті-ау - үзіліп, ортаң белден.
Салсам егер, бұларды тұтас қылып,
Алар ма едім, алғысты, туған елден?

Гурьев, ақпан

ЖАҚСЫ, ЖАМАН

Жақсы жолдас - қол болар,
Қиналған сайын, табылған.
Жақыны жаман қор болар,
Барыңды көріп - тарылған.

Жақсы әйелің - сол болар,
Сенімдерін әулет, ақтаған.
Жаман әйел - сор болар,
Туғанға кектер - сақтаған.

Гурьев, наурыз



СЕНБІЛІК

Жұрттың бәрі көшеде, мейрам бүгін,
Жас шыбықтар қадалды, жарған бүрін.
Сенбілікке шығыпты, жас пен кәрі,
Көркейтпекке – сүйікті, қала түрін.

Еңбек етті қарқынды зауыт біткен,
Қыз-келіншек нормадан артық тіккен.
Әсем үйлер биіктеп сала берді,
Құрлысшылар көңілді-ау бүгін тіптен.


Жұрттың бәрі көшеде, мейрам бүгін,
Күлім қағып тұр әне, көктем - Күнім.
Біз тындырдық көп істі, игілікті,
Шығармаққа, Отанның - қуатты үнін.

Гурьев, сәуір

КӨКТЕМ

Күн-көктем нұрын төгіп айналаға,
Бәйшешек, гүл қаптады, сай-далаға.
Бусанып жердің беті жатыр тершіп,
Бергендей ыстық шайды жас балаға.

Ақ қайың бүршік жарды құба белде,
Қарлығаш келді қайтып, туған жерге.
Сағыныш сезім билеп талдыр бойын,
Қыздар тұр, жүзін тосып самал желге.



Төбемде заңғар аспан - дөңгеленіп,
Көңілге – «Көктем» атты өлең келіп,
Жүгірдім, жусан иіс, кең далада,
Байлығын туған жерге жатқан беріп.

Гурьев, сәуір

ТЫҢДАУШЫМ БАР

Сөзімді тыңдаушы бар, құлақ түріп,
«Ит» демейді, әйтәуір, жатқан «үріп».
Ырықсыздап ешкімді тыңдатпаймын,
Жинатпадым, оларды – бүктеп, бүріп.


Тыңдай қалса, көп халық, қуанамын,
Сөйлеп кетсем, беріліп – «дуанамын».
Адаммын ғой, жаралған ет-сүйектен,
Жабырқаймын... мен дереу - уанамын.

Гурьев, сәуір

ҚҰБЫЛМАЛЫ...

Көңіл неге соншама, құбылмалы,
Өзгереді бір сәтте, шұғыл бәрі.
Небір ойлар кетеді желмен ұшып,
Ұшпағаны – болар ма, өмір нәрі?..

Көңіл неге соншама, құбылмалы,
Өзгереді бір сәтте, шұғыл бәрі.
Дауылданып иесің – сорлы гүлді,
Біле тұра, сонда ғой - өмір әрі...



Көңіл неге соншама, құбылмалы,
Өзгереді бір сәтте, шұғыл бәрі.
Қас қағымда істейсің кереметті,
Тіршілікке қажетті – шипа-дәрі...

Гурьев, сәуір

ЖИЫРМА ЖЕТИ


Толған жасым бүгінгі – жиырма жеті,
Өмір – мұхит, жеткізбес, түп пен шеті.
Сол мұхитта келемін желкен құрып,
«Теңізшімін» ... қақталған, қиынға еті.

Жүрек – асау, тулайды ырық бермей,
Ақыл мен ой, қалыс қалман, оған ермей.
Жігіттер, жетісу – бар адамға оңай емес,
Нақылын қазағымның – молдап термей.

«Не бітірдің, сен өзің?» – сұрадыңдар:
Жалғыз емен, сүйген жар - сыңарым бар,
Жетті ме кез, Жазушыға* етер арыз -
«Жырларымды - кітап қып шығарыңдар».

Көркемөнер – бойымдағы салмағым,
Жатқан шығар, бұл дүниеде - алмағым.
Сурет салу – сәби күннен ілгенім,
Жұлделерден, көрме сайын, қалмадым.

Комсомол қолқа салды, бір ауданға,
Жоғарының назары - енді ауған ба?..
Дипломын – институт, алсам қолға,
Құламаспын, жарың түгіл, таудан да!



Республикалық газеттер жазады хат -
Бар мақалам ұнаған, шындыққа - хақ.
«СоцҚаз», «КазПравда» еткен тілші,
Бата бар: «Болғайсың, Таңдайға бақ!»

Келген жасым бүгінгі – жиырма жеті,
Нан пісірген, жұбайым, таңмен - жеті.
Аллам-жарға - ризамын, тәубе етемін,
Жоны емес... оң қарайды... маған беті.

*Жазушылар Одағы

Гурьев, мамыр

АКРОБАТ

Аренаға қыз шықты,
Шыр айналған ұршықтай.
Зәулім күмбез кең сарай,
Соққан қолдан тұншықты-ай.

Жүз оралып, жүр өңе,
Сұлу мүсін жер, көкте.
Сүйегі жоқ бір дәне,
Сыйлады қызық, мың - көпке.

Сым арқанмен жүгіріп,
Құс боп ұшты, қалықтай.
Жоқ па, жаны бұл қыздың,
Таң қалдырған халықты-ай.

Алматы, мамыр



ӨМІРДЕ НЕ БАР?

Өмірде небір шайқас бар,
Қорқақтар бұғып, тайқастар.
Білмейтін бітім, майдан бар,
Шешімін таппас, пайғамбар.


Өмірде түрлі жандар бар,
Асып түсер - жыртқыштан.
Адмаға ұқсас аңдар бар:
Қасқыр, түлкі, көртышқан...

Тағдырға кейде таңым бар,
Жақсыдан көптеу - залымдар!
Күркіреп шіркін айтар ма ем:
Безгендер ардан - қалыңдар!!!

Гурьев, мамыр

ӨТЕПБЕРГЕН ӘЛІМГЕРЕЕВКЕ

Ойсылқара ішінде:
Бәрінен бөлек тұратын,
Бураны бүктеп, ұратын,
Көбік шашып, шабынған,
Көрсеткен өңеш - нар-үлек.
Замандасым ішінде:
Тілімен өткір - қақ тілген,
Журналист, ақын – һәм білген,
Шоқтығы биік Өтекен,
ҚазПИ-ден шыққан – нән түлек.



«Мың қарғаның ұясы» -
«Ара-Шмель» журналдан,
Үшінші орын - жұлде алған,
«Коменбекте» - көп еңбек:
Шапқылап жүріп, үлгерген.
Кептірмесін сиясын,
Қарымды, әділ азамат:
Мінуге лайық – қазанат,
Мерей тойы кешінде -
Көрінбей қойсын, гүлдерден.

Орданы бұзар отызда,
Келбеті – көркем, келіскен,
Қаламы – жорға, желіскен,
Болмапты бала, мектепте:
Шылым шегіп, көтек - терген.
Сыртынан тұрып, қарасақ:
Жүрісі бөлек, найқалған,
Оңына, солға шайқалған,
Ғұмырлы болғай, бастысы,
Халқыма керек Өтепберген.

Газетшіге - дұшпан көп,
Достар шықпас – тасадан,
Тас ататын - қас адам,
Бәріне соның бір өзі,
Қасқая тұрып төтеп берген.
Тұлға деп оны білейін:
Тарихты терең толғайтын,
Қазақты ертең қорғайтын,
Дыңғызыл туып, төр озғаң,
Әлімгерей тегі Өтепберген!

Гурьев, мамыр



МЕКТЕБІМ

Таңдай орта мектебін бітіргеніміздің 10 жылдығына
Ұстаздан алып: біліммен бірге - ұлағат,
Шауып бердік, жүгенсіз бейне, құлаң-ат.
Өстік қалай, көштік қалай - сатылап,
Біледі-ау бәрін – ауылда қалған жұрағат.

Бесікке - он жыл, «бөләніп» едік, сенде біз,
Әр партаны, «ескерткіш» еткен «пендеміз».
О, ұстазым, басымды ием - көрген сайың,
Айта алмаймын, білімге, тәлім – кендеміз...

Он жыл міне ұшқанға, ұядан алтын қомданып,
Мектебім Таңдай – қосылған тарих, томданып.
Кешегі шәкірт – желбір шашты, боз өкпе,
Біздер бүгін, есейіпсіз, отыз жақын, сомданып.


Гурьев, маусым

ҚҰДЫҚ БАСЫНДА

Шағылысып, Күн көзімен құм шағыл,
Жал төбелер аптап апты, «сары алтын».
Кең жайлаудың шарлап төсін келемін,
Желдей ескен «күрең қасқа», бар атым.

Сонадайдан, шалып көзім - киіз үйді,
Дереу тарттым, ат тізгінін - сол тұсқа.
Дәл жолымда құдық барын білсемші,
Үстінен түстім, ғажайыптың, оқыста!

О, Алла! Мөлдір суға, астау толы,
Жатыр екен... дала аруы - шомылып.



Құлын мүсін, сұлу дене - ақ балық,
Шыққандайын қабығынан жонылып.

Жон арқаға жабысыпты, қолаң шаш,
Мұндалайды, жұдырықтай қос «алма».
Үзілердей көрінгенмен ашаң бел,
Шопан қызын – санай алман, осалға...

Көріп мені, кетті-ау, ару - қалтырап,
Дауысы да шығып кеткен, қаттырақ.
Ұят қысып, астау жаққа - беттемей,
Жалт берген-ді, астымдағы ат, бірақ.
Арын қорғап, шықты сұлу қауғамен,
Қаларымды сездім дағы... дауға мен,
Кете бардым, бүлкіл қағып, жөніме,
Бір минутта айналаумен «жауға» мен.


Гурьев, шілде

ДАРИЯ - ЖАЙЫҚ

Ақ Жайыққа арнады бір-бір өлең,
Түпкірінен елімнің - жүздеп ақын.
Дариямды қосамын жыр жолына,
Көптеуінен едім-ді, тіптен жақын.

Он шақырым Жайықтан, алыс емес,
Көздіқара – кіндік қаң, жуған жерім.
Бұл өзенді көргенмін бес жасымда,
Көзім жетпей шетіне, дедім: «керім».

Екі жағы - ну ағаш, қалың тоғай,
Құлақ тұнған шуына қарға, торғай.
Арғы бетке жүзгенге - қатер-қауіп,
Жетеді ғой жағаға, талып, зорға-ай.



Бұл өзенді ғажайып кештерде көр,
Сылдыр қаққан естисің, ағыс үнін.
Қайық ескен қос сұлба – еміс-еміс,
Иемденсін ғашықтар, Жайық түнін.

Прожекторы кемеңің - жарқыраған,
Тілгілейді - түндігін, меңіреу түннің.
Орта барып, ән айтад - қыз-жігіттер,
Қызық көріп, шығуын, жаңғыр үннің.

Гурьев, шілде

АРАЛЫМ

«Теңіз» деген, дып-дырдай, атағың бар,
Көк айдынды тұз басқан – «шатағың» бар,
«Тұраннан» қалған тұяқ – о, Аралым,
Бұл жалған жылдан-жылға болды ма, тар?
Жатқансың, бір кез - шетсізденіп, шалықтап,
Құстар келген: жүз түрлі, жүзген еді қалықтап.
Абыройы қазақтың – арлы айдын Аралым,
Жылдан-жылға барасың, ортаюмен «арықтап».

Өзің ылғи - буланған, ащың өсіп – уланған,
Көлем кеуіп, азайып, тұзың ұшып желменен,
Сол тозаңың - мол қонып, тиіп зиян шайына,
Іренжісіп жүрміз біз, Үндістан атты елменен.

Қос дария мол суын - соңғы кезде, құя алмай,
Кремльдің қылығын, Үкімет біздің тыя алмай,
Тағдырың енді талқыда, мұңға толы, Аралым,
Қиналып өтем - үстіңнен, өз-өзіме - сыя алмай.

Гурьев-Алматы, тамыз



ҚАБИЖАН САҒИЕВҚА

Қабижан ағай - Сағиев,
Журналист, ақын - ақиық,
Жазбамды оқып көргесін:
-Ақындар - сені, таныық,-

Деген-ді, қағып арқамнан.
-«Өмірде сен, еш талман» -
Берген менің, ақ батам,
Көміліп шаңға, тек қалман.

Алған соң бата, түлермін,
«Өлең» деп білек түрермін.
Қауымына кіріп, ақындар,
Олармен қатар - жүрермін...


Гурьев, қыркүйек

МУЗЕЙДЕГІ ПАРТБИЛЕТ

Партбилетте жігіт тұр, күлім қаққан,
Балаң жүзге, жүректің - қаны қатқан.
Ол кешегі, Сталинград шайқасының,
Қаһарманы – ерлікпен... қаза тапқан!

Ажал оғы қиғанда - тар қуыста,
Қызыл билет қалыпты, қатты уыста.
Шабуылға бастапты, небір мәрте,
Ту қып ұстап билетін, қанды ұрыста.

Көз алдымда жігіт тұр, сұлу өнді,
Қиып қалай, қар жер, ұлын көмді?



Қызғалдақтар бүгінде көмкеріпті,
Ол соғысқан соңғы рет биік дөңді.

Волгоград, қыркүйек

«ПАВЛОВ ҮЙІ»

От ораған,
Оқ бораған,
Сау тамтығы жоқ қалада,
Еділге шығар арада,
Екі ай жауға беріспей,
Қорғаған жаға, теріскей,
Қызыл кірпіш бір үй тұр.

Павлов бастап, бөлімше,
Жауды қылған өлімше,
Бекініп екі ай отырды,
Өлігін фашист толтырды.
Бір үйді осы ала алмай,
Оң жағада қала алмай,
Сорлаумен Паулос, ол тұрды.

Содан бері қырықтай,
Жыл өтіпті, сырықтай.
Еділдегі «күл қала»,
Болған қандай кел, қара!
«Павлов үйі» - бір қамал,
Тапқан жауға түрлі амал,
Қалыпты солай өзгермей,
Сенбейді адам, көз көрмей.

Волгоград, қыркүйек



ҚАРАША

Шексіз дүние, тартып демін, ішіне,
Ұйқы басып, мүлги қапты-ау айнала.
Жауады ма, қар ұшқыны - жапалақ,
Телміреген - бұлтты аспанға, айдала.

Қараша, қыстың алды, қиын айсың,
Бораның, болмаса ғой – елге жайсың.
Желтоқсанмен егіз боп айтыласың,
Қарық қылар жайымды, енді қайсың?

Гурьев, қараша

САҒАТ

Қолда сағат,
 Мойында сағат,
 Қойында да сағат.
 Әлсін-әлі минут санап,
 Қоймастан қараймыз сағат,
 Қалмайды содан, бізде - тағат.

Жарда сағат,
 Алаңдарда сағат,
 Машинада да сағат.
 Соларды халық қалап,
 Уақытты білу - боп талап,
 Жүргеніміз ғой, кетпеуге ағат.

Гурьев, ақпан

ӨЗІҢ ҚОЛДА

Құдайым, әрдайымда, өзің - қолда,
 Қиналдырма сапарда, шыққан жолда.
 Аталардың аузынан естіп өстік:
 «Оралғаның, аман-сау - үлкен олжа».

Алланы - ауызға алам, таңнан тұрып,
 Құдырет - бұл жаһаннан, кетпес құрып.
 Жолға шыққан адамға - сәттік тіле,
 Тілін тістер - «жуа» айтқан, Тәңір ұрып.

Гурьев, наурыз



ҚАЛДЫ АЛЫСТА

Жастық шақ қалып, алыста,
Самайдан «қырау» шалғанда,
Ойлаймын кімді, еске алам,
«Қонағы» боп өтер жалғанда?

Балалық кезім – бір бөлек,
Уайымды білмей, тез өскен.
Достарды таңдай алдым ба,
Жұлқынтқан жүрек ер төстен?

Қыздардың ұқсас түр-түсі,
Сақталмас, бәрі – жадымда.
Жарымнан болмас артығы,
Қалса егер, мәңгі, жанымда.


Гурьев, сәуір

АЙБИКЕГЕ

Айбике, саған арнап құрдас бөлен,
Әзіл мен шын аралас жазды - өлең.
Ағайында алыс-жақын, аз ба келін,
Әйтсе де, мен өзінді - бөлек көрем.

Көркемдігің ақылмен көмкерілген,
Екен әсем, қарылғаш қас, керілген.
Ақтөбеге, Шалқардан келдің дағы,
Жүгенделіп Мусаға, «ерттелінген».

Көзіңе жарты әлем сыйып кеткен,
Айналасың Құдайдан – сұлу еткен.



Кейбіреу, сұқтанады, қарайды кеп,
Саусағыңа - Моно Лиза әрін еккен.

Қыпша белің кәдімгі, тұсақ бөксе,
Кеспегеңде шашыңды - тиеді өкше.
Ұялаған қос қызың, жайлы құрсақ,
Төртеу қылып ұлдарды, тағы төксе...

Гурьев, сәуір

АДАМ

Құдай бізді –адамды,
Есті қылып жаратқан.
Доп тәрізді - Әлемге,
Түрлендіріп таратқан.

Өліп тыным тапқанша,
Айырған емес, азаптан.
Кейбір адам күйрейді,
Өсек пен аяң, мазақтан.

Артта біздің - қалатын,
Байлық емес, ұрпақтар.
Суайттарға сенбеймін,
Өзіңе сені - құр мақтар.

Гурьев, сәуір



ТАҒЫ ДА МАХАББАТ...

Ақтарып айтпай жан сырын,
Ақындар жазған сан жырын,
Құдыреті күшті - махаббат,
Ашпайды, қилы, һәм қырын.

Таптырмай бойға, бір тағат,
Қинайды, жанды, махаббат.
Бозбала менен бойжеткен,
Жүрекпен іздеп, жар табад...

Махаббат - жасты талғамас,
Аруды сүйген шалдар - мас.
Ғашықтарды көп көрген,
Бақтарда өскен талдар - жас.

Гурьев, мамыр

ҚЫЗ КӨРКІ

Кірпігіннің әр талы – шауып түсер, ақ алмас,
Кең жанарың тұңғиық, түскен оған, шыға алмас.
Тақтан көрем мен сені, қолым жетпес, тым биік,
Көркем келген бетіңді, бүркеп тұр ма, бұлт тиіп?

Денең өрт-ті күйдірген, Күннен қызу алдың ба,
Тең келетін жігіт жоқ, жалғызсырап қалдың ба?
Жамылғысын төсектің, ашып саған кім кірді,
Сұлу қыздан үмітті, шандыр тәнді – шалың да...

Гурьев, маусым



ҚҰЙЫЛАР...

Қарғай көрме тағдырды, нұрлы шуақ құйылар,
Тоң боп қатқан бар жолың, алға қарай сұйылар.
Шеккөңіңмен көп қайғы, түсінетін жан бар ма,
Керек емес, әйгілеп, шелектеп - бақыт құйылар...

Гурьев, маусым

ГУДЕРМЕСТІҢ «КИНОСЫ»...


Демалыс алып, ЧИАР-ға,
Кеттім, тартып - тамызда.
Халық - оған шұбырған,
Таппайсың орын пойызда.

Астанасы Грозныйдан -
Отыз шақырым Гудермес.
Күндіз жетіп барасың,
Бір жақсысы - түнде емес.

Емдерді алар жеріміз -
Жапырық таудың арасы.
Ағып жатыр бұл маңда,
Теректің - тайыз саласы.

Жанға шипа - балшығы,
Қайнап жатқан - суы да.
Ем болатын адамға -
Күкірттің сары - уы ма?..

Ауыл сырты толы апан -
Ем-дом берер «ваннасы».



Адам түгел, жалаңаш -
Туғандай қазір – анасы!

Киімсіз оған, түсесін,
Тәртіп солай «жазылған».
Күн қызуы қайтқанда -
Халық мыңдап, ағылған.


Монша бейне - мына жер:
Аспанның ашық астында,
Абыройын паш еткен,
Көрі-құртаң... жастың да...

Еркек пенен әйелдің,
Арасын еткен тым жақын.
«Мұндалайды», мүшелер,
Көз жеткенге - бәрі айқын.

Әйел-қызға телмірген -
Еркектер жақ: кәрі-жас.
Көріп тегін «киноны»,
Желігі бардың бәрі мас.

Бергі шеті - олардың,
Қол созым жер, болғаны.
Бір апанда - он адам,
Орын жоқ басқа, толғаны.

Терең емес, «ванналар»,
Тізеден – қарыс, жоғары.
Жарты сағат түсесін,
Әйтпесе, жүрек «соғады».



«Шекаранын» арасы -
Екі құлаш - бес қадам.
Бір-біріне өту жоқ,
Саналады ол - «харам».

Салыстырсақ біз санды,
Еркектен әйел - көбірек...
Шуға толы дыбыстан -
Жаңғырған кеште төңірек.


Қарсы жақтың қызығы -
Сыңғырлаған күлкі емес.
Еркектердің ұйқысын,
Бұзатын мына түлкі елес.

Түлкі елесті түлеткен -
Гудерместің «ем-домы».
Қағазға бәрін түсірдім,
Басынан-аяқ, мен - оны.

Құдайдың өзі бергені -
Қонған бойға мол дарын.
Отызға әлі жеткем жоқ,
Қуатым мықты сел-арын.

«Ұрғашыдан» үш апан -
Бізге тіптен, жақын-ды.
Қамшылаған шабытқа -
Суретші менен ақынды.

«Үш апанға», байқадым,
Келіншек, қыздар таласқан.
Жеткендермен бұрындау -
Келгендер кейін - санасқан.



Бұл «ванналар» қонағы -
Мүсінді, көркем - бөлектеу.
Олардың бәрін айыптап,
Көретіндер бар... сөлектеу.


Жібермей күнді, түсіп жүр,
«Үш апанға» - бір «сылқым».
Көркіне сай – мәр мүсін,
Жаулаған еркек, ол - ыркын.

Жас шамасы - отыз бес,
Көздері үлкен – қап-қара.
Шашы белге төгілген,
Қарайды халық, таң қала.

Мың жарым әйел ішінен,
Көрінген өзі - тым бөлек.
Ол келгенде апанға -
Дүниенің кетер - дөңгелеп.
Көйлегін бастан сыпырар,
Төстартқыш пен труси жоқ!
«Күнтимесі» – тап «клен»,
Жібергің келед - «жебе-оқ»!

Сүбелеп майды жимаған,
Ашандау белі, бөксе - тар.
Терісі Күнге күймейтін,
Аппақ мамық - мәңгі қар.

Айрылып еркек ырықтан,
Келіншек біткен қызыққан.
Аласұрды-ау, жігіт-шал,
Аса алмай, белгі-сызықтан.



...Бердім оған, тосып ап,
Сырттайлап салған суретін.
Келтірдім мен, осылай,
Тілдесер жайдың, бір ретін.

Сұлбасы ұнап, мәз болды,
Ұмсынған алға - қос қолды.
Ұлтыма сұрақ салғанда –
Керілді кеудем, шат толды.

Молдован екен, өз ұлты,
Сығанға келед, бет-ұрты.
Көркін жаңа айттым ғой,
Барып тұрған, көз құрты.

Суретке алғаш салынған,
Мойындап қойды, оны өзі.
Тирасполь жақтан келіпті,
Акцентті шыққан бар сөзі.

Кештетіп бүгін - кетпекші,
Тоғыз күн, бопты-ау, осында.
Күрсініп айтты бір сөзді:
-Кездеспей қойдық, қосында...

* * *

Ол кеткесін, солған-ды,
Әйелдер жақ «киносы».
Дараға-жалғыз тірелген,
Сұлулық сорлы, ей, осы.

Гудермес, тамыз



КІМДЕ - ҚАЗАҚ, ЕСЕҢ БАР?..

Ығы-жығы Гудермес, нөпір халық,
Қышқыл судан ем алмақ, оның бәрі.
Сібірден де келгендер жетіп жатыр,
Денсаулыққа мүдделі, жас пен көрі.

Көппен бірге Оралдан жеткен жігіт,
Айтып берді бір жайды, «пенделетіп».
Естігенім – көңілге қонымды екен,
Жазып шықтым өлең қып, түнделетіп.

* * *


Жалға алдық, бір құмықтың үйін біз,
Жапсар аула - шешен екен, ел кезген.
Үлкендерін көре алмадым, таныспақ,
Жұмыс іздеп кеткендерін мен сезгем.

Сол аулада көлбең-көлбең қос сұлу,
Он алты мен он сегізде - бойжеткен.
Кір ілгенде, жалтылдайды сандары,
Мұны көріп, тұңғиықтап, ой кеткен.

Үлкендеуі – жүрген еді, тілдесіп,
Сөйлесеміз, сыпайылап: «сіз» десіп.
Өтінішпен сұрағасың, қалам ба,
Тауға бардым, қой-ешкісін - іздесіп.

Ертіп шыққан - он төрттегі інісін,
Көргенім бұл, мына жастың – ірісін!
«Бесігінен жаңа шыққан» баланың,
Ұмытпаспын, маған қылған, бір ісін.

Апасы оның - сұмдық сұлу, көрікті,
Басып берген, кеудемдегі – «көрікті».



«Экспресс» кеткен содан, от алып,
«Стоппен» - кім тоқтатып көріпті?..

«Эксперсс» – алып ұшқан жүрегім,
Желді тілеп, қызды сырттай үремін.
Қиялыммен құйын болып жетем де,
Кең етегін – басына дейін, түремін..


Шашы жеткен құйрығына, тым ұзын,
Шешендердің Айдай сұлу бұл қызын:
Ашына етсем, бір аптадай, жарайды,
Жететін қып, үш-төрт айға ол «ызың».

...Сиіп тұрдық, сай ішінде, қатарлас,
Куә болды-ау, ауыр сөзге - қатпар тас.
Шешен бала, көріп қалып «менікін»,
«Лақ» еткізді бір жаманды, тіптен лас.

Апасы - тыңдап алып, сыбыр сөзін:
-Бас төрелік айтамың, - деді, - өзім.
Түсірілсін тізеге – шалбар, дамбал,
Шамалайын «мүшені», көріп, көзім.

Не деп кетті, мына қыз, не деп кетті,
Күтпегендік күйдірді-ау ет пен бетті!
Он төрттегі балада - қиналыс жоқ,
Дамбалынан «бір қарыс» - салаң етті!

-Кешір сұлу, мұндайға келіспеймін,
Бала тұр ғой, мен мұны, теріс деймін,
Осың үшін - өзіңмен бет жыртысып,
Көрместей боп, тілдесіп, керіспеймін...



-Ұялып тұр, бұл қазақ, тіптен қысқа,
Көрсетуге беті жоқ, шықпас – тысқа!..
Өтірік емес, апа-жан, рас қой, сөзім,
Өз қолыңмен сыртынан байқап, ұста!


Мына айтқаны баланың батып кетті,
Маңдай терім - бақайға барып жетті.
Мен қалайша ұстатам, қыз қолына,
Ұйқыдағы, бұйыққан - «арық етті»?!

-Шығар, сен де, емшекті - көтің емес,
Көрсетемін, содан соң, бітсін-ші, егес!
Тиген дәлдеп мына сөз, шешен қызға -
Ашып салды кеудесін! Шын ба, елес?!

Қос анары - топ-толық, піскен «алма»,
«Бес минуттай... ұсташы, қайта салма!»
Емшектерін - қиялмен уыстадым,
«Тұр ұйқыңнан, ей, қаса! Қапы қалма!»
Кулығымды асырдым, шешендерден,
«Жеті қоян таптым» ба, тақыр жерден.
Асып түсіп баладан, менің - «мүшем»,
Жымың етіп, сұлу қыз - қасын керген..

-Інім менің, ренжімен, жассың әлі,
Төрт-бес елі өседі-ау, нән боп, пәлі...
Нәтижесін көрдің сен, өз көзіңмен,
Артық шықты, қайтеміз, қонақ тәні...

Осылай деп, әпке қыз, басу айтты,
Мойындады ол екеу, болған жайтты.
Бұлқан-талқан ренжіген, інісі оның,
Төбелеспей, райынан, тездеп қайтты.



Мәртебесін көтердім, мен қазақтың,
Қала жаздап астында - зіл мазақтың.
Қыз көзінше ұтылсам, бұл балаға –
Тартатын ем, жаманын, бір азаптың.


...Мына оқиға, болды маған, қолайлы,
Төрт күн күттім, келер сәтті – орайлы.
Ойымменен, шешіндіріп қызды мен,
Қамап кетем, тас қораға – «торайлы»...

Сезеді қыз, менің «жаман ойымды»,
Аша қоймас, бірден жатып, қойынды.
Создырмауға белді бекем буғанмын,
«Ұзын арқан, кең тұсаулы» - ойынды.

Мен айтамын, қайрат беріп өзіме:
Құлақ ассын, он шақты ауыз сөзіме,
Абыройын шешен жігіт - айырған,
Елестетем!!! Қазақ қызын - көзіне!!!
Аңғал қазақ, паналаттың шешенді -
Қатын еткен: қызың менен шешенді.
Қайтарам ба, сол бір кеткен есені,
Өткен бәрі... бос демеймін, кеш енді.

Көкіректе мұз боп қатқан кегім бар,
«Қазақ» деген намысқой ұлт, тегім бар.
Шешендердің өз елінде - төрінде,
Сұлу қызын «қатын» етсем – несі бар?!

Түн ортасы. Жұрт ұйқыда, тып-тыныш,
Пысылдайды, ерткен лағын, сұр шыбыш.
Мен отырғам, тал ішінде, тығылып,
Ішкі сарай дүлейлі, тілгілейді ши қылыш.



...Сылқым шықты, байлап басқа, орамал,
«Келді-ау, сәті!» қылдым мұны, жорамал.
Сұлу кеткен, аула бойлап, дәретке,
«Жасау керек, жасау керек – соңғы амал!»


Күтіп алдым, қайтар жолда, ол қызды,
Қайраттандым, тұла бойда – от қызды.
Шөп арасы, алып барған - аруды,
Болып шықты, су ағызған, тым сызды.

Бойы - діріл, сірә қорқып қалған-ды,
Делбе - менде, билеп бірден алғам-ды.
Айтып бердім, еркектері шешеннің,
«Ұрғашыма» қалай «ойран» салғанды.

Шешен қызы, түсінген де... жылаған,
-Кешір, қазақ! - деумен маған құлаған.
Өткіздім де, ой-електен, бар жайды,
-Пәксің бе? – деп, қатуланып сұрағам.
Шымырлатты-ау жүректі, мына сөзі:
-Пәкпін, иә! Айрылу одан – өлім өзі!
Мен болайын, еркек шешен - төлеуі,
Алланың – оң болсыншы, ұлтқа көзі...

Және де, молдаша айтып, түсінбейтін,
Білдірген.. «берілетін» маған - кейпін.
Қыз жатыр, шалқасынан бетін бүркеп,
Адам жоқ: «Бұларың не?» бізге дейтін.

Ілгектерін - халаттың, ағыттым да –
Айқара аштым, мүсінді, болған таңсық.
Ай жарығы мол еді, күндізгідей,
Паш етті, жарқыратып - етпей, жаңсық.



Төңкерілген кесе боп, көлбендеген -
Қос анар ғой – мен көрген, тау ішінде.
Оймен сүйсем ол кезде, қиялданып,
Сығып сүйдім. Қалпында, сол пішінде.

Тізерлей қап, төнгенмін, қыз үстіне,
Құйрғымның «қонғаны» - тұсы шаптың.
Кіндігін де, тіліммен «тескілеп» ап,
Керек «жерді», еркекке - дөптеп таптым.


Қыпша белін қысқамда, қапсырып ап,
Тік көтерген, бөксесін, жерден - қарыс.
Қақпағаны қолымды - іштей сұрақ,
Үзіліп кетті, резеңке - шығып, «тарыс».

Резеңке – қыз дамбалы ышқыры еді,
Көз жасы, жемтігімнің - қышқыл ма еді?
-Өзім шешем, ей, қазақ, тартқылама,
«Жыртатының» дайын ба, шықшы,- деді.

Қосылысы, қос санның – «қара орман»,
«Тарақтадым», саусақпен, көрдім, анық.
Қайраты мен мінездің белгісіндей -
Талшықтары - қылдай-ды, емес - мамық.

Қос «ілгекті» анарды - қысып, сүйіп,
«Ұятты жерін», армансыз, уыстадым.
Атша мініп үстіне, отырғаным -
Тұрғандай ма, айтуға: «Ту ұстадым»?

Түкпірімнен ой келген, ұлағатты:
«Пәкті қызды қайтемін, қор ғып, мәңгі».
Жалма-жандап есімді, жиып алып,
Жауып бердім, халатпен, «тәтті» - төнді.



Шешен қызы таң қалған, күтпей мұны,
Аяқталды-ау, «арпалыс»... тіптен сәнді.
Сорғалаған көз жасы бетін жуып,
Ару салды-ай, сыңсытып, жұмбақ әнді.

-Кендігінді, ей, қазақ, дәлелдедің,
Мен де туғам жерінде – Жамбыл деген.
Алғысымды айтамын, басымды иіп,
Балқып кеткен, әлгінде... барлық дөнем.

Қазақ қызға тиіспес, енді шешен,
Бір нүктесін қойдың сен, Айса бауыр!
Достығына қос ұлттың, мөр соғайық,
Болмасын деп, арада «зорлық», ауыр!

Осылай деп, «он сегіз», сүйді мені,
Жүз градустай болады, ыстық - демі.
Тұла бойым жеңілдеп, шалықтадым,
Табылғанға шаттандық, достық - емі.


* * *

Мәрттік үшін, жерлестің алдым қолың,
Көкте Құдай – ашқай-ды, оның - жолың.
Нәпсіқұмар шешендер, тыным тауып,
Қазақ қызға «тыйылсын». Әмин, болым!

Грозный, тамыз

ҮШ БАТЫР

Шәміл, Серік, Жақсылық,
Даңқын Қазақ асырып,
Паш еткен бүкіл әлемге.
Мәшһүр болған үш есім,
Лайық, миллион сәлемге!



«Өзің кеше пір тұтқан,
Балуан Шолак, Қажымұқан,
Туды қайта, Қазағым!»
Деген сөзді айшықтап,
Алтынмен аптап жазамын.

Бас жүлдесін елімнің,
Европа мен әлемнің,
Жеңіп алған үш жігіт –
Шыңында тұр Олимптың,
Алқызыл жібек Ту тігіп.

Кейінгі іні, жеткіншек,
Сендерге еріп, жетсін деп,
Тілекші біздер – отырған.
Мерейлі болсын үш батыр,
Кеудеге медаль толтырған.


Грозный, тамыз

ҚАНЫБЕК

Ауыр атлетикадан Олимпиаданың,
дүниежүзінің чемпионы Қ.Осмоналиевке

Қырғыз баурым, Қаныбек,
Атағыңа сенің қанық ек.
Үш-ақ жылдың ішінде,
Күшіңді алып - танып ек.

Тас төбеңе ойнатқан,
Зіл батпандай темірде,
Бес Қаныбек бар екен.
Шынашақтай болсаң да,
Күшің - нағыз нар екен.



Туысқан қырғыз елінің,
Атандың жарық жұлдызы.
Жолыңды сенің қусыншы,
Ала-Тооның ұл-қызы.

Грозный, тамыз

ЖАҢАРҒАН ТҮБЕК

Маңғыстау, жаңарған жаңа өлке,
Қаптаған мұнара шаншылып тұр көкке.
Келемін - Ақ Жайық, Нарыннан,
Байлығы шалқыған жартыарал түбекке.

Қараймын, қызықтап әуеден,
Маңғыстау, ынтық ем өзіңе - әуелден.
Мұнайың сарқылмас «қара алтын»,
Бейне бір – мың Еділ, дәу өзен.

Төменде - төрт түлік мыңғырған,
Малшылар көз салып тұр қырдан.
Кешегі құм жұтқан шөл дала,
Құлпырған, сусындап - құбырдан.

Ақ көбік айдында, асыр сап шағала,
Лықсиды, толқиды, қарт Каспий жағаға.
Үйлері көк тіреп, келеді бой түзеп,
Ұлы ақын есімді – Шевченко, жас қала!

Шевченко, қараша



БІЗДІҢ ҚАЗАҚ

Біздің қазақ, сұрап қалар, көрген жерде:
«Қалайсындар, бауырым, қалайсындар?»
Бір-ақ сөзге марқайған, дархан жанбыз,
Естіікші: «Жарайсындар, жарайсындар!»

Осы сөздер бабадан - жанға жайлы,
Жаспын әлі, алдымда - талай сын бар.
Бір-ақ сөзбен сынасып, кейде қазақ,
Бір-біріңмен, жау болып тарайсындар.

Қасірет бар ұлтымда – арылмаған:
Өсекке ерген, мысқылға - елең халқым,
Пайымдамай ұрады-ау және беттен,
Түсінбестен, кей сөздің - түпкі нарқын.


Айтқаныммен көп сөзді сынап-мінеп,
Мен қимаймын халқымды – парықсызға.
Қайрымсызды түйрейік жанды жерден,
Шам бермейтін, қиналған – жарықсызға.

Гурьев, қараша

ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВҚА

Сәлем берем, өр тұлға, Жұбан ақын,
«Мың тірілткен», өлеңмен қазақ халқын.
Нән сыйлығы Одақтың* - құтты болсын,
Тірілерде - Әбдіжәміл* болған, жалқым.

Қан майданнан келгенсіз, елге аман,
Алпыс жасқа жеттіңіз, жетпіс - таман.



Еңбек Ері атақ бар, ол да керек,
Алтын Жұлдыз – айдары, мына заман.

Кішіжүздік жазушы, ақындарым,
Қыса түссін тұлпарды, тақымдарың.
Қартаймандар, тым ерте, өтінемін,
Маған керек, бір кезде - ақылдарың.

*СССР Мемлекеттік сыйлығы

*СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жазушы
Ә. Нұрпейісов

Гурьев, қараша

НАҚЫЛ

Малды қылма - көтерем,
Сүйре, мейлің, жүрмейді.
Ұстап көрші, ас құймай,
Қабаған ит те, үрмейді.

Сыңары жоқ аққу да,
Өмірді - ұзақ сүрмейді.
Сүймесе әйел еркекті,
Етегін оған түрмейді.

Нәзік тәнді адамдар,
Ыссыдан үркіп үрлейді.
Мәніс білер жеңгейлер,
Сәуірге соғым сүрлейді.

Гурьев, қараша



МІНЕЗ

Жиырма сегіз - комсомолдық жасымда,
Доспен бірге - көбейе түскен, қасым да...
Жұмысымның, деп білемін - салдары,
Болып па еді, менде - дұшпан, басында?..

Атқарғасын, секретарын партбюро -
Облыстық құрылыс-жөндеу трестің:
Бас кетсе де, әділдіктің жолы ауыр,
Залымдармен жатып-тұрып тірестім.

Өтті-ау уақыт, қиянатпен қырқысып,
Біреулер үшін жедім таяқ - жазықсыз.
Бұғып жүрсең - кімдер саған тиіскен,
Болдың онда – тоғышар, не парықсыз.

Жылап шындық, шықса одан шынғырық,
Жанды ұшырып, жалма-жандап, қол бердім.
Осындайда тартынғандар көмектен –
Адам емес, көрінбесін, қатарынан кіл ердің.

Иліккенге, идім, мен де - басымды,
Мұңайғанмен - бірге талай торықтым.
Жиырма сегіз – комсомолдың жасында,
Айту ұят: «Шаршап жүрмін, зорықтым».

Гурьев, қараша



КЕРЕК ҮЙГЕ БІР ЕШКІ


Папамда бар – «Запорож»,
Он жыл болған - тым ескі.
Мамам ылғи ұрсады:
-Алмайсың,- деп, -бір ешкі.

Мен де айтамын папама,
Мамамдыкі дұрыс,- деп.
-Сатып алшы - ешкіні,
Шықпасыншы, ұрыс тек...

Тұрсақ дағы қалада,
Сүтке қою - тояр ек.
Ескіргенде біз оны -
Соғым етіп, сояр ек...

Керек үйге - бір ешкі,
Болмасын тек, тым ескі!

Гурьев, желтоқсан



КЕЛІП ҚАЛАР...

Құбыладан - қиқу құс, беріп хабар,
Сағындырған көктем де келіп қалар.
Жылдың тәуір, осы бір нәзік тұсын,
Көп күтумен мал-жанның көзі талар.

Құбыладан - қиқу құс, беріп хабар,
Сағындырған көктем де келіп қалар.
Қыс ызғары сақталып, түнде ғана,
Жайма шуақ – күндізді, жеңіп алар.

Құбыладан - қиқу құс, беріп хабар,
Сағындырған көктем де келіп қалар.
Қорадағы мал біткен даланы аңсап,
Шөптің соңын есеппен шопан салар.

Құбыладан - қиқу құс, беріп хабар,
Сағындырған көктем де келіп қалар.
Қысқы киім ішінде - қызған деңе,
Жазғытұрғы самалдан - ләззат алар.

Гурьев, ақпан

ТҮНІМ ӨТТІ

Тас түнекті төбе тұстан қашырып,
Көк жиектен Күн көрінді, ашылып.
Түнім өтті, таңға таман жыртылып,
Өлең жолы, жинатпады, шашылып.

Гурьев, наурыз



АЯДЫМ

Гүлді сурет көйлегінің,
Қалдым байқап - оңғанын.
Көкшіл тартқан, екі бетің,
Тұрмын сезіп – тоңғаның...

Өз бағында сайран құрған,
Бұлбұл көргем, саз - үніңді.
Қонған жерің қолайсыз ба,
Аңсайтындай, қыз күніңді?..

Гурьев, наурыз

СЕЗЕМ


Қиялыммен күні-түн, жаһан кезем,
Кей ойымнан шошынып, лезде безем.
Өлең тумай қалғанға - қиналмаймын,
Суретім бар, салып шимай, бояу езем.

Жылжып кетіп барады, жастық кезең,
Мұң боларын ол дәурен жаймен сезем.
Ақыл-ойым қажыма, шындал тіптен,
Жететінсің қажетте – желден де тез ең.

Гурьев, сәуір

ҚОС СЕРІК - ЕВРОПА ЧЕМПИОНЫ

Бұлқынып жүрек кеудемде,
Қуаныш пен бақыт толғаны.
Қос Серігі қазақтың –
Чемпионы құрлық болғаны!



Естісе, «бокс» – бар қазақ,
Тастай сап бәрін, жүгірген.
Әлемнен алтын әкелгін,
Аз ба еді, кездер, түңілген...

Олимптен көрін, қос Серік,
Сендерден соны сұрайды ел.
Ерсінші көптеп жігіттер,
Қазақтан құрама құрайды ел.

Мәскеу, мамыр


ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІНДЕ

Еттім арман, жиырма жыл,
«Көрсем» деп Көсем, өзінді.
Жатырсың, мәңгі ұйқыда,
Ашсаң ғой, бір сәт - көзінді.

Мавзолей болды мәңгі үйің,
«Төсегің» - табыт, алтыннан.
Өзіңе тағзым етпекке,
Миллион жандар - алқынған.

Теңдіктің туын көтеріп,
Сыйладың бақыт, халыққа.
Қара түнек заманнан,
Шығардың бізді - жарыққа.

Құлауға шақ, қалғаным –
Жығылып, тәжім еткенім.
Осы болды Күн-Көсем,
Жиырма жылда жеткенім.



Қазақ деген ұлтымды,
АССР еттің, қолыңмен.
Келе жатыр сол елім,
Өзің салған жолыңмен.

Бай-манапты тұл қылып,
Халықтың бәрін - тең еттің.
Көрмедің-ау, көп жайды,
Елу үш жасап... сен кеттің...

Зар илеткен заман жоқ:
Теңсіздер ада - жалаңаш.
Елден адам таппаймыз,
Тамақ таппай, қалған аш.


Совет халқы - сенімді,
Партияң келед, жолыңмен.
Социализм туларың,
Қададық мәңгі, болыммен.

Мәскеу, мамыр

МГУ ЖАТАҒЫ

Бүкіл ел боп бек тұтқан -
Мәскеудің университеті.
Соның студенттеріне,
Беріліпті бір күні ит еті!

Студенттер сорлы еді,
Сол күні бұны білмеген.
Ашылып сыр, кейіннен,
Ректорын олар тілдеген.



Ректорға керек кек алу,
Жатаққа қойған аңдуды.
Студент жақсы көретін,
Түнімен жүріп, қаңғуды.

Қаңғудан да жаманы,
Болып жатқан жатақта.
Кейбірлері ашылып,
Кетті айналып шатаққа.


Бейнежазар орнатқан,
Қырықтай бөлме ішіне.
Кей жігіттер озбыр-ды,
Оқитын төмен – кішіге.

Жазылды бәрі таспаға,
Шошытар, адам баласын.
Жиылған екен қыз-жігіт,
Танытып мұнда - аласын.

Бейнежазар кино қып,
Түсіріп түгел алған-ды.
Қараған оны алдымен -
Қайта-қайта талған-ды.

...Бір бөлмеде үш жігіт,
Жатақтасты жығып сап,
Жағалай оны зорлауда,
Кигізе салып, басқа қап.

Бастапқыда оқитын,
Еркек кіндік – бозбала.
Жетпей күші үшеуге,
Қоймайды көп қозғала.



Құйрығынан қан шығып,
Жатып қалған, жігіт жас.
Жасаған оны «бұқалар»,
Араққа тойған, удай мас.

...Бір бөлмеде төрт бикеш,
Төрт шампанды тауысқан.
Содан кейін жұптасып,
Жасауға «лесби» ауысқан.


Жалаңаштап бір-бірін,
Жатыр жалап - тәндерін.
Жылан-сүйрең тілдері,
Алады сосын, сәл демін.

Қолдары да тынымсыз,
Кезіп кеткен бой-бойлап.
Лесбянка – төрт сұлу,
Болады мәз... той-тойлап.

...Бір бөлмеде бір негр,
Мінген кезек... қос қызға!
Кең танауы желбіреп,
Танытқан өзін, лөк-қызба.

Мына қыздар - орыстар,
Денелер аппақ, ақ қардай.
Негр жігіт мықты екен,
Зор тұлғалы... тап нардай!

...Бір бөлмеде арабтар,
Салыпты бір қыз - ортаға.



Саулаған тер, сорлыдан,
Айналған бөлкім сорпаға!

Қайың жігіт – екі араб,
МГУ-ды жаман шыңғыртып,
Өзара қылып, қақпақыл,
Емшегін алған - бір қырқып!


...Бір бөлмеде шыпырлап,
Вьетнамдық, кіл «шабақ»,
Жырқылдасып бикешпен,
Бастап кеткен... бір шатақ.

Екеуі қыздың үстінде,
Итінді салған... иттердей.
Қиналатын қызың жоқ,
Мыналар оған биттердей.

Кереуеттің астынан -
Сығалайды, төрт «шабақ».
Кезекті күтіп келесі,
Тыпырласқан, пол - сабап.

...Бір бөлмеде ұстазбен,
Студентка жатыр төсекте...
Екеуі тырдай жалаңаш,
Бұрыннан қалған - өсекке...

...Көп бөлмеде түн сайын,
Түрлі-түрлі – «жынойнақ».
Есінен тана жаздады,
Қария-ректор мұны ойлап.



Паш етеді, қалай ол,
Жатағын МГУ - баршаға?
ЦК-дағы дөкейлер,
Айырар өзін - «паршаға»!

Есепке алып, осыны,
Ректор сорлы жым болған.
Жатақтағы мол «думан»,
Жалған емес, шын болған!

Мәскеу, мамыр

МАҚТАЙДЫ, ЖАҚПАЙДЫ...

Өлгенше мақтап - өткенін,
Кейбіреу – көбік, көпірген.
Өткені бәлкім, артық-ты,
Мың сан халық – нөпірден.

«Өкіртіп» өзін мақтаушы,
Көбейді-ау елде, неліктен?
Тамызып майын айтқасын,
Аңқиды-ау ауыз – еліткен...

Шал-кемпірлер отырып,
Баяғыны жоқтап, мақтайды.
Кейінгі мына - жеткіншек,
Сыбалған әбден, жақпайды.

Үлкенге салсаң, қызық тіп,
Өздерін мақтап - «ақтайды».
Кейінгі ұрпақ жолына -
Сүргілеп «сапты» тақтайды.

Гурьев, мамыр



МАМЫР ТҮНІ

Төбемде қалқып, нұрлы Ай,
Жұлдыздар түгел, самсадың.
Тамылжы түні, мамырдың,
Сағынып, бір жыл, аңсадым.

Самалың - сенің ғажайып,
Мал мен жанға – ем-шипа.
Ауыртқан басын махаббат,
Маңдайын, сұлу - бір сипа.

Гурьев, мамыр

ӘДІЛ АДАМ

Хисмет Бозанұлы Табылдиев,
Бестігін қойып келед, маған қиып.
Бұл кісі проректоры, сырт оқудың,
Жүргені... келеңсізді, ылғи тыйып.

Тарихты, әдебиетті - жетік білген,
Омырауға журналисті* және ілген.
Профессор Бозанұлы әділ адам,
Бетсізді бетке айтып, жаман тілген.

*Журналистер одағы мүшесінің төс белгісі

Гурьев, шілде



ҚОЙШЫҒҰЛ ЖЫЛҚЫШИЕВҚА

Қойшығұл, Батыстағы - білдей ақын,
Нардайсың, өскін тағы – пілге жақын.
Бар қазақты телміртіп, ырза қылған,
«Тамашада» кеткендей, көлдей, ақың.


«Жұмабай – қайдан шыққан жаңа ақын,
Нөмір сайын, «Индерге» салған тақым?»
Деп осылай, сұрапсың, Бағытжаннан,
Қойшеке, білген дұрыс, бар ғой - хақың.

Ол досым, қоймай қалап, берген едім,
«Қайтесің, шұбыртпалап» - деген едім.
Қай оймен айтқаныңды, біле алмадым,
Дегенмен, шындық керек, опық жедім.

«Қойшығұл жазған өлең, Таңдай жайлы,
Бірақ та, айта алмаймын - шыққан сайлы»,
Осылай, Жәниба ақын, берген баға,
Білесің, апа тілі - бірде сіңір, бірде майлы.
Руласы Қыз Жібектің – ол жерлесім,
Болған ғашық, өз Төлеген – Жағалбайлы...

Аулым жайлы өлеңің - тимегенді қолыма,
Ренжитіндей ретім жоқ, жуа тілеп, жолыңа.
Бас ақыны облыс – боп шыққанда бір күні,
Шарап ішем тікемнен, шын қуанып, оныңа.

Ұқсайсың: аз ба, көп пе - Махамбетке,
Өлендер, бой мен сойың, сақал, бет те.
Ойың заңғар, тілің қанжар, Қойшығұл,
Өткізбессің, бұл фәниді - тектен текке!



Астанадан ауылға, қайттың неге, Қойшығұл?
Той-тамаша сәнісің, атағың бар: «тойшыл ұл».
Асу-белес елемей, шыңға - тіктеп шығарсың,
Қазақ үшін тер төгіп, ат аларсың: «ойшыл ұл».

Гурьев, тамыз

ТҮНГІ ЖОЛ

Қап-қара түн. Жұлдыз да жоқ, Ай да жоқ,
Байланған көз. «Тас соқыр», кіл - келеміз.
Қалың шөп. Ескі жол. Қайда бізді апарар,
Жылтсыз түнек. Емпеңмен еніп - желеміз.


Қап-қара түн. Тұңғыық - жұтып барады,
Үйренді көз. Үйренер де бөлкім... дәнеміз.
Адаспаспыз. Осы үміт алсын, жетекке,
Түн кетеді. Күн келеді. Соған ғана сәлеміз.

Гурьев, тамыз

КҮНДЕС

Көлеңкесі қос бастың,
Қосылмайды - тең емес.
Қосылмайды, әрине,
Болып жатса күнде егес.

Ақылыңда сызат бар,
«Жөңдей» оны алмассың.



Жөндейсін, сен оны,
Арақ сіңген - сүр массың.

Ең жаманы – күндессің,
Түзде емес... үйде - өстің?
Шырылдатып шындықты,
Жалғандықпен кіл бөстің.

Гурьев, тамыз

КҮЗГІ ЖАҢБЫР

Нәсерлеткен күзгі жаңбыр,
Күн-түн қүй да, есті тандыр.
Мол ылғалың әбден сіңіп,
Келер жылға - жерді қандыр.


Қара суық – қорқам сенен,
Кептіресің – бәрін желмен.
Сұрай берем Алла-жардан,
Ызғырықты тіптен бермен.

Гурьев, қазан

«ІШКІШКЕ»

Араққа кеттін, құмар боп,
Бір күні - жардан құлайсың.
Ауруың мендеп, жатқанда,
Жәрдемді менен, сұрайсың.

Мен бергеммен жәрдемді,
«Ақаңа» мойын, бұрасың.



Ішкіштер кілең жиылып,
Сығалап, дүкен, тұрасың.

Мүлкінді салып араққа,
Үйің қалған, «қаңырап».
Төрт балаңда ішер жоқ,
Жылаған бәрі «анырап».

Ішкіш жанға достар көп,
Арағың болса – құйылған.
Ағайын кілең, назалы,
Келуге саған «сұйылған».

Көсемсіп келіп сөйлейсің,
Оныңнан алар, түйір жоқ!
Өмірің осылай, өтсе егер,
Артық сен - бүйен боқ!

Гурьев, қараша

КІМГЕ СЕНЕМ?..

Сенерді кімге білерсің,
Басқа салмақ түскенде:
Өзің үшін жан беріп,
Жапанда бірге үскенде.

Сатқын деген сол болар,
Алды-артыңды - орлаған:
Сәтінді әлсіз дөп басып,
Құйрыққа теуіп қорлаған.

Әділдіктің жолы ұзақ,
Жігіттер, содан, адаспан:
Жетелеп түнде жөнелсің,
Темірқазық, Айлы аспан.

Болайын деген азамат,
Бос жүргенін - мін көрер:
Ата көріп өскендер –
Қайыс тіліп, қамшы өрер.

Ақылды адам алдырмас,
Аңдысып жүрген жауына.
Шын достарға тіледім,
Қалмауды «өмір дауына».

Гурьев, ақпан



ЖОЛДАРЫҢ ҚАЙТА БАСТАЛАР

Тағдырың ауыр, түсінем,
Тыйылсын жастар, көзінде!
Қазылған орлар көп деме,
Шығаратын жолдар - өзінде.

Тағдырға сен де қарсы тұр,
Зерттеп ал, бәрін, ойменен.
Ұзақ жолдың соңы бар,
Басталар қайта – тойменен.

Гурьев, ақпан

ЕРТЕ КӨКТЕМ

Көктем келді, көл-көсір шуақпенен,
Сай-саламен қашып берд, қыстың соңы.
Көлеңкеде ағарған - селдір қарлар,
Жіпсіп жатыр, қос қарыс - жердің тоңы.

Сақманшы қыз-жігіт, шаршағандай,
Қозы бағып - жамыратып, отар қойға.
Алтын Күн құйды нұрын, төбемізге,
Шығармақ, қыс ызғарын өткен бойға.

Томан, наурыз



СЕН ЕМЕС ПЕ ЕҢ...

(Қыздың хаты)

Жазылды саған, үшбу хат,
Өкінем бәлкім, кейін: «қап».
Оқисың қалай, білмеймін,
Беймәлім маған... қазір, тап.


Дегенмен жауап алармын,
Уанып, не жылап қалармын.
Әдемі сенің қолжазбан,
Парақты – сүйіп, жалармын.

Бар жазғанды жатқа айтып,
Жүрекке-сандық салармын.
Өзіңнен хабар жетсе егер:
Бұрымға шашты тарармын,

Айнаның шықпай алдынан,
Көркімді көптеп, қарармын.
Ай-жұлдыздан көзді алмай,
Ұйқы жоқ түнге жарармын.

Қиян да, шеткей ауылда,
Білместен сені, жүрген ем.
Бастан кешпей - сүюді,
Армансыз өмір сүрген ем.

Жолықтым неге өзіңмен,
Тағдырдың ол да бұйрығы.
Ұзын да, шұбақ, апыр-ай,
Махаббат құрғыр құйрығы.



Сүйісті ғой, өзің үйреттің,
Жүректі ездің, «күйреттің».
Сен дегенде «бүлінген»,
Бүлкілін білсең, бүйректің.

Тыныш жатқан кеудеме,
Махаббат отын тамыздың.
Сүйгендер жайлы кезінде,
Оқығам, түрін – аңыздың...

Ойласам сені, жас толған,
Көрсенші менің – көзімді.
Кездесу тағы арман боп,
Тауыстым, бойда төзімді.

Ойласам сені, бүлқынған,
Көрсенші менің – төзімді.
Күтумен өтті, он бір ай,
Тұрлаттым, әбден, өзімді.

Түсіме ылғи, сен ендің,
Таңға таман – ғайып боп.
Жазған соңғы бұл хатым,
Тие ме маған - айып боп?

Сен емес пе ең, сүйгенім,
Жүрекке жұмыр, түйгенім.
Жаныма менің батады,
Сүйгенім үшін – күйгенім!

Гурьев, наурыз



ОТЫЗДАҒЫ ҚҰРДАСТАР

Өмірдің көктемінен кеттік біздер,
Балшығында, былағай - қалып іздер.
Адасу мен жоғалту көп еді ғой,
Достардан табыла ма, соларды іздер?

Отызды теңейді екен жаз маусымға,
Орда бұзған бұл жаста дос-жаусың ба?
Құрдастарым, қатарың сиремесін,
«Аттан!»-даған кімдікі - өз даусым ба?

Арманымыз бұлттарға тұрған тиіп,
Қиялымыз ұшқыр-ды, оздық - киік.
Тағдыр бізді сынады, бөліп алып,
Кейбір досты қинаған - қылмен иіп.

Біреулерде әке жоқ, шеше де өлген,
Айыра алман оларды - жетім төлден.
Көпшілігі құрды отау, сәби көрген,
Серіктерін аққудай, тапқан - көлден.

Қапылыста жүрдік біз, ысып, тоңып,
Нар жігітке ақыл-ой - кештеу қонып.
Осы күннен құрдастар, ойланайық,
Жетпіс жетпей, кетпейік, ерте оңып...

Гурьев, мамыр



ЖИЕНГЕ

Бір кезде дәм таусылып, мезгіл жетер,
Жастық шақ көз алдыңнан бір-бір өтер.
Отыздан асқаныңша бойдақ жүрмей,
Баянды махаббат тап, шаңырақ - көтер.

Сүйгенің боп жүрмесін, сылқым сұлу,
Ондайдан таппайсың ғой, жанға жылу.
Жеңілтек сұлулардың көбінде бар:
Сыртыңнан - ойнап-күліп, мазақ қылу.


Жасыңа жетпей жиен қартаясың,
Таусылып, өз-өзіңнен - ортаясың.
Дем бермес, іс түсіп, қиналғанда,
Бәрі бір, ондайларға, кімді аясын.

Қосағың болса егер күлім қаққан,
Сенімнің, жүрегіне - отын жаққан,
Қыздарды көп таңдаған сері жиен,
Дер едім, асыл жарды міне тапқан!

Жігіттің көркемісің, бойың да бар,
Шешен сөзің ортада - мойындалар.
Құлаққағыс етерсің, нағашыңа -
Қандай жанға үйлену ойыңда бар?..

«Құда бала» болғансың, біраз досқа,
Өкінбегін: - Кетті, - деп, - бәрі босқа.
Шаңырақтар құрысқан шатқа толып,
Таласқай-ды тойларда, адам - тостқа.

Апамыз асқан кезде - алпыс жастан,
Жиенге арнап жаздым, шағын дастан.



Сүр бойдақ өмірменен хош айтысып,
Алып кел, жас келінді - қылып астан...

Гурьев, маусым

ҚЫЗ МҰҢЫ

Айырды сенен, бұл тағдыр,
Көру жоқ - қайта, өшті үміт.
Аспанда жүзген ақша бұлт,
Жұлынған бейне, шөп түбіт...


Төбемде торғай зыр қаққан,
Жыланға жерде, арбалды-ау.
Кешегі дархан шат өмір,
Сырт айналып, тар болды-ау.

Кеткен бе, түгел құрбылар,
Күйеуге шығып, бай тауып?
Соңына қалдым бәрінің,
«Кәрі қыз» деген, бар қауіп...

Гурьев, маусым

БАЙДЫҢ ЗАРЫ

Домбырам шіркін керім-ді,
Қалғаны-ай жұртта, тартылмай.
Еселеп салды-ау - салықты,
Таппадым, қайтем, артық - май.



Май-сүтті - қайтіп табамын,
Сауатын менде, малдар - жоқ.
Ақылды кімнен сұраймын,
Бас иген бұрын – шалдар жоқ.

Жүннің де салды салығын,
Түткіздім, барлық арқанды.
Істеген бәрін - шымиям,
Қарыды, мұздар - арқамды.


Тәптіштеп үптеп әкеткен -
Кешегі өңкей - жалшылар.
Қарсыласып, не табам,
Оған барсам – жан шығар.

Қырық отар қой болған,
Жылқыларым – жүз үйір.
Бес мың түйе өрбіген,
Қалмады бүгін, бір түйір!

Көп алған - қатын, бай едім,
Үш тоқал - жап-жас, бәйбіше.
Әрбіріне солар, жұмалап,
Баратын ем, кезек - шәй іше...

Киіз үйдің тіккем, бесеуін,
Бірдей қып бәрін – он қанат.
Он бірін ұлдың, туғызғам,
Болад деп ертең – қолқанат.

«Кәмпеске» деген бір бөле,
Әкеткен жинап, қалдырмай.
Тағдырдың мына тәлкегі,
Есімнен мүлде тандырды-ай.



Барымды түгел алып боп,
Башқұртқа бір күн айдады.
Алтынды көмген төбешік,
Опынбайын: «Қайда-ды?»

Сезеді-ау, құрғыр, жүрегім,
Башқұрттан тірі қайтпаспын.
Туған жерді құшаққа ап,
Әндерді, шырқап айтпаспын.

Тоқалдар – болды, опасыз,
Түгелдей тиген – «қызылға».
Құлақты бекер түрмеппін,
«Шөп салды» деген ызылға.

Балдарым – сорлы, үрпиген,
Күндерін өткен - түс деймін.
Уайым бар, бүгін оларда:
«Нені – ішем... не – жеймін?»

Болдым ба, сорлы осылай,
Бұйырды өлу – жат жерде?
«Қызыл жаға» айдайды,
Байларды салып, ақ терге!

Ақ Жайық қалды артымда,
Орынбор қайран, ол да жоқ.
Болды-ау, бөрі, алдамшы,
Дүниені білдім, екен – боқ!..

Гудермес, шілде



ӨМІР-КЕМЕ

Бәрі есте, балдай тәтті - бала шағым,
Түсінбей, су деп шапқан, көріп сағым.
Өмірдің секіріп кетіп - өзеніне,
Құлаштап, жүзіп бергем... кесіп ағын.

Ол өзен құяды екен - алып көлге,
Бір жағы шектесетін - шетсіз шөлге.
Құмдары, тау тәрізді сұлап жатыр,
Шақыра ма, ол мені: «шөлдеп өлге».

Отырдым, бір кемеге, көппен бірге,
Жағалау қол бұлғайды, болып - ірге.
Кеме үсті – ығы-жығы түрлі халық,
Сыйындым, ауруаққа, барлық пірге.

Ол көлде көп жүзбеді желкен кемем,
Жасаған – дейді, Қорқыт – иіп, емен.
«Сапасы бүгінгіден кемдеу сокқан,
Әшейін, адам мінер - қайық», демен.

Кемеміз - өтіп шыққан, көк теңізге,
Бұл теңіз, қорқыта ма, толқынымен?
Айвазовский салғанды - тірі көрдім,
Тоғыз балдар дегенмен, олқы менен.

Мұхит күтіп жатқандай, енді - алда,
Сақтай гөр, ол алыптан, мені – Алла!
Ұзағырақ жүзейін, «шарды» шарлап,
Ақ арманым, сен - өлме, үміт - талма!

Астрахан, шілде



ГУРЬЕВИМЕ – АЛЛА ЖАР

Жеті қабат жер асты –
Мұнайға толы, газ толы.
Гурьевіме – Алла жар,
Тұр ашылып, бар жолы.

Каспий-Жайық олжалы,
Елімді жатыр жарылқап.
Кейінгі жас - жерлестер,
Еңбек ет те, барды - тап.

Гурьев, тамыз

КӨРИНГІМ КЕЛГЕН


Үмітті ерттеп, ертеңге,
Сәнімге міндім бүгінгі.
Өмір деген шалт екен,
Болды ғой көбі - үгінді.

Соңымнан ерген ініге,
Көрінгім келген, өнеге.
Ертеден өзім бас игем,
Тарихтың көзі – көнеге.

Бөрінен бірақ түңілмен,
Ғұмырым жетсе білгізем.
Елуге жасым жеткенде,
Бейнемді - жарға ілгізем.

Кештеу халық мойындар,
Оған да, қайтем... көнемін.





Танытып болып өзімді,
Жалп етіп бір күн сөнөмін.

Гурьев, тамыз

ҚАПАСТА


(Нақақ сотталушы сөзі)
Отыз жетпей қор болдым,
Алты жыл жарым – абақты!
Досыма сеніп, алдандым,
Сыртымнан сатып, қаматты.

Жарығын Күннің көрмедім,
Қараңғы үй - сасық, тар қапас.
Сырымды қанша айтсам да,
Шемендеп қатқан – тарқамас!

Жиырма төртте - әйелім,
Бергені туып – қос балпақ.
Аяғы ауыр қалған-ды,
Түспекші оған бар салмақ.

Түсінер мені - жарым ғой,
Атам мен енем - кешірмес.
Бауырлары - тентек-ті,
Өштеспес, бәлкім, есірмес.

Соттады нақақ, кінәм жоқ,
Дос-жаран қайтіп сенбейді?
Ойласам бәрін – мүжілем,
Ақыры мұздың – сең дейді.



Құдайым, маған қайрат құй,
Денсаулық қажет, алдырмас.
Үш жылда шығам жарыққа,
Тағдырға сенем - қалдырмас.

Қалған мерзім шартты боп,
Қайтармын үйге, сағынтқан.
Алармын сосын кегімді,
Адамнан, анау – «ант атқан».

Шыдармын, енді, қайтемін,
Бұйрығын Тағдыр кескен соң.
Тілеумен, таңды атырам,
Шешкей деп, Құдай, оны - оң...

Гурьев, қыркүйек

КҮЗ КЕЛДІ

Күз келді, жердің беті сарғыштанып,
Аптап Күн, алыстады-ау, оны танып.
Өл жетпей, ызғырыққа жатыр бұғып,
Жауынға, ой-қырларым әбден қанып.

Үш айды толық ұста, алтын күзім,
Жиналсын, түгелімен, бақша-жүзім.
Астықты орып болсын, қазақ елі,
Беті аулақ! Зәруліктің, нанға – үзім!

Күз өтер, мезгіл жетіп, қыс та келер,
Мал-жанға салып салмақ, түрлі нелер.
Өзен-көл, мұз қатырып, су жасырып,
Далада, қарды қуып, боран - «желер».

Гурьев, қыркүйек



ЕРТЕ ЖАУҒАН ҚАР

Қонып жатыр, иыққа - қар ұшқыны қылаулап,
Соңғы тобы тырнаның, өтті ұшып, «тыраулап».
Жердің беті жамылған, ұлпа-мамық көрпені,
Аппақ қарға алды боп, алғаным жөн, бір аунап.

Қараша келмей, қар жауып, үркіткені - күзімнің,
Үрейлі күйін көрдің бе, «әлем-жәлем» жүзімнің?
Басты иіп табындым, жұмбағы мол тылсым күш,
Қиналғанын көрсетпек, ауыл мен қала, түзімнің!

Гурьев, қазан

БАЛА КЕЗ ҚЫСЫ

Сары аяз, үскірік жел, шыдатпайды,
 Борасын - қарды қуған, жерде, көкте.
 Бұл қысқа - айттың не, айтпадың не,
 Жүрмейді, оған бізден, тіптен - өкпе.


Ат-шана, қыста мініп, көріп пе едің,
 Ізімен, салып берген, «рельс жолды»?
 Делбемен «шу-шулетіп», жеккі атты,
 Домбытқан әкем байғұс, бетті, қолды.

Қар мен шана жанасып – сырылдаған,
 Трактор жоқ, құлақ ұрып, дырылдаған.
 Көрші ауыл, иті - шығар, алдымыздан,
 Жатсынып, «арсыл қағып», ырылдаған.

Жолаяқ - қалмай үйде, еріп шыққан,
 Көп иттен, қорқып кетіп, маған - ыққан.
 Төбеттер жиналып ап, талаған соң,
 Шанама тонмен бүркеп, шөпке тыққам.

Әкем айтқан, ертпеді - Жолаяқты,
 -Тұсайды, - деп, - балам-ау, қол-аяқты.
 Итім үшін, қайтейін, «жей» жаздадым,
 Тыңдамауым – «зиян» боп, мен таяқты.

...Шіркін-ай, қайта оралса, бала кезім,
 Көк мұзындай, өзеннің, мөлдір сезім.
 Білмеппіз ғой, есею - арман болып,
 Жастықтың - өр суындай, өтер, тезін.



Сағынышым, кешегі - балалық шақ,
Қырдағы, иттер бөлек, қояндай, сақ.
Қысы қызық, ол кездің – бүгінгіден,
Қайтып көріп, кетсем-ші, оянбай-ақ...

Гурьев, қаңтар

ӘКЕДЕН АЙРЫЛҒАН КҮН

Қап-қара бұлт, көгімді менің, басқан күн,
Қасірет, қайғы, бастан ұрып - сасқан күн.
Жылау-жоқтау, түршіктіріп - жанымды,
Әкешім, қоштаспастан о дүние асқан күн.


Сұм тағдыр, жұбаныштан, қаққан күн,
Сел болып, көздерден жас - атқан күн.
Жүрегімді «жезтырнақтар» тырналап,
Жазылмауға жылан-шаян шаққан күн.

Ол - әкеден мәңгілікке, айырған күн,
Ол - белімді, отызымда - қайырған күн.
Ол - әкені, жер қойнына берген сәтте,
Айналам тұмшаланып, тұтылған - Күн.

Гурьев, наурыз

ДҮНИЕ - ЖАЛҒАН

Кім өлмейді, бәрі өледі, пендеміз ғой - мұңдаспыз,
Өлгеннен соң, үлкені жоқ, кіші де емес – «күрдаспыз».
Жаратқасын Алла бізді, сағат санар - адам қып,
Уақытшамыз, қас та, дос та, бұл дүниеде – сырласпыз.



Ажалыңды сездіре алса, бойға біткен - түйсігің,
Тындырарсың, кейбір істі, жанұшырып күйбеңмен.
Жер қойнына мәңгі ену – пешенеңе жазылған,
Бұл өмірге - барды беріп, жан-тәніңмен сүйгенмен...

Шатақ қуып, ырылдасып, бос өткізген күндерін,
Біреулер жүр, азып-тозып, сүйретіп күр сүлдерін.
Біздерге жат, Советтерде - коммунистік қоғамда,
Өсіре алмай, сорға жықса - Ұрпақ деген гүлдерін.

Гурьев, сәуір

БАУЫРЫМА

Қарғалардың қарқылын,
Ұқтың, қалай, бауырым?
Өлген жайлы хабардың,
Білдің, қандай - ауырын.

Жаса сақтық - жүрегіңе,
Кек пен шерден ада бол
Әлсіз бенен жүдеулерді,
Жүргін, демей, пана бол

Қатал тағдыр - алыс емес,
Күн-түн күтіп, бағып жүр.
Кей қатарың ұйқылы-ояу,
Жолын білмей, лағып жүр.

Досың болса - жүз қаралы,
Он қамалда, тұрғандайсың.
Күш-қуатың, жатса тасып,
Тау өзенін - бұрғандайсың.

Гурьев, сәуір



БӘРІ ӨТЕДІ

Дүние қызық – тең бөлінген, төрт маусым,
Көктем мен жаз, күзден кейін - қыс келген.
Бәрі өтеді, кезектесіп, өмір менен әлемнен,
Сорлылармыз, күн-түн шапқан, құр желген.

Гурьев, тамыз

ӨМІРДЕ


Гүл мен ару - мәңгі бақи егіздер,
Жалаң жүрек - бұл екеуден, ем іздер.
Судың бәрін жинап алған неліктен,
Алып мұхит, көлдер менен теңіздер?

Жылап сәби: «Дереу мені еміз!» дер,
Бойдақ жандар, өмір бойы, тең - іздер.
Сымбаттыға қызығады ылғи да,
Келіншектер, «Құдай ұрған» семіздер.

Гурьев, тамыз

ПЕНДЕШЛІК

Бір тойғанға мәз болып,
Жерді басқан - пенделер:
Басқа салмақ түскенде -
Істерді білмей, сенделер...



Ақылды берген, ұға алмай,
Үй болып және тұра алмай,
Өмірде жүрер шаң басып,
Жиғаны - мүлде, құралмай.

Гурьев, тамыз

ТАСТАНДЫ КЕЛІНШЕК

Танысқан күн өзіңмен, ұмытылмайды, есімде,
Біз отырдық - иықтас, құрбы қыздың кешінде.
Бар жігіттің ішінен, сен көрінген - тым бөлек,
Қиялыммен айтқанмын: ал құшаққа, шешін де...


Биге мені шақырдың, асылды қолым мойныңа,
Әзіл айттың сыбырлап, санадым оны - ойнына.
Жұрттың көзі біздерде, қарай берген қызығып,
Арақтың уы мас қылды, алшы тездеп қойнына.

Тілегім менің қабыл боп, ертіп бардың үйіңе,
Бастапқыда қысылғам, «қызып» қалған күйіме.

Іздеп «мүлтті» дөңемнен, сезік сезім еркімен,
Шешінгенде жарысып, қарадың жаман, түйіле...

Ұрды мені бір тоқпақ, дөңеңе - дөңем тигенде,
Кетті, қашып ақыл-ес, ернімді сорып, сүйгенде.
Құшағыңда жатқаным - бағым, әлде сорым ба,
Тамшы жасым ыршыған, отыңа сенің күйгемде.

Жасадың маған ұсыныс: «үйленейік - осы жаз»,
«Көп таңдаған оңбайды, жолығады - оған таз», -
Деген мақал бар ғой-ды, біздің қазақ халқында,
Мен де солай ойладым: «мына бақыт болмас аз».



Кәрі қызға не тұрыс, күйеуге шықтым мен саған,
Сезіпін бе сорлауды, ғашық қой дедім ол маған.
Жыл өтпеді арада, басталды бізде - «қақтығыс»,
Етек көрсе, «сүзінген», болып шықтың - оңбаған!

Қыз-келіншек соңында, саған бәрі - таласқан,
Кейбір кеште, соларың - төбелеспен тарасқан.
Апта сайын шатасу, қажытқан-ды мені әбден,
Семьямыз не керек, болмай шықты, жарасқан.


Көндіге алмай өзіңе, үш жылым-ай, бос өткен,
Содан кейін келді ой: «жетер енді, осы - өктем».
Бардым бойдақ құрбыма, тауып берді жігіт ол,
Төсектегі «қызықты» көрмегенмін, мен көптен...

Қанды менің құмарым, қайтты кегім, осылай,
Келгенімде – үйіме... ұйықтамапсың - тосып-ай...
Төсекке алып ұрдың да, қылдың мені «ашына»,
Ашуыңның пайдасы, «шаптың» ұзақ, жосып-ай!

Бөленгенмін ләззатқа, сенен артық - жоқ еркек,
Болып шықты «мұнымыз», төсектегі - бір ертек.
Бедеудің жайы белгілі, айғырды алар қайырып,
Мінісіңе - дайынмын, шапқын күнде, тек ерттеп.

Екен мұның алдамшы, кетгің тағы «қаңғырып»,
Сені құшқан ұрғашы - барып тұрған, саңғырық.
Тасадағы қимылың - көзіме менің, салған шөп,
Жетіп жатты үндерің, жүректі тіліп, жаңғырып.

Құрбылар айтты: «ажырас, үміт қылма, қарама,
Уайым қылар - балаң жоқ, жетім қалар, арада!»
Шешем байғұс еңіреп, айта алмады ақылын:
«Жас емессің, қарағым, алдыңды ойла, сарала».



Маған дейін екі әйел, жіберіпсің - кеш білдім,
Үшінші қылып, о, тоба, қармағыңа - мені ілдің!
Ашынаның қаншасы, отырып қалды көк мұзда,
Қыз-қырқынды арбадың, арқасында бал-тілдің?

Үйіне сенің - жаңадан, төртінші қатын кіріпті,
Салатын менің, ойым жоқ, «гареміңе» - іріткі!..
Айтқаным жөн, білгесін, қауіптілеу бір жайды:
Жіберген бұрын, екі әйел - саған қарсы бірікті!..

Гурьев, қыркүйек


МАЙЛИНШЕ

Кеше

Мен - кедеймін, кедеймін,
Сұраса жайды, не деймін?
Бай баласы тыржындар,
Қайтсем де, оған өгеймін!
Қырық жамау - үстімде,
Осылай жерге түстім бе?!
Қол-аяқтан кетпей тұр,
Қалыңы жаман күстің де.

Ерте тұрып, кеш жатып,
Ас бұйырмай - аш, қатып,
Итпен бірге таласқам,
Майлы сүйек - бал татып.

Малды бақтым, күн ұзақ,
Қоянға салдым, түн тұзақ.
Он екі айлық еңбегім -
Қысыр қой-ды - үш тұсақ.



Сүйреттім шарық, аяққа,
Жығылғам талай, таяққа!
Қанға бөгім жатсам да,
Бай мен болыс - аяп па?!

Құтылмадым жалақтан,
Саулайды биттер балақтан!
Таз басымды қанатқан,
Қорқамын - темір тарақтан.


Келіп те қаппын, отызға,
Қатыным жоқ, бойдақпын.
Ұрпақ пен тұяқ керегін,
Былтырдан бері ойлаппын.

Даусы байдың барқылдаған,
Күлкісі жаман, қарқылдаған.
Қатындары - тіптен өткен,
Менмен кілең, тарқылдаған.

Тым-тым қысқа, қол-аяғы,
Түйе қарын, «мес» ед - іші.
Елу жасты еңсергенмен,
Тоқалдар жас - менен кіші.

Құрсын күні, жалшылықтың,
Ашынып, кейде бұлқынамын.
Барар жерді - таппай, бірақ,
Байлаулы аттай жұлқынамын.

Бүгін
...Жарылқады, Құдай - елді,
«Қызыл» жеңіп - Кеңес келді.



Күң мен күлдар көтерілді,
Қайысып кеткен, жазып белді.

Өкімет жаңа, қажет етіп,
Байдың алдық - барлық малын.
Төрт үйін де, тінтіп шықтық:
Жиырма шақты, кілем - қалың!

Қалды байға - бәйбішесі,
Жас тоқалы - маған қатын!
Екі әйелі қашып кеткен,
Алдым мініп, жүйрік атын.

Тоқал етем қызың, бөлкім,
«Сөз» салып жүр, оған өркім.
Қырықтағы бәйбішесін -
«Ашына» қыпты, біздің әкім.

Бай сорлады, біледі екен,
«Тірі өлік» боп, үйде жатыр.
Туырлығын ұрады кеп,
Теңдік тиген - кедей пақыр.

Кешегі күн ат үстінен аяқ берген,
Бакем, қу кедей боп, құрып-бітті.
Итаяқтан ас ішіп, түзге жатқан,
Жалшысы, желбіретіп жалау тікті.

Гурьев, қыркүйек



БІР ТӨБЕТ

Түніменен бір төбет,
Үріп шықты, еш тынбай.
Неше ояндым, білмедім,
Түріп құлақ, тың тыңдай.

Төбет неге үрді екен,
Ұры жүр ме... аңдыған?
Әлде мысық, иттер ме,
Тамақ іздеп, қаңғыған?

Бұл төбеттің тамағын,
Берді ме екен, кешкісін?
Аш қалғасын ол байғұс,
Үрген шығар: «естісін».

Таңдай, қазан

БАР - ЖЕБЕУШІМ

Менің де бар-ау, жебеушім,
Сақтаумен жүрген жанымды.
Ешкімге бірақ сыр ашпан,
Шықпайды, білем, нанымды.

Тұқымнан сіңген қайсарлық,
Буырқант, қыздыр - қанымды.
Жағымпаз бен жылпостан,
Таза етсем, шіркін, маңымды.

Гурьев, қазан



АҒА БОЛДЫҚ...

Отыз астық - бала едік, кеше біздер,
Туған жерде қалдың ба, жалаң іздер?
Аға болдық, бүгінде, көп жігітке,
Құрметтейді кейінгі, айтып: «сіздер».

Танытпады қайтейін, кейбір жүздер,
Жаз маусымды қуады - сұрша күздер.
Картасында облыс жылтыңдайды,
Мен баспаған, білмеген, небір түздер.


Балалықты қалдырып, отыз астық,
Кейбіріміз - шіренген қортық бастық.
Төр іздейміз, қайда да, көзді сатып,
Қолтықтарға сұраймыз, және жастық.

Гурьев, қараша

ҚАЙРАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Ой-хой, дәурен, оралмас, бала кезім,
Тәрізді еді, мөп-мөлдір – пәкті сезім.
Балалық - тіптен тәтті, уайымы жоқ,
Білдік пе біз, зыр өтерін, тіптен тезін.

Ойнап кетсең, үйінде - шешең іздер,
Жұмыс беріп, амалсыз, байлап-тіздер.
Балалары ауылдың - еңбек еткіш,
Қалада өскен, құрдастар, емес - сіздер.



Көгеріп жер, құйғанда шуақ, көктемгі,
Қалайтынбыз біз, жаңбыр жиі төккенді.
Жиналып ап, бүкіл қарты - ауылдың,
«Жырлайды» кеп, қыстан аман өткенді.

Шүлдік ұрып, ұзап шықтық ауылдан,
Дызылдайды-ау, алақан - түн ауырған.
Киіз үйді – теңселтіп, кеп ұратын -
Қорқатынмын, тұрған кеңет дауылдан.


Жаз қайырдық, отар қойды, құдыққа,
Жалау еттік, байлап жаулық құрыққа.
Жүгіргенде - алда келу мақсат боп,
Отыра қалып, боядық табан, құлыққа.

Асық атып, таластық – «Хан-талапай»,
Ұтқан жақтар, шуласқан: «Ой, алақай!»
Доп қуамыз, далада, «қақпа» құрып,
Күн ыстығы қайтқанда-ақ, бар балақай.

Күз келгенде, ойналатын, мәлік бар,
«Тепкілеумен», іскенде аяқ – етік тар.
Қой терісі - қорғасынмен салмақты,
Тобық жарық, бәтеңке-етік - тесік бар...

Қыс түскенде, борандатып, жауып қар,
Аула шықпай, жем сұрайды - тауықтар.
Жыңғыл шауып, дайын еткен отынға,
Достар кейбір, қоянды аулап, сауықтар.

Ұшқанбыз, биіктерден - шана мініп,
Қатқан мұз қалыңдығын, жатқа біліп.
Конькиді, зырылдаттық, әрлі-бері,
«Жалтырды» - еш аямай, осып, тіліп.



Сағындырған, оралмас - бала кезім,
Тәрізді еді, мөп-мөлдір – пәкті сезім.
Балалық - тіптен тәтті, уайымы жоқ,
Білдік пе біз, зыр өтерін, тіптен тезін.

Гурьев, қараша

ТАҒДЫР ЖОЛЫ

Білгендерге тағдыр жолы, шырғалаң,
Содан қалай, абыроймен, шыға алам?
Көтерілсем, мансап қуып, жоғары,
Сырт көздерге - одан сайын сыналам.

Мені баққан, жан-жағымнан мың адам,
Оныншысы болып шықса – шын арам?..
Қалай сонда, мақсаттарға жетемін,
Бір ғана жол.. туындатса – он тарам?..

Гурьев, желтоқсан

ӨТІНІШ

Шытпашы қабағыңды, өтінемін,
Ренжігенді көрсетпен - өкінемін.
Келіп қалдым қайтейін аяқ асты,
Жіберілген сендерге, өкіл-немін.

Жұмыс жайы болғасын көнесіңдер,
Қортындысын, тексеріс.- көресіңдер.
Жақсы шықса барлығы мен де риза,
Жыл бойына мыңқ етпес төресіңдер.

Гурьев, желтоқсан

ЖАРАСТЫР...

Адам боп дүние көрген соң,
 Азаматтық еткін, достарым.
 Киноға түс деп айтпаймын,
 Асанәлі алсын - «Оскарын»!

Айтпасқа мұны болмайды:
 Достарым жақын, көз - көрген,
 «Сөзге қалып жүрмеңдер»,
 Іздеймін деп, орын, қақ төрден.

Кейбірді анық білмесең,
 Білетін жаннан сұрастыр.
 Шытынай қалса - семья,
 Дәнекер болып құрастыр.

Жүйрік атты сынасаң -
 Апар да, бәйге - жарыстыр.
 Мылжыңға түрме құлақты,
 Ебін тап, жағын қарыстыр.

Қалт-құлт жүрме, өмірде,
 Табанды жерге жабыстыр.
 Ренжіскен жандарды,
 Орайын тап та - табыстыр.

Гурьев, ақпан



ЖАС СҰЛУҒА

Нәркес көзің жәудіреп,
Қарай бердің - жас сұлу.
Қызғалдаққа ұқсайсың,
Өмірге ғашық, мас сұлу.

Аппақ жүзің албырап,
Тіл қатасың - майдалап.
Отыр өзге - жігіттер,
Қиялмен сені «аймалап».

Үнің жұмсақ - мүбәрәк,
Балқытып бойды барады.
Менен жастау көрінген,
Бір жігіт - налып қарады...


Гурьев, наурыз

ҚАНЫМЗИЯҒА

(Үйленгеніміздің 5 жылдығына)

Қосағым-ау, өмірлік - жаздым саған бір өлең,
Жылуысың жанымның, шамшырағы үйімнің.
Мінезім менің қазақы – бас ұрмайтын әйелге,
Ашық мадақ - ыңғайсыз, іштей ғана сүйіндім.

Түсінбейтін жетерлік, адамзат құрған әлемде,
Әйелін мақтап көп ақын, өлең-жырын жазбаған.
Құдай қосқан жарымсың, бетімдегі арымсың,
Салтты бұзып бүгін мен, арнадым өлең, аздаған.



Өлең-жырын арнаған, аруға - ақын үйленбей,
Үй болғасын соларың - әйелін әттең, қор еткен.
Сұлуды көрсе - қиялдап, арақ ішсе – зияндап,
Семьяны қор қылып, өмірден солай, сор кеткен.

Бес жыл толды өзіңмен, ақ отауды құрғалы,
Жайлы шаңырақ астында - тату-тәтті тұрғалы.
Гүлнар, Жанна – екі қыз, туып бердің әдемі,
Қанша арақ ішсем де, ұмтылғам жоқ – ұрғалы.

Керек енді, екі-үш ұл, болуы үшін - ұрпағым,
Сол арманға жеткізгей – сәнің таза құрсағың.
Зерттегенім - қыр-сыры, фәни атты өмірдің,
Алданбайын қиялға - жеткізбейтін құр сағым.

Гурьев, наурыз

ДОСТАРЫМ

Өздеріңсің, достарым, қара орманым,
Ортасы еді достардың – тас қорғаным.
Сендерменен шертілер, сырдың шегі,
Өздеріңмен тәтті екен... бар - орғаным.

Сендерсіңдер - өрісім, барар маңым,
Өздеріңмен бір көрем, шаттық таңын.
«Жастар» деген атақтан ертең қалып,
Соғамыз-ау, шалдарша, тірлік қамын.

Гурьев, наурыз



ҚАЙРАН ӨМІР

Білгенменен, өмірдің өтпелігін,
Сол өмірді, тәу етіп, өтпеді кім?!
Қалдырмаса, жүз жаста игі ісін,
Қазағымда ондайды сөкпеді кім?

Игіліксіз, жүз жастың керегі - не,
Боқсақтың, бойды созғам, терегіне.
Елу жас, сүрсем өзі, жарап жатыр,
Шомамын, түпсіз ойдың - тереңіне.

Елу жылда атқарсам – бір ғасырды,
Тыным таппай естіртіп, пір тасырды.
Содан кейін айта алмас, мен өлгесін:
«Бойындағы талантын ол жасырды».


Өмір сүріп, тек қана - ширек ғасыр,
Ерте кетті-ау, қайтейік, кейбір асыл.
Бұл фәниден, жігіттер, өткен дұрыс,
Балаларға, қоғамға – болмай масыл!

Гурьев, сәуір

КЕЙ АДАМ...

Өткенін алып, мысалға,
Мақтайды өзін - көп адам.
Жалғанын сезіп кейбірдің,
Мырсыл күліп, мен қалам.





Кәріні бірақ, сыйлаймын,
Айтсыншы, мейлі тарқатып.
Тұлпарға кейбір теңелер,
Шабатын талмай таң қатып.

Гурьев, мамыр

ӨКПЕМ ЖОҚ

Денсаулық биыл сыр берді,
Іш-құрылыс сыздап, түйіліп.
Жабысып алып, бұл кесел,
Жарты жыл жүрмін, күйініп.

Отыздан асқан жасымда,
Нақыл айтсам - қалай-ды?
Жас екем деп қарамай,
Салып ем жөнге талайды.

Болдым бүгін мен енді,
Қос қыз бен ұлдың әкесі.
Атанып және үлгердім,
Біреудің сыйлы - Жәкесі.

Ғұмырыма өкпем жоқ,
Жайдары жаз – жылдарым.
Өмірдің қыры сан түрлі,
Өткізіп те алдым, ызғарын.

Жасарса қайта жаң-жағым,
Кешігіп жеткен - көктемдей.
Селт етіп кейде шошынам,
Сыртымнан біреу, өпкендей.

Гурьев, маусым



АҒАЙЫНҒА

Ағайын, туыспенен болмайық қас,
Қылады-ау, ол дегенің жүректі тас.
Адамға жеке-саяқ бақ қонбайды,
Осыны біліп жүрсін - арттағы жас.

Өмірде, адам біткен - түгелдей «мас»,
Жүргендеймін, тап солай, айтуым рас.
Ағайын тату болса – бәрі де мол,
Қазан мен дастарханда арылмайды ас.


Гурьев, шілде

АҢШЫ БАСТЫҚ ПЕН ОР КИІК

Паң бастық жүруші еді, қырып киік,
Жаз, күзде сорлыларға – қырғи тиіп.
Әкелді, Құлсарыға, жүзін - бірде,
Белдігін, «ГАЗ-елу үш» – жерге иіп.

Олжасын - өзгелерге мақтан еткен,
Сонымен, бас пайдасын тапқан екен.
Бір киік - әлгі жүзден, тірі қапты,
Сытылып шыға келді, елден - еппен.

Адамның қаңтарылып қалды бәрі,
Дәу теке, жанұшырды-ау, одан әрі.
Оқтай боп орғып-орғып, атылады,
Бойынан кетпей тұрып, өр мен әлі.



Бастықтың кідіргені, шеткі үй еді,
«Ақмешіт» бет, Шығысқа - емінеді.
Киік кетті, сол жаққа құйғытумен,
Қалың шаңнан - бір нокәт көрінеді.

Мерген басшы соңынан қуып берді,
Сыпырмалап маңдайдан, суық терді.
Мінгені - «УАЗ-супер», судай жаңа,
«Әу» дегенше, алатын, әудем жерді.


Халық қалды, қиқулап, қызық көріп,
Лақтырған бар, еліріп - қалпақ, бөрік.
Қуысуға даңғой топ баратын-ды,
Астарында, болса егер - мінер көлік...

Жете алмай, бұл бастық, ор киікке,
Айналған-ды, қанішер, көр кейіпке.
Төмпештеді шөпірін, балағаттап,
Сол заматта тап болған, бір бейітке.

Киік оған кірген-ді, санап - пана,
Бастық жігіт барлады, аңдап қана.
Молалардың бірінен айналғанда,
Ұшып түсті аңшымыз, естен тана.

Ұрған оны, қақ төстен, еді - киік,
Архар-мүйіз талдырған жаман тиіп.
Есін жиды паң бастық, ащы судан,
Кеткен болды, ор теке... бетке сиіп!

Шөпір жігіт таңданды, көріп бөрің,
Үлкендерден алған-ды, тәртіп-тәлім.
Аяп кетті бастығын, әлем-жәлем,
Оқыған-ды, тездетіп «Құран-Кәрім».



Міңгірледі бастығы: «Мылтық қайда?»
Сұраған-ды және ол: «...осы - жай ма?!»
Шалып қалған көздері – ор текені,
Барып қалған, орғумен - жарлы сайға...

Мылтық кеткен... ор теке мойнында,
Уыс жүн... қайдан жатыр, қойынында?!
«Аңшының» түрін көрген - шошынады,
«Мат» болған - «Киік қыру ойынында».

* * *

Жас бастық, дереу қойған, аңшылықты,
Бір көзге «мылтық кіріп», шаншылыпты.
Қырыққа толар шақта – ажал жетіп,
Жапанда, жүрек тоқтап... жан шығыпты...

Құлсары, қазан

КӨҢІЛ - ЖҮДЕУ

Отырған едім, сансырап,
Келіп қалдың - хал сұрап.
Асқазан биыл ауырған,
Мезгіл-мезгіл шаншылап.

Жауады жаңбыр тамшылап,
Кешікті-ау, кеткен - аңшылап.
Күз маусымға сенім жоқ,
Тұрса да жұлдыз - шамшырақ.

Гурьев, қазан



ЕДІЛ

Оңаша мені шақырдың,
Жағасы жалпақ Еділдің.
Сылдыр қаққан ағысың,
Баттым да ойға, егілдім.


Осы жерде соғысқан,
Әкем мен оның ағасы.
Оралған елге - інісі,
Болып опат «жағасы».

Алапат сулы – қаһарлы,
Еділден мына, қан көрем.
Қырылған-ды он мындап,
Қаланы қорғап, жас өрен.

Құлағыма менің келеді,
Солардың зарлы үндері.
Тағдыр жазған, қайтеді,
Таусылған өмір-күндері.

Қазақтар қалың жусаған,
Батырлар, көзсіз, жүректі.
Шығарған кеше балалар,
Фашисті құртқан күректі.

Таусылса егер, бар оғы,
Бұраған жауды, жалаң қол.
Айтпады деме, бауырым,
Күрекпен ұрған - қазақ ол!



Мылтыққа қазақ жарымай,
Кезекпен атқан - дұшпанға.
Мына жайды ұқсаттым,
«Алысып» ажал құшқанға!

Келеді зарлы... қазақы үн,
Қырылған мыңдап бауырым.
Соғыстың көрді сорлылар,
Жалмайтын тажал – ауырын.

Ерлікке куә, қарт Еділ,
Қазақты жүздеп жұттың ба?!
«Мамай қорған» менікі,
Тарихты айттым, ұқтың ба?!

Волгоград, қараша

ТЫҢДАСАҢ...

Отқа ұрынған көбелек,
Нағыз сорлы, көр-соқыр.
Жігіттерді қыздырған,
Арағы толы - той-топыр.

Жаман жерге жатса-шы,
Адамың түгіл, қой – қотыр.
Жақсы өлең жазылсын,
Шығады жандар оны оқыр.

Гурьев, қараша



ЕСТІГЕНДЕР

Екі басын қошқардың,
Қазанға салса, сыймайды.
Жүріп қалған қыз-жігіт,
Нәпсіні бірден тыймайды.

Қыс созылса - қауіпті,
Жалмап қояр қи-майды.
Көбіне мені қазақтың,
Күншіл жайы қинайды!


Еріншек әйел төсегін,
Тұрған бойы жимайды.
Әке-шеше баласын,
Жамандыққа қимайды.

Ашықса апта адамың -
Бір жыл асқа тоймайды.
Жолай түскен қонаққа,
Қойын қазақ, соймайды.

Гурьев, желтоқсан

ҮЙ СУЫҚ...

Шаршап келдім жұмыстан, амал нешік,
Үй қақаған, жылынбайсың, киім шешіп.
Үш пеш жаққан әйелім, абыр-сабыр,
Мен - қоймаппын... отынға - ағаш кесіп.



Марқұм әкем тұрып ап, таңғы бестен,
Жаз бойына «отын» деп, ағаш кескен.
Оның жоғы білінген, осы қыста,
Сол бір ісі - кетпейді-ау, тіптен, естен.

Кімге айтамын, паш етіп: «үйім суық»,
Кетпесін тек, әйел-балам - менен суып.
Күн жаманы кетеді, шыдап бақсақ,
Келмесін, ауру да, ажал – діттеп, суыт!

Гурьев, желтоқсан

ҚЫС


Қыс құтырды: далада - аппақ боран,
Шықпан үйден! Көрпеге - қалың оран!
Малы барлар, мазасыз, ұйқы қашқан:
«Қар астында қалады-ау, аула-қорам!»

Алай-дүлей. Айнала - апақ-сапақ,
Қыс маусымы боранды, ылғи шатақ!
Сары аязы қысқанда, шымырлатып,
Үсіп кетіп, алмайық – «жаман» атақ!

Гурьев, желтоқсан

ТӨЛЕМ

Өзімді өзім - ақ патша, Құдай көрем,
Асқақ ұрған көңілім – хан ба, төрем?
Сурет, жазбам таралып, біраз жерге,
Толып болғай кітапқа, барлық сөрем.



Өлең, проза жазамын, түрлі көлем,
Түсінетін бір-ақ жан – Ризуан бөлем.
Бар еңбегім – сатусыз, түсініңдер,
Өмір берген Аллама қылғам - төлем.

Гурьев, желтоқсан

О, ҚҰДАЙЫМ, ШАБЫТ БЕР!

Шабыттың атқылатқан ақ бұлағын,
Қайдасың, күнім, түнім, отты жалын?
Отыздан аспай жатып, не болғаным,
Жыр жолы тумай қойды, талып арын.

Білінсін, бұл дүниеде, менің барым,
Жырларымнан көрінсін, аппақ арым.
Үш баланы балпақтай тауып берген,
Қолдашы, Қанымзия, сүйген жарым!

Талып жетті алыстан тылсым сарын,
Мазалайды кей түндер, сыздап қарын.
Көп өніп жүр, түсіме - марқұм әкем,
Сарыөзекте, жетекке ап, сауын нарын.

Жебегейсің, әке-жан, артыңдамын,
Несібесің, берсе өмір – тартынбағын.
Өлең өнбей, қалмайын, қуанданып,
Жыр өлкесі, ол менің - алтын бағым.

О, Құдайым, ақ фонтан шабытты бер,
Жыр-тұлпарға салайын тозбайтын ер.
Ақындардың аулында күнде думан,
Құйғытайын, сол жаққа, ағызып тер...

Гурьев, сәуір



ОТЫЗ ҮШ

Отыз үш жас – Махамбетті танытқан,
Бата алдырған, елу мындай халықтан.
Хан Ордасын өлең-жырмен кескілеп,
Ақын шыққан Беріш руы - Жайықтан.

Исатаймен тізе қосқан Махамбет -
Хан Жәңгірмен күресуге алған бет.
Қалың жауға қарсы тұру қиын-ды,
Әділдікті ту етумен болды-ау мерт.

Отыз үште - полковник Бауыржан,
Төмпештеген, фашистерді, сауырдан.
Бастаған ол, гвардия* құрамы,
Кем соқпады-ау, ураганды дауылдан.

Қорғаса да, Москваның «шатырын»,
Алмаған-ды, Совет Одағы Батырын!
Үш жыл бұрын өтіп кетті өмірден,
Қайран Баукем, күтпей атақ ақырын.

Отыз үш жас – биыл менің келгенім,
Ақтай алам, мың жарымның* сенгенін.
Көрсө шіркін, Таңдайдағы жерлестер,
Үш түрлі одақ* Жұмабайдың –енгенін.

* 9-гвардиялық дивизия

* «Гурьевоблренмстрой» тресі коллективі

* СССР суретшілер, журналистер, жазушылар
одақтары

Гурьев, мамыр



АРУЛАР

Қыздар деген бойдақтарға – ақ арман,
Кей сұлулар – ақша бұлттан жаралған.
Сүйгені үшін, ынжық деген жігітің -
Істерге ерлік сеніп болмас, бара алған.

Бар арулар, аумайтығұн - маралдан,
Шаштарын көр, тарқатылып, таралған.
Сүйген жар боп, бала табу бақыты -
Жаратқанның, рахымымен - қаралған.

Әйел-қыздың жүзіндегі жылудан -
Жердің беті - Күн көзіндей нәр алған.
Әйел заты құшағының қызуы -
Оттан ыстық, білгендерге... о, жалған!


Гурьев, мамыр

ӨЗІММЕН - ӨЗІМ

Құс келгенде – рахаттанған жүрегім,
Құс кеткенде – сызаттанған жүрегім.
Әр маусымда - төрт бөлініп тілінген,
Құс тәрізді-ау, «қиқулаған» жүрегім.

Сыр іздей ме, біреу менің көркімнен,
Сын табады, қисайса егер, бөркімнен.
Кім болғаным, айтындаршы адамдар,
Өзім қашсам - өзім жаққан өртімнен?..

Құлақ тұнды керней менен дабылдан,
Мына халық, қайда асықты, сабылған?



Дос азайды, ант беріскен, төс соғып,
Қиын сәтте, дәл жанымнан табылған...

Гурьев, мамыр

«КӘРІ ҚЫЗ»


Қазақ үшін ең ауыр: қатардан қалған,
Осыны айтып, үлкендер, жағы талған.
Сол қатардан қалмауға талаптанып,
Құрдас жігіт, түгелдей - қатын алған...

Құрдас қыздың екеуі «қалып» қойған,
Қырындаған кей жігіт - шықпай ойдан.
Толды бүгін біреуі - отыз үшке,
Үземіз бе, күдерді, «шаңырақ» тойдан?

...Туған күнге бардық біз, амалсыздан,
Сол бір кештің соңында - бәрі «қызған».
Күйеулерін қолтықтап, тұра қашты,
Келіншектер - қызғанып, «кәрі қыздан».

Бала тапқан «сарқарын» әйел басқа,
Тар бөксені көргенде – жігіт «қасқа».
Менің жайым тәуірлеу аналардан,
Келіншегім - кіші ғой... алты жасқа...

Жастау кезде бұл қызды керім дедік,
«Одан артық табылмас – келін» дедік.
Жұлдыз болып ортаны жарқыратқан,
Кей жігіттер - тіпті оған, «жерік» едік.



Таңдап жүрді күйеуді, ол - асықпай,
«Біреулері» бар еді – «сақа-асықтай».
Көбейгені «кавалер» – қырсық тиіп,
Жүдеп өзі, сыптиды, боп - қасықтай.

Отырып қалды, ол солай, «кәрі» атанып,
«Жортуылдан» айрылып, һәм «маталып».
Қатар жүрген - үйленген, түгелімен,
Тие ме, «құрғыр», жеткен жасқа, аталық?

Түсінемін, жағдайын мұндай қыздың,
Өтіп кетті-ау жас өмір, думан-қызғын.
Бойдақ жігіт қалмады-ау, қатарынан,
Отар қошқар секілді... жүрген ызғын...


Гурьев, маусым

МАХАМБЕТТІ ІЗДЕДІМ...

Түс енген, қалдыратын, ойға қалың:
Атқа мініп, туды көк - қолға ұстаппын.
Төбеде - жырлар оқып, жалындатып,
Махамбетке, о ғажап, мен - ұқсаппын!

Кигенім: жез дулыға, темір сауыт,
Шықтым ырғып, еп-еркін тау басына.
Садақ тарттым алысқа, ырғап-ырғап,
Түсіп жатты, барлық оқ - жау қасына.

Көргенімде, жүрегім бұлқып кеткен,
Жиналған жау - төменде, қара құрым!



Жебем тимей біріңе, қалдым жасып,
Соғыспағам майданда - бұдан бұрын...

Мен іздедім, сол кезде - Исатайды,
Қаһар төгіп, мол жауды жасытатын.
Бір көрінсе «атойлап», алға шығып,
Мерейін, біздің жақтың, тасытатын.


Күн еңкейіп барады, таудан асып,
Көре алмадым Батырды – үміт артқан.
Жан-жағымда қаптаған қалың тобыр,
Мен басқа адам жоқ - садақ тартқан.

Дұшпан деген - бізден көп, еселеген,
Қашамыз ба, олардан – «тырақайлап».
Соғыспай-ақ жеңілсек - масқарамыз,
Жау қуады - қоймастан: «алақайлап».

Осы ойыммен мұңайдым, еңіретпей,
Исатайсыз – Махамбет тұлға ма еді?!
Намыс қысып жүректі, жақ қарысты,
Санап келді-ау, ата-анам – ұлға мені...

Қалдырмай, аңыз-ертек оқып келгем,
Мыңдарға жалғыз шапқан - қандай ер-ді?
Сол сәтте бұлттан түсіп, бір қария:
-Қират!- деп, -Қалың жауды!- бата берді.

Батасын - берген бойы, ата маған -
Дұшпандар – серпілісті... анталаған.
Серіктер - жанымдағы есті жиды,
Көздерін, көріп тұрмын, қанталаған.



Жау қашты, төтеп бермей біздің жаққа,
Құдай жақ, - деуші еді ғой, - Әділ, аққа.
Жүрегім, түсті орнына, өректігем,
Аузымнан шыға жаздап, қалған, шаққа.

Жүректің қатты-қатты соққысынан,
Оянып, атып тұрдым - таңға жетпей.
Жауменен жасақ құрып соғысудан,
Құдайым, құлақ қойса - аулақ еткей!

Гурьев, маусым

АШАМ КІМГЕ СЫРЫМДЫ?..

Ағарғаны, үш тал шаш – самайымның,
Жаңарғаны тым көптеу – маңайымның...
Ашам кімге сырымды, сенім артып,
Бұлқан-талқан екенін – іш сарайымның.

Ұлы едім, бір қойшының - қарапайым,
Төрт жасында, мінген ерсіз - қара тайын.
Ойымда болмаған-ды, шынымды айтам:
«Халқымды, жыр-өлеңмен – қаратайын».

Кешеулеп, он сегіз кеп, жаздым өлең,
Шыққандар - тереңімнен, түрлі көлем.
Кейбірін оқып жүрмін, біреулерге,
Талдаумен берген бата - Ризуан бөлем.

Гурьев, маусым



ГҮЛДЕР

Ақ гүлдер, сары гүлдер, қызыл гүлдер,
Жастық шақ, өте шығар - қызық күндер.
Сол бір кез, тіптен бөлек, естен кетпес -
Жұлдызды, толық Айлы, жарық түндер.

Ақ гүлдер, сары гүлдер, қызыл гүлдер,
Кеп көктем, қыр-қалада қызып гүлдер.
Ғұмыры жарты жылмен кесілгендер,
Тұрғандай, қысқа өмірде тездет, үлгер.

Ессентуки, шілде


ТҮНГІ КӨЛ

Жағасы жалтыр айдын - жанға жайлы,
Түн мына – болып шықты, жарық, Айлы.
Айнала тау, төніп тұрған, түсердей боп,
Күміс көл - жайғасыпты-ай, жерге сайлы.

Кавказда бәрі көркем, бөлек бізден,
Келемін, таулы соқпақ – жалғыз ізбен.

...Келіншек - қатарласып, сыбырлаған:
-Таныссам... болмас айып, егер сізбен?..

Оқыста, сиқыр сыбыр - жүрек тілген,
Апыр-ай... түнде мені, қайдан білген?..
Жезөкше... әлде... ұры... қаңғыбас па,
«Жемтігін» қараңғыда, жеңнен ілген?..



Әзірге, сыр бермедім, көлге жетпей,
Келіншек - еріп келед, жөнмен кетпей.
Жағада - жүзге тарта еркек, әйел,
Жайғастым, бейтанысты кейін теппей.

Жаныма «жайма мата» жайып салып,
Жантайған.. маған қарап, көзін малып.
Сыпырды, сосын бастан - сарафанын,
Дене - ақ, Күн алмаған, «алтын балық».

Сәулесі, күміс Айдың – қонды оған,
Қонақтап қалып қойды, болып «тоған».
Түн ортасы ауғанда, салқын есіп,
«Кетейін мен, жарайды... енді тоңам...»

Дер ме екен, бейтанысым, жолай ерген,
Шомылмақ, түнгі көлге – Құдай берген.
Сөзге тартып, ол мені, «жетелеген»,
Күлімдеп, көзбен ойнап... қасын керген.

Сампылдап, әңгімесін бастап кеткен,
Байқадым, сызық-әжім - әйбет беттен.
Сәлден соң, сөздеріне елти бердім,
Мен де адам жаратылған, сүйек-еттен.

Келіпті, Саратовтан, тегі - башқұрт,
Ұсқыны ұқсас емес, тіптен басқа ұлт.
Анасы болған екен, неміс қызы -
Басына фашистерден, үйірілген бұлт.

Әкесі еткен мекен - қазақ жерін,
Соғып берген талайдың жүзік, зерін.
Кіші жүзді шарлаған, түгелімен,
Ескерген қазақ халқы - мандай терін.



...Келіншек - шыққан күйеу ауылдасқа,
Сүйгенмен... өзін, бірақ... жігіт - басқа.
Күйеуі - зорлап мұны, алған екен,
Кейіннен... айналған ол.. күнде масқа...

Шыққан байы болып кетсе маскүнем,
Үй ішіне жетпес бәрі... нан да – үнем!
Гурьевімде қаптап жүрсе ішкіштер,
Қалай ғана, бұл айтқанға мен – күлем?


Өмірі – быт-шыт бопты, отыз жетпей,
Күйеуі «бітіп кеткен», аузы - «кеппей».
Қыз бен ұлы атанып, «тірі жетім»,
Ажырасып тыныпты, қалғанды - ептей.

«Жыры» ауыр бейтаныстың, тыңдаушыға,
Айтып болсын, қайтесің, «қым» боп шыда.
Бақытты емес, тұл өмір - аңдып тұрар,
Кейбір қыздар, тап болған... күйеуге шыға.

Түнгі көл.. Ол да бәлкім, естіп жатыр,
Бұл өмір – көпшілікке «кермек» татыр.
Әйелін арақ ішіп, сабайтындар –
Ешқашан, бола алмаған... еркек-батыр!

Қалдырып, жатуымызды, жерге - етбет,
Тұрдық біз... орнымыздан, көлге беттеп.
Таныстай болып кеттік, көптен бергі,
Келіншек, қарайлайды-ай, маған - ептеп.

Мүсінін мақтан тұтып, көлбендейді,
Түйсігі, түк сезбесті – «өлген» дейді.
Көкейде желік сезім, қылаң беріп:
Таптырмас, бұдан сұлу көлден дейді.



Апыр-ай, түн де сұлу... көл де сұлу...
Қол созым... шомылады - Айдай сұлу.
Ішіме кіріп алған, қайдан қасқыр,
Әріден, талып жетед... жымысқы ұлу.

Адамдар кетіп жатыр, біртін, көлден,
Біздер жоқ, олар қарап, көңіл, бөлген.
Болмаса да, күлше Күн, аптап ыстық,
Таңдайым кеуіп барад, түнде шөлден.


Ыстық дем, есіп беред, метр жерден,
Бусанып шыға келдім, шықтай терден.
Келіншек, жағажайға барып жатты,
Жүргені - тіптен кербез, екен - кердең.

Терімді басу үшін салқын сумен,
Күресіп ішімдегі, «жылан» умен,
Жүзе бердім, әріге, теренді іздеп,
Арбасамын ойыммен, ана, қумен.

Түсірмекші, ол мені – «қақпанына»,
Бойдақ әйел мәз болар, «жатқанына».
Түнгі көл, жолықтырған оны қайдан,
Қуанамын, тездеп таңның, атқанына.

Жағадан - осы оймен, алыстаймын,
Әй, әйел! Төсек дәме, «алыспаймын»!
Қателестің бұл жолы, сайқал сұлу,
Ұрғашымен, сол үшін - таныспаймын.

«Түсірдім түнгі көлде – қолға жігіт,
«Сырыма шідерленді, майдай жібіп»,
Осылай дейтін шығар, башқұрт әйел,
Мен жаққа - минут сайын, көзін тігіп.



Қарасам... сөйлесіп тұр, келіншекпен,
Бір жігіт, ұзын бойлы, шылым шеккен.
«Танысып, алып кетсін... мейлі оны»,
Андаймын, ол екеуді, көлден - шеттен.

Салқын көлде ұзақ түн қала бердім,
«Әп, бәлем... жігітке ана, қалай ердің?»
Келіншек - күдер үзді, мүлде менен,
«Азамат, рахмет саған, қайдан келдің?»

Құтылдым, осылайша... келіншектен,
«Ілмек» болған оп-оңай, керім, тіптен!
Түнгі көл, енді саған, келе алмаймын,
Қаймығам, пері әйелден - көзін тіккен!


Ессенуки, шілде

БИІКТІК

Биікке құмар бәрі: кісі де, аң да, құс та,
Адамды, шың басында - он жыл ұста...
Сонда ол айтса жақсы: -Жарайды,- деп,
-Қалған жанды - шығарғын, осы тұсқа.

Биікке есті де, ессізің де, бәрі ынтық,
Алдарынан шықсаң да, атып мылтық.
Ақсақ та қалғысы жоқ соларға ерген,
Аяғын - әрең басқан, шойнаң сылтып.

Биіктен нені іздейді, бұл адамдар,
Кейбірі артын білмей мол арандар?
Дегеніме бір жолдас айтып салды:
Биікті білмейтіндер - тек надандар!



Әрине, надан жанға, төбе де – асқар,
Табылса – жетекке алып, тауға бастар.
Биіктің мән-мәнісін білсе шіркін,
Артымнан желіп берген, аңғал-жастар.

Гурьев, тамыз

ЕРКЕК ПЕН ӘЙЕЛ

Еркекке қосып әйелді,
Құдайдың өзі - жаратқан.
Ол екеуі жұптасып,
Миллиардтарды таратқан.

Соқаменен жер жырту –
Кәсіп пен міндет еркекке.
Тұқым алып, дән беру –
Әйелдер үшін «ертек» пе?


Әйелді еркек жетектер,
Түрілген басқа – етектер.
Ашуға мінсе, күйеуі -
Ақылды әйел - дедектер.

Гурьев, тамыз

СҰЛУЛАР

Отты жанар, сұлу жүздең,
Жылан артық, шағып алған.
Сұлу жүздер іңкөр етіп,
«Ауру» қылар, сені жалған.

Шағып алса, жылан егер,
Жазыларсың - дәріменен.



Талас болсаң – бір аруға,
Шығысарсың - бәріменен.

Сүйген тілі - ұқсас келер,
Бал-шырынның дәміменен.
Жүрсе деймін айналамда,
Жақсы адамдар сәніменен.

Гурьев, қыркүйек


ТІЛЕДІМ, БАҚЫТЫН МЕН, ІНІЛЕРДІҢ

Сеземін,
Сен біреуге ғашықсың.
Күнге селқос, түнге сондай асықсың.
Махаббат ол -
Сиқырлы күш,
Пенде үшін, өмірдегі асыл сын.

Қадірлей біл,
Сүйгенінді,
Түспесін сызат, көусар таза сезімге.
Қақтағанмын жүрегімді,
Суырып ап, жалынға,
Адаммын ғой, мен де, жастау кезімде.

Тында мені,
Еркің де бар, тыңдама.
Махаббат ол – шөліркеген «маң дала».
Кейде бірақ,
Мұхитқа да айналып,
Тау толқынмен тұншықтырар жанды ала.

Сеземін,
Сен біреуге ғашықсың.



Үйден гөрі, түзге тіптен асықсың.
Махаббат ол –
Сиқырлы күй, су, сағым,
Бойыңда күш, бірақ, бірақ - жасықсың.

Ғашықтық –
Ермегі емес әркімдердің,
Осыны тек, есте сақта - биігі ілімдердің.
Сүйгендері –
Ақ сүт емген болсыншы деп,
Тіледім, бақытын мен, інілердің.

Гурьев, қыркүйек

ҚАЗАН

Бұзылып кенет, көк аспан,
Көрсетпей Күнді - бұлт басқан.
Бергенде соғып, «айқай жел» -
Жөңкілді-ау бұлттар қыр асқан.

Бүркенді бәрі сұр бұлтқа,
Жауар ма, ертең қар ұлпа?
Арқаның желі тым қатты,
Қатпасын тек мұз мұртқа!

Күннің нұры кеміген,
Қысқа ғой, күзді - теліген.
Қалтыратқан түн салқын,
Ұшты көзден - жаз алтын.

Гурьев, қазан



АҚЫНДАР ОТЫРЫСЫ

Бір отырыс болды тіпті, өзгеше,
Әнмен қатар оқылған-ды, өлең-жыр.
Қызып кеткен ақындарды қайтерсің,
Ашылмайтын, паш етілді, терең сыр.

Сіміре ішіп венгерлердің сырасын,
Кез-келгенге өлең арнап - жарысты.
Қонақтықтың әу басында шіренген,
Бір бастықтың жағы мүлде қарысты.


Сенбейді екен, суырып салма ақынға,
Айтып қалған, лепіре сөйлеп онысын.
Жаза салған, сол бастыққа қос ақын,
Топас жанды көрге тығар, болды сын.

Алматы, қазан

ПРОФКОМ САЙЛАУ

Профком сайлау - күн тәртібі,
Клубта бүгін - жиналыс бар.
Осыны ғой ойлап, пішкен,
Кейбір жанда - қиналыс бар.
Бұрынғының жасы жетіп,
Амалсыздан... пенсия кеткен.
Орнына сайлау керек,
Сәті ғой, соның, енді жеткен.

Парткомды аудан жібереді,
Шешкесін бюро - хақың жоқ!
Ал, профкомды халық сайлар,
Дауыс - жасырын, жақын жоқ.



Жай адамға санай көрме,
Совхоздың ол - біл басшысы!
Бола қоймас бәлкім дейміз,
Директордың бір «жалшысы».

-Мен ұсынам – мал доғдыры Өтенді!
-Сырттан келген, бізге мүлдем бөтен-ді?..
-Келіспейміз! Ертең таяр еліне,
Сайлау керек, он жыл ферма – Төкенді!


-Лайықты жан профкомға -
Кадрды көп жыл басқарған,
Білетін бәрін саусақтай,
Адам жоқ, артық Асқардан!

-Кеттің ғой, лағып, далаға,
Асқарың көшпек – қалаға!
Қыздардан Бәтес - ұсынам,
Бас маман, бес жыл салаға.

-Директор өзі - не дейді?..
-Өкілеттік біздің... кеңейді,
Сайласақ... дұрыс адамды,
Басшымен - жайды теңейді.

Шошып кеткен директор,
Қосылды оған партком да.
Шықты совет мінбеге:
-Нұсқаушы жігіт аткомда*,

Көп жылдан бері отырған,
Көндіріп, соны... шақырғам.
Қолынан бәрі келеді,
«Жүн қырыққан тақырдан».



Директор, партком қосылды,
Басшұлғыш түгел «жосылды».
Ұсыныс қалып жайлардан,
Қарапайым жандар тосылды...

Өтті осылай... бір сайлау,
Сайлау емес, ол – «байлау».
Адамдар іштей наразы,
Болып шықты тек – лайлау.

*Аудандық атқару комитеті

Гурьев, қазан


БЕЛГІ

Еріншектің белгісі – мәли көздер жылтиған,
Көктемнің белгісі – шөптің басы, қылтиған.
Сәбиліктің белгісі – томпақ беттер бұртиған,
Келешектің белгісі – келіншек іші, бұлтиған.

Гурьев, қараша

ОТЫЗДАН АСЫП БАРАМЫН

Өзімді кім сыйласа – сол жақыным,
Атқа шапсам қажалар - бос тақымым.
Отыз жастан барамын, асып мен де,
Тыңдар жанға, айтатын, бар, ақылым.



Өлең-жырға жасымнан асық едім,
Барғанымша, әскерге - жасық едім...
«Жігіттікке жетейін, арылармын,
Көкем* құсап бір күні танылармын,
Көре алмаған - әрине, пасық» дедім.

Серт еткем: «Тап ертең шыңдаламын,
Төбені емес, асқар тау шыңды аламын!
Өйткені, жаратылдым, талантты боп,
Одесса - лауреат берген мен баламын».

Сүйемдеп, шыңды діттеп шығып келем,
Малшынғанмен, көк терге - кейде дөнем.
Қара жерді айырса - «жүрдек кемем»...
Жүзіп берсе, мұхитта - «желкен кемем»...


*Ленин орденді Молдаш ағам

Орал, қараша

ТАПАШ НАҒАШЫНЫҢ ҰЛЫ ҮЙЛЕНГЕНДЕ (Әкесінің атынан жазылған)

Айналайын, Ахмет - мұрагерім,
Қуанышымда шек бар ма, мына мәнің.
Ата болып, мәртебем көтерілді,
Босағамнан – ізетпен, аттап келін.

Айналайын, Фарида, келінжаным,
Ұстағайсың, сен мықты, әдет жағын.
Небір сынға қарағым, төзе білгін,
Оңай емес, білесің, өмір – ағын...



Ақ отаудың көтердім шаңырағын,
Бар адамды - мен соған шақырамын.
Мәуелетіп өсірсем – арманым жоқ,
Ахмет пен Фарида - жапырағын.

Алмалы, қараша

ӨМІР, ӨМІР...

Өмір – мұхит, көру қиын, түбін оның,
Қарсы бетке шықты кім, құлаш ұрып?
Өмір – жарыс, аламан, «ала құйын»,
Ұмтылып бақ, тек алға - құлап, тұрып.

Өмір – тәтті, бал татыған, тірінде,
Сол дәмімен – есін алған, адамның.
Өмір - ащы, көзден жасты ағызған,
Салдарынан қате басқан қадамның.

Гурьев, желтоқсан



ЕКІНШІ БӨЛІМ

ШОПАН МЕН БОРАН

(Дастан)

Соғыс және еңбек ардагері - әкем Орынғали мен
Ленин, «Құрмет Белгісі» орденді ағам Молдаш
Доспановтарға арнадым

Мың тоғыз жүз алпыс бір, сиыр жылы -
Басталған, мал мен жанға, жайлы, жылы.
Март, апрель - кім-кімге де ауыр соқпай,
«Түспеген-ді, жылқының, бір тал қылы».

Жаңбырсыз, жазы бірақ, қуаң келген,
Күйіп кеткен көп астық, аптап-желден.
Тәтті үміттен - есті жан, ада болып,
Үрей билеп, күй қашқан, қалың елден...

Егін шықпай, шөп күйіп, дауыл ұрып,
Күзде күйды, жаңбыры - тамбай тұрып.
Қысы жетпей, мал-жанды қинауменен,
Сиыр жылы салған-ды, «тажал-құрық».

«Қырық тоғыз сиыры» - қайта келмен,
Ол жылың - малшыларға үлкен шермен:
Бар түлік қырылыпты, мындап-мындап,
Мінер атсыз, қалған көп - жүген, ермен...

...Алпыс бірмен жазғаным осы дастан,
Еске алып, дүлей жайды, кестең-астан.
Елгезек бала болғам, мектептегі,
Сол жылы - тоғыз жастан, жаңа асқан.

Қыстағы, шопандардың - теңіз бойы:
Жылылау болып келген, жердің - ойы.
Қыс бойы, жайылады, дала шығып,
Совхоздың, жиырма шақты отар қойы.

Ол совхоз - елге мәлім, «Бақсай» еді,
Естілген республикаға «тоқпақ» демі.
Соңғы кез көрсеткіштер төмен кетіп,
Байқалды «Передовиктен» оның кемі.


Директор Кенжеғалиев - бізден кетіп,
«Бақсайдың» кейбір жері болды кетік.
Орнына келген басшы Семионичев -
Айналмады, совхозға, керек - «тетік».

Совхоздан көптеп шыққан, атақтылар,
Барлығын айта алмаймын - атақ құмар.
Махамбет Есенбаев - Еңбек Ерім,
Көрінісінші, жұртшылық сілтіп, тынар.

«Бақсайдың» бас шопаны Молдаш еді,
Махамбет, Қуан мен Айса - жолдас еді.
«Ленинді» үш жыл бұрын алған көкем,
Жолында «Алтын Жұлдыз», талмас еді.

Облыстың да, еді ол, бас шопаны,
Қой мен қозы толатын, құт - қотаны.
«Малышенко* опытын ендірі» деген,
Қазақстан - малды ел.. Ұлт - Отаны.

Екі жыл - Сақанменен*, келді, алда,
Қолдайтының, сезем ғой... оны - Алла.
«Соцқұрылыс» жазады Доспановты,
Қырық күн салып араға, білмей қалма.



Көмекшілер көкемде - төрт-ақ адам:
Нағашым Майшеңгел, Күміс мамам,
Менің әкем - ағасы Орынғали,
Зайыбы - Хабиба апа, жеңгей маған.

Қыстағы аға шопан - «Әймішқайыр»,
Көшкенде көмілмейді - күрек пен айыр.
Отар қой - теңіз барып, жайылмайды,
Бұйрық бар: «Қырылады, кейін қайыр!»


Азығы, отар қойдың - жеткілікті,
Үйіп берген қора маң, «іскірт» пішен.
Семьясы шопанның, қиналмайды,
Уайым жоқ: «Не жеймін, нені ішем?»

Келген жан, Молдекеңнен - тойынады,
Қыс маусым үш-төрт соғым, сойылады.
Хабиба апам, қолы ашық, ақпейілді,
Бармасаң да... «сыбағаң» - қойылады...

Бұл көкем бар болғаны - отыз бесте,
Хрущевтай, киген көйлек, кілең, кесте.
Көрсеткішін, әр жылғы жазып жүргем,
Жаңылмаймын, жатқа айтам, бәрі есте.

Қос алтын* - ВДНХ*-дан берілгенді,
Есімі - кітабына Әбілмәжін,* терілгенді.
Аналық* - сегіз жүз елу, отарына,
Мың үш жүз* - бес жыл қатар, ерілгенді.

Тапсырады, жоғары сорт, «лағыл» тері*,
Процентін, тоқсан төрттен - кемітпеген.
Жарыста республикалық - алғы топта,
Қанша жыл.. бір мәрте де... демікпеген!



Мәсқуа берген атақ - «СССР мал шебері»,
Жәй емес, тұқымында көкемнің, бар жебері.
Жұлдызын Социалистік Еңбек Ері, алар еді,
Болғанында, обком менен ЦК-да, бір демері.

Компартия съезіне - оныншы өткен,
Барды көкем, делегат - пошым өктем.
Бірінші хатшы Қонаев - қолын алып,
Абыройға малданып, ол ғой, бөккен..

Хрущев, Булганинмен - жүздескен-ді:
Кремльде - құлақ түріп... үндескен-ді.
Сол кезде, Гурьевтегі - әріптестер,
Қызғанып, жарылардай күндескен-ді.

...Орынғали - жалғыз аға, Молдекеңе,
Жанашыр, қара жерде - жүрген кеме.
Жоспардан жетіжылдық шығу керек,
Әйтпесе... күлкі етеді - «үрген неме».

Ағасы совхозды алғаш, құрысқан-ды,
Қан майдан, Отан үшін - ұрысқан-ды.
Соғыстан оралса да, мүгедек боп,
Баураған, барлық жайда - туысқанды.

Берген ол, өз таяғын - бауырына,
«Төзгейсің, жауапты іс - ауырына!»
Молдашы ә дегеннен алып кеткен,
Қамшыны салдырмай-ақ, сауырына.

Жанында қалған аға, демеуі боп,
Демеусіз, дүние деген - екен-ау, бок...
Туған бауыр - жанашыр, сенгені ол,
Сондықтан, ылғи да ғой, жүреді, ток.

Қысқа ерте... Ноябрь - күздің айы,
 Жаумаған қар, жайылыс - жатыр ашық.
 Жаңа жылға - қырық күн, қалған әлі,
 Асығыс жоқ, малшыға - мейрам қашық.

Қой бағуға шығып жүр, қос көмекші,
 Орынғали, Майшенгел - тұрып, кезек.
 Үнем етіп көмірді, үйге жаққан,
 Теріп қайтад... даладан, қап-қап тезек.


Молдаш кеткен ауданға, жиналыс боп,
 Жаманқала - қыстақтан жетпіс шақырым.
 Көмекшілер - кіл жақын, қиналмайды,
 Жұмыстарын жүргізген: баппен, ақырын.

...Орынғали - шығарған, отар қойды,
 Қыстаудан, шақырым он екіге, өріс айдап.
 Түс ауғанша табиғат жатып тыныш,
 Қар қылаулап, басталды - боран «жайдақ».

Қап-қара бұлт, аспанды, тұмашалап,
 Тұрған жел, солтүстіктен - өткір, суық:
 Айналаны «кілегей тұман» қылып,
 Жауған қарды ұшыртты, жермен қуып.

Қыстауы, аға шопан - батыс жақта,
 Малдарын тездеп бұрған, сол бағытқа.
 Астындағы көк аты - пысқырынып,
 Қойды түспей, жайшылыққа, қалыпқа.

Үш шақырым - жылжыды, жылжымады,
 Мыңға тарта қой-ешкі, қала берді «ұйысып».



Баспады олар тұяқты, бағытына қыстаудың,
Тебінүмен көк атын, тершіп кетті, бой ысып.

Қар жентегі - «жапалақ», төпеледі төбеден,
Жерге бірақ жетпейді - арқаның желі өпірем.
Дүние түгел бұлыңғыр, анық емес, он қадам,
Кезікпесін қарақшы, қаруланған: «Өлтірем!»


Отары ықты, сол қолға, жел өтіне шыдамай,
Шопан да ерді, соңынан, амалы өзге қалмаған.
Бағыттары - оңтүстік, келеді соған жөңкіліп,
Күтеді алдан көк теңіз - талайларды жалмаған.

Он бес шақырым шамасы, үш сағатта жетеді,
Каспий әлі қатпаған, жағасы оның - ну қамыс.
Қойлары барса топырлап, қырылады түгелдей,
Ойына осы келгенде... буырқанған - ар-намыс.

Жүз аналықтан - жүз елу: алпыс екі* жоспары,
Қозы қайдан көктемде, алса қырып, бар малды?!
Еңбек Ері атағы, тимес онда, Молдашқа,
Басына теуіп, жаман ой, жүрек жетіп, қармалды.

Шыққан отар алдына, ойқастап атын жүз мәрте,
Кідіргенмен, қой-ешкі - батысқа бағыт бұрмады.
Жан айқайын шопанның, естір құлақ жоқ еді,
Бауырға алар адамды, табиғат, шіркін «ұрмады».

«Боран бөлкім басылар, кідіртейін малымды»,
Шопанның бар үміті - осы болды, қайтсын, ол
Жерді жатқа біледі, соған ғой, үміт етеді,
Қиындады жүру де, жауған қардан тіптен мол



Үшке таман басталған, дүлей мына кенеттен,
Содан бері өтіпті... жылжып жаймен - он сағат.
Теңізге құлап кетуден - шопан қатты қиналған,
Бастысы боп, сол үрей - таппаған-ды, бір тағат.

Иіріп қойып отарын, шопан қатты ойланды,
Қарабарак көбейді-ау... теңізге жақын келгені!
Бес шақырым... мүмкін, тіпті-ау, жартысы,
Қырылуы - сол болар... қамысқа барып енгені.

Қамыс іші батпақ су, қасқырлары - тағы бар...
Одан аман шықпайды, қатып қалар, «төшкі» боп.
Шибөрі мен қарсақ та, мал мен жанға қауіпті,
Жабылады жан-жақтан, шуылдасып топ-топ боп.

Қарабарак мол өскен, жүгіріп жүріп жинады,
Қадап қарға, оларды... жасады малға - ықтасын.
Бойынан биік адамның, курай еді, пайдалы,
Жиілетті жел жақты, «ит тұмсығын тықпасын».

Үрмелеген қалың қар - бірте-бірте биіктеп,
Сәлден кейін, ықтырма - болып шықты қора ну.
Мыңға тарта қой-ешкі, жата кеткен, талықсып,
Бүйірге-бүйір тақасып, шығып жатты, будақ бу.

Жасап малға бар жайды, шопан тұрды жұбанып,
Уайымды жұтып іштегі, тұмсығын сүйді көгінің.
Жануар да құп көріп, тұрып алған, тығылып,
Тілдеспей-ақ түсінген... ақылы бар ғой... көбінің.

Тыйылмады, айқай жел, арқа тұсқа байланған,
Көз бермейді «ақ түтек», ышқынып кеп соғады.
Түн ортасы ауғасын, жасады қардан, жеркепе,
Шылқыған тері басылған, әйтпесе, үсіп тоғады.



Өзінің басын күйттемей, көлігін де - ойлаған,
Атына салды «қораны», ол да тершіп, тоңған-ды.
Жөңкіліп малдар кетпесін, теңіз тіптен тиіп тұр,
Осылайша көкшемен, ығына отар - «қонған-ды».

3

Жатқанымен жамбасқа, ұйқыға көзді ілмеген,
Ара-тұра... көк аты - қалады қатты, пысқырып.
Далада боран ұрып тұр, тыйылатын түрі жоқ:
Қасқырларша ұлиды, сәбише жылап, ысқырып.


Таң атқанша мәртелеп, қарай берген «қораны»,
Жандық мүлгіп, қозғалмай, қар астында қалыпты.
Ұйтқып соққан «ат боран» - түнімен төпелеп,
Мың сан малдың үстіне - алапат күмбез салыпты!

Қалтадағы сағатқа - түседі көзі, жиілеп,
Уақыт шіркін өтпейді, қос «тілі» де байланған.
Сыртқа шығып қарайды, екі қадам - бұлыңғыр,
Тапқырлықтың арқасы, үй мен қора сайланған.

Тәулік соққан «май боран», тоқтамасын білдірді,
«Күндіз» деген кештей боп, жарық жерге түспеді.
Қардың асты жып-жылы, тезек жағып қойғандай,
Арқасы ғой, «жеркепе» - аяқ, бет, қолдар - үспеді.

«Таңнан қалмас бұл боран, сарқылумен басылар,
«Сайын дала» жарқырап, Күн де - күліп ашылар.
Табиғат шіркін тамылжып, табысады аспан-жер,
Аппақ қардан із іздеп, сонарға шығар - аңшылар.

Ұзақ түнге шыдап бақ, көк атым мен қой-ешкі,
Ашыққанмен болмайды, жемтік етер - бөрілер!





Боран таңда басылса - бетті қыстау алармыз,
Аппақ қардың үстінде, төрт мың іздер, өрілер».

Екі түн қатар, көз ілмей, тізбектеді өмірін,
Қым-қиғашын еске алып, саралап жатыр асықпай.
...Қырық екінің жазында, неміске қарсы соғысқа,
Аттанып еді-ау, жігіттер, шетінен «сақа асықтай».


Орынбордың жерінде, бар екен қала - Ақбұлақ,
«Ойнады» сонда қазақтар, кіл Батыстан жиналған.
Жанында туған бауыры - Базарғали ағасы,
Ініге болған жанашыр, сәттерде кейбір - қиналған.

Үш ай «ойнап» болғасын, жіберген-ді, майданға,
Ноябрь басы қыс түсіп, аяз бен боран қарсы алған.
Сталиннің қаласын күтқар,- деген, - фашистен,
Жаудың қатты екпіні, танкісін - жүздеп, ол салған.

Біздікі еді - қорғаныс, қару-жарақ жетпейді,
Красноармеец - екі адам: винтовкадан бір... атады.
Үш-төрт сағат өтпей-ақ, екі жүз жандық ротаның,
Жартысынан көбі жаралы... өлік те болып жатады!

Осылайша қыс өткен, Паулюс қалып қоршауда -
Жүз мың фашист, қансырап, қол көтеріп, берілді.
Шашылып жатты әр жерде, үсіп, өліп - немістер,
Ит-құс тартқан денелер - күн-түн делмей, терілді.

Марттағы бағыт - Дон еді, жолды дұшпан бөгеді,
Қасарысып жатып ап, салды шығын - «қызылға».
Қару әлі тапшы-ды, взводқа - үш-ақ автомат,
Құлақтар әбден үйренген, оқтан шыққан ызылға.



Базарғали ағасы - бір кіндіктен еді-ау, ол,
Қоштасты бірде кешкісін, астарын ішіп болғасын.
«Тұзыңды сенің, ұрлаған... берейін саған мынаны,
Айрылып қалма, бауырым... Алла, сені қолдасын».

Құшақтасқан екеуі, жүректер соқты - үндесіп,
Арқадан қағып, Базекен, маңдайын сүйді, әкедей.
Тоғыз ай бірге жүргенде, бүйтпеген-ді, о несі,
Он жасқа үлкен ағайы, қамқорлады-ау... мәпелей.

Кештетіп барып Баз-аға, алғы шепке бекінген,
Басталды таңда бомбалау, зеңбіректен - дүмпітіп.
Контршабуыл шығыпты, полкі жаудың «СС»-тер,
Батальон біздің жатқан-ды... немістерді түн күтіп.

Самолеті дұшпанның, бестеп-ондап, шүйілген,
Сорғалаған бомбалар - талқан еткен, бар шепті.
Терең окоп қазғандар - қалған аман, бір сәтке,
Ерінбейтін оларды, «әккі» деп атар, «тым епті».

«СС» деген - «бас сүйек», ажалды себер адамға,
Ең таңдаулы әскері, Гитлер, Гимлер - жауыздың.
Шөлдесе де қарамай, тұзына салған, ол - қолын,
Үзіп-ап қана сорған-ды, келтіріп дәмін, ауыздың.

Тигені бұған сол күні - соңғысы еді, үш шептің,
Біріншіні - дұшпан тапалап, өткен-ді бері, түс ауа.
Базарғали ағаның - жатқан жері... ең алда...
Шегінгендер болмады, қырылды-ау, бәрі, оқ қауа.

Ротный мен замполит - қаза болған, шайқаста,
Сау қалғаны - отыз бір, кешегі рота... бүгін жоқ!
Тірілердің ішінен, көрінбей қойды - Базекен...
Өкірген жылап, жата қап... туған аға - ол да жоқ!



Үш күн бойы жылаған, өзгеге жасын көрсетпей:
«Тірі болшы, аға-жан, әкетті - дұшпан жаралап?..
Шебіңді жатқан шарладым, исінді ғой, аңсадым,
Таппадым, бірақ өзінді, көргем де... өлік аралап».

Осылай іштей зарлаған, жарақатсыз қан жұтып,
Ағадан болмай еш хабар, үмітін терең бұқтырған.
Түсіне еніп Баз-аға: «Орын-жаным, құлыным...
Орынбасар атан сен...» дегенін, Құдай - ұқтырған.


«Елге тірі оралар... тұтқынға түсті... ол бәлкім,
«Қара қағаз» жіберді-ау - әкем мен шешем аңырар.
Артында қалған бір ұл бар - Меңдіғали іншегім,
Айта алмайды ешкім де, шаңырағы оның қаңырар.

Қиям қалай жесірге, күлім көз жеңге Күмайды,
Жиырмаға биыл толады-ау, ерген іні - Молдаш та...
Жоқтап оны Жұмағыз, жылайды жалғыз қарындас»
Осыларды айтқан-ды, Қырымқұл жерлес-жолдасқа.

Қырымқұл ол - молда-ды, әруағы, және бар,
«Базарғали тірі ғой... жаудың жатыр қолында...
Маған жақын жүргейсің, қорғаштайын өзінді,
Елге аман жетесің... тосқауыл жоқ - жолыңда!»

Деген еді, жұбатып, қамқор болып, ол аға,
Екеуі де Таңдайдан, келген бірге - соғысқа.
Доспанов сонда сезінген, еселеді сенімі:
Елге аман қайтарын, ұрынбастан - оқысқа...

Төрт күн салып араға, өзі болған - «контужный»,
«Уралап» жауға шапқанда, түскен бомба, жанына...
Есінен танып қалған-ды, саз-топырақ астында,
Санитар қайта көріпті, былғанған қолды - қанына...



Бес ай жатты - госпиталь, жарамды, емдеуге,
Еліне содан, қайтарған... қосып беріп, бір солдат.
Әке-шеше, әйелі - хабарсыз еді, үш айдай,
Жазбаған-ды жағдайын, үшбұрышты хат жолдап.

...Он алты жыл толды, апырай, біткеніне соғыстың,
Алғы шеп кеткен ағадан, болмады тіптен, бір хабар.
Мендіғали келді - он тоғыз... естілсе - әке сыбысы,
Борбайлап жүріп, ел кезіп, Базекеңді-ау - сол табар...


Ажалы жетпей соғыста, оралған солай еліне,
Аға шопан - төрт жылдай, Отанына - етті, еңбек.
Ауыр еді, ол жылдар, қиналған-ды, жас-көрі,
Артқан түйе секілді-ай, тонна жүкті - қос теңдеп.

Берді сосын таяғын - басқан ізін, Молдашқа,
Соғыс бармай қалған ол, аурулықпен жасында.
Жалынған-ды інісі, сұрай да берген әкесі -
«Көмекші шопан» міндетін, атқаруды қасында.

Содан бері он үш жыл, көмекшіден қалмаған,
Жұлдызы жанып інінің, облыс бойы, ол - алды.
Орденді қадап кеудеге, барып қайтты съезге,
«Еңбек Ері» атаққа - үміт артқан, «жол» салды.

...Екі тәулік толды ғой... боран мына соққалы,
Басылады - ол қашан, үшінші түнге - шыдар ма?..
Совхоздың қайда басшысы, осы да өмір ащысы,
Трактормен жол аршып, бізді іздеп шығар ма?..

«Қораны» шығад айналып, сағат сайын омбалап,
Қойлар жаймен маңырайд, білдіргендей аштығын.
Биіктігі «қораның» жетіп қапты - бес метр,
Тұншықпасын отар деп, есік қылып, ашты - ығын.



Біткен тіптен қалжырап, кеңірдектен қар кешіп,
«Жеркепе» кіріп құлады, «үстай алды» - сандырақ.
Өң мен түсті айырмай, сөйлеп кеткен өзімен,
Киіз үй болды жатқаны, төбеде тұр ғой - шаңырақ!

Қайда кеткен адамдар, балалар тыныш... ұйқыда?
«Жанып барад» - қол-аяқ, денедең - тері құйылған.
Еміс-еміс ес кірді, естіді боран - «ұлуын»,
Кешеден бергі сенімі, біртіндеп құрғыр, сұйылған.


Үш ұмтылып орнынан, тұрды әрең... тәлтіреп,
Шырпы жағып, қараған, түнгі сағат - төрт екен.
Қалғып қайта кеткені, шошынғаны-ай, түсінен,
Айдалада бір өзі... жан-жағы жанған - өрт екен!

Неміс-фашист былдырлап, туралаған өзіне,
Қайда қызыл әскерлер, «уралаған» - жоқ үндер?..
Тұтқын қылып ұстады, салды қолға кісенді,
Зынданында жатады, қаріп болып жыл, күндер?..

Қарап еді тесіктен, бұған ыза... тамағын,
Отарын айдап барады... атқа мінген, көп дұшпан!
Айрылады, қалай ол, совхоз малы - сұраулы,
Тыпырлады амалсыз, қиналды қатты, зәре ұшқан.

Қарманған, қолын сермелеп, кетті тиіп, ақ қарға,
Мұздай салқын қарыған, оянды шошып, түсінен.
Малды қарап келгенде, байқады шопан нәрсені -
Беті мен қолы домбығып, шалалау-шарпы үсіген.

«Үсігеннің емі» деп, ысқылай берді - қарменен,
Боран әлі соғып тұр, атқанынан таңның, не пайда?!
Қатады-ау, аштан малдары, жүреді қалай, өлімтік,
Жеткізетін жем-шөпті - жанашыр бізге жан қайда?!



Қырылып бітіп отары, өзі де, бәлкім... өледі...
Ашқаны қарын - түк емес, иығын езді, ауыр ой.
Атаққа жаман қалмасын, туған іні - бауыры,
Он үш жылда жинаған, болмағай, ада - абырой!

«Ойлаумен мені жатыр-ау, үй ішінде төңбекшіп,
Сексен үште - қарт әке, аппақ мамам - тас соқыр.
Соғыстан аман келгеммен, ажал енді құтқармас,
Малменен ығып - өлгемді... газеттерден ел оқыр...


Сүйген жарым - Ағиба, қаласың ба... жесір боп,
Тапсырғаным - үш бала... үйінді, биыл салғам-ды.
Дәмелі қыз - қолқанат, Жұманым мен Қонысбай,
Сезінбейді-ау... сәбилер... жетім болып, қалғанды.

Жеткізер бәлкім оларды, артта іні - Молдаш бар,
Жатырмын аяп, мен оны... қиыла ма... бақ-дәулет?
Мойынында асырау: жеті бала, әке-шеше... еңні,
Құлыңмын Алла, сұрадым: күйремесін - бір әулет!

Жеңгеммен Күміс, қауыстық, оралғаны - Қалмақтан,
«Афекем» - деумен жүретін, Хабиба келін, қандай-ды!
Балалары Молдаштың - шиеттей кілең, үйелме,
Қайсысына ертең тірейді, қартайған шақта маңдайды?

Бірінші бала - Зиғаның, жасы биыл, он үште,
Оған тете - Боранша, барған мектеп - Бағытжан,
Бес пен төртте, тең басқан - Нәсіпқали, Оңайы,
Туған жаңа - Ұлмекен, екі-ақ жаста - Алмашжан.

Әжесін соқыр жетектеп, он бірдегі - Боранша,
Сауатсыз солай қала ма... білім керек, дегенмен.
Жоғары білім алғызам, үш балама - түгелдей,
Тірі қалсам осыдан... оралсам - үйге... егер мен...



Тұяғы жалғыз ағаның, әскерге кетер, келер күз,
Отан қорғау борышың, орындап - елге оралсын.
Базарғали ұрпағың, жалғастыру - басты серт,
Арттан ерген іні ғой, келіншек таңдап ол алсын.

Ідіріс қартта бір қыз бар, аты оның - Жәмила,
Меңдіғали іні үшін - жасайық, біздер, құдалық.
Мұқтау менен Қуандық, болар еді, тым жақын,
Барып-ақ, келсін әскерге, сосын, соны құралық.


Ракуштегі қарындас - Жұмағыз сорлы жылар ма,
Шеркеш күйеу Ізімі - шыққан ба теңіз, ау тартып?
Жағдай төмен колхозда... совхозбенен тең емес,
Мамам байғұс жүреді, жалғыз қызға барды артып.

Жұмағыздан - төрт жиен: Серік пенен Әлібек,
Сараға ілес Әбіл бар... сары ауыз кілең - балапан.
Нағашы апай - Жаманғыз, балалары - үшеу-ді,
Қоңырша, Ризуан, Рнаштар, күтеді жылы алақан.

Ризуан ұлы Мусажан - Жұманымның құрдасы,
Екеуі қатар жүргенде - «егіз» дейді, бүкіл жұрт.
Тайды таңдап сыйлағам, бие болды, ол - биыл,
Қымыз, шұбат - ішкені, көреді тәуір - түйе құрт.

Олар ертең ержетіп, жігіт болған шақтарда,
Бірін-бірі сүйей ме, әкеден - туыс, үлгі алып?..
Қаланың ғой баласы, асар-ау, Муса - астана,
Жұмабайым нали ма, жетпей оған, үй қалып?..

Бибатпамен құрдас-ты - Нәсіпқали, Қонысбай,
Ризуан бөлем берер ме, томпақ қызын - біздерге?
Алыс кетсе - ол қызы, Қалампыр мен Қоңырша,
Өкінер ме, сан соғып: «Қап, бермедік, сіздерге...»



...Берілем неге, өлімге... күресемін... әлі мен!..
Боран да, міне басылды, Күннің көзі ашылды!
...Келе жатыр, трактор! Тіркемеде - шөбі бар!
Жетіп пішен, «қораға» - қар бетіне шашылды...

Ашыққандар бас салды, быртылдайды ауыздар,
Құтқарушы адамдар, көтеріп кеткен - шопанды.
Сүйіп жатыр жағалай, спиртпен бетін ысқылап,
Көріп бәрі, таң қалған, болған пана - «қотанды».

Ішіне кіріп қарайды... сыртынан да, ғажап ол,
Киіз үй дерсің кәдімгі, соққан қардан, шеберлеп.
Он сегіз қанат хандардың, «ақ шатыры» осы да,
Малға пана болғаны-ау, жасалғасын, шеңберлеп.


Шығыны жоқ отардың - үш күн қалған боранда,
Бастығы ферма Табылды, біресе күліп, не жылап,
Орынғали шопанын - көтеріп алып, иыққа,
Тигізбеуге ант берді, майдангер жанға, еш қылап.

4

Бүкіл совхоз тік тұрған, боранда мына, дүрлігіп,
«Отар қоймен - екі күн жоқ, Орынғали - ығыпты!..
Үйімен Молдаш бірлесіп, ферма басы іздеген,
Таба алмапты күш аздау, енді Таңдай шығыпты...»

Тарап кеткен бұл хабар - тиді жайсыз ауданға,
Бірінші хатшы Өтекең* - шопанменен құрдас-ты..
Бірін-бірі білетін, сыйлайтын-ды, құрметтеп,
Бар жұмысын қалдырып, Таңдайға тура ол басты...

Інісі оның Молдашты - Еңбек Ері етпекші ед,
Діңкелеткен ұзақтау... жетіжылдық - жоспармен.
Апта бұрын жүздескен, Томан жаққа барғанда,
Сексеннен асқан әкесі - атқа шапқан Доспанмен.



Әкей сонда айтқан-ды: «Жұлдызды беріп қайтесің,
Тұқымға біздің көз тигіш, жарайды, жүрген ортада...»
Күлген де қойған, Өтекең, қарттың мына сөзіне,
«Қыздырсаң ғана - айрылар, сарымайдан - торта да...»

...Кеңсесінде - совхоздың, отыр екен, жиылып:
Партком - Құспан, совет - Барыс, рабочком - Әмір...
Ұшып тұрды барлығы, кеңеттен келіп, Өтекең.
«Сиыр жылы қинамақ, жаңылмады-ау, бұл - Тәңір»,


Мұны айтқан, қиналып, жасы үлкен - Әмір-ді,
«Сиырында - қырық тоғыз» бір ауданды басқарған.
«Төрт машина, төрт трактор - кетті іздеп, отарды,
Құрдық топты, арнайы, «үзетін темір» - жастардан.

Кешке дейін табылар, тыйылсын тек, ақ боран,
Елу-алпыс* радиусты - сегіз-он сағат шарлайды.
Береді облыс вертолет, басылғасын бұл дүлей,
Теңіздің бүкіл жағасын, әуеден және барлайды».

Баяндаған - Дүйсенбиев, совхоздың ол, парткомы,
Штабтың өзге мүшесі - шұлғыды басты, мақұлдап.
«Жағасы теңіз қатпаған, көріп қайтқам, мені оны,
Қырылуы оған мүмкін-ді, ығып барған, мал құлап,

Басталғалы дүлейге - отыз алты сағат, толышты!
Мыңға тарта қойменен - бір сағат қалып көріңдер?!
Түтеген боран астында, қайырту бермес отар қой -
Мерт болса содан - ол шопан, аямаймың, көрімдер!

Табылған бойда хабарла, түнімен күтем - телефон»,
Қадаумен айтып, аупартком - кеткен-ді кері, ауданға.
...Келді-ау, кеште құт-хабар! Табылыпты, Доспанов!
Бар малы... өзі... дін-аман, үшіншіге тәулік... ауғанда...



...Боранды жеңген шопанды, көруге жетті көп адам:
Жаманқала, Гурьевтен - оқушы, не басшы, тілші бар.
Соғыстан тірі келген-ді, дүлейден шықты, тағы аман,
Ақ түтек боран астында, «қораны» салған - күші нар...

* * *

Іні үшін... Орекең - қалған, сақтап тұтас отарды,
Іні үшін... Базекең - сыйлап тұзын, болған - «жоқ»...
Інілер үшін, Молдекең - салар барын, аяусыз:
Сүрсін өмір олар, деп,- уайымды білмей, тамақ тоқ.

- *Украинаның әлемге танымал даңқты шопаны
- *С.Дәулетқалиев (1966-жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алған «Передовик» колхозының аға шопаны
- *медаль
- *халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі
- *жазушы Ә.Жұмабаев
- *қой
- *қозы
- *қаракөл елтірісі
- *Өтешқали Есмағамбетов


Гурьев, сәуір, 1976

ҚАЗАҚСТАНЫМ

(Толғау)

Туған елім, толдың ба, алпыс жасқа,
Бар ғұмырың кірмейді, ол ғой - басқа.
Республика атандың, Одақ құрып,
Гербінді - ойып салып, гранит - тасқа.

Алғансың, Республикам - Қазақ атын,
Социалистік қоғам боп, басты - затың.
Астанам бар, шекара, ұлттық тілім,
Айтып салар ашықтан, халқым датын.



Нұр шашты, коммунизм жолымызға,
Берген Ленин мандатын - қолымызға.
Бар байлықты сыйғызған құшағына,
Жатыр дала... боз кілем - жонымызға.

Қазақ жері - қазына, шексіз байлық,
Кейбір елдер мәз екен, тапса - шайлық.
Сырттан бізге таласқан жұмыс қолы -
Қазағымда, болған соң, жоғары айлық.


Үш мың шақырым арасы шығыс-батыс,
Атпен шықсаң... тоқсан күн - ара қатыс.
Торғайлар қой үстіне - жұмыртқалап,
Көрмеппіз, елу сегіз жыл - шабыс-атыс.

Батыста, асау өзен - Қиғаш, Жайық,
Каспийде - жүзе алмайды ескек-қайық.
Ойыл, Елек, Жемдерім тасығанда -
Мал мен адам - ылғи да, болған майып.

Нарын құмы ол шексіз, шөгіп жатқан,
Қып-қызыл Күн - әдемі, соған батқан.
Үстіртті көр, қатпарлы сырларымен,
Бұйырған, өзімізге, түрікмен - жаттан.

Орал таудың етегін - басып қалдық,
Мұғалжарға тәу етіп, құрбан шалдық.
Арал деген көк айдын, ол да - бізде,
Осылай қып, Тұранды, молдан алдық.

Сырдария - сарқылмас, Арыс, Талас,
О, Жаратқан, қазаққа - мықтап қарас!
Оңтүстікте ел қалың - қиын, білем,
Ырылдаман, су үшін, халқым, жарас!



Мақтанамын, бетке ұстап - Жетісуды,
Көрмегем, тап осындай, жерді - нуды.
Бұл өлке, жат қолына кетпесін деп,
Жоңғарды батырларым: қырды, куды.

Қаратау, Тарбағатай, Алатауым,
Барлығыңнан, кетпегей, күнде - жауын.
Бөктерде, шешкен талай, қазы-билер,
Қазақтың - сырт шығармай, ішкі дауын.


Жасап алдық, Қапшағай, су қоймасын,
Қытайдың, біліп болдық, еш тоймасын.
Қомақты - Зайсан, Балхаш, Алакөлім,
Шоршыған бар балығын тек жоймасын.

Ертіс, Есіл, Тобыл, Нұра - өзендерім,
Шөлден сақта, Қазақстан - өз елдерің.
Араб жағын білеміз, шөліркеген,
Тұрған кезек - қолға ұстап, көзелерін.

Жер жәннаты - Көкшетау, сәлем етем,
Бурабайда - демалу өз арман, оған жетем.
Өзіңнен несі артық, курорттардың,
Швейцария, Балкан, Кавказ - неге кетем?

Бар аймақты жырлайың, кеңге жайып,
Бұл сөзімнен, кетпеймін, тіптен тайып.
Маңғыстауды алдымен айтпай қойсам,
Әулие, үш жүз алпыс екі, тағады айып!

Ұйқыдағы, сан ғасыр, жұмбақ түбек,
Байлығымен, он жылда шыққан түлеп.
Ағылуда сол жаққа мың-мың халық,
Табу үшін ақшаны «күрекпен - күреп».



Жетібай мен Өзенде мұнай - теңіз,
Болашақтың құдыреті - уран деңіз!
Қос байлығы теңіздей бұл түбекте,
Иә, Алла, қазағымды, сүлікше еміз.

Шевченконы көргендер көркем дейді,
Көрмеген жұрт, әрине, «көрсем» дейді.
Көк теңіздің жағасын мекен еткен,
Бесжылдықпен - ол шаһар, өркендейді.


Бақылайды, Мәскеуден - ПГМК-ны,
Маңғыстауда - Средмаш, барып таны.
Комбинатта еңбекші - отыз мың жан,
Тым құпиялық, ренжіме, елдің - қамы.

Қабырға боп қаланған ғажайып тас -
Жетібайдан, Бейнеуден қайыршақ тас.
Ерімейді, жаңбыр-қар, құйып берсін,
Ойланбастан құрлысты - сонымен бас.

Бастысы Гурьевімнің - мұнай, балық,
ГНПЗ бен «Рыбпром» - Одақта алып.
«Эмбанефть» көкесі - мұнай-газдың,
Химзауытта жұмыста, үш мың халық.

Қымбат екен бораты - Индерімнің,
Жатырғанын сезем-ау, бір керімнің.
Жеті зауыт салынбақ бұл өңірде,
Қайтарымы шексіз дейд, игерімнің.

Ақтөбеде «Феросплав», «Хромпром»,
Таптырмайтын осылар, нағыз «бронь».
Қатты бидай тұнбасы - «ішуге» өнім:
Таза араққа бас иген, Батыста - «ром»!



«Актюбрентген», Алғаның зауыты бар,
Білмей келген кейбір ел - «сауыты» тар.
Бұл өлкеге көктем-жаз ылғал керек,
Аздау түспен - алты ай қыс, қауіпі - қар.

Мадақ етем, мен бүгін, Шалқар көлін,
Беріп жатқан, сан ғасыр, маңға - сөлін.
Қасиет бар суында, ем-дом татыр,
Қандырыпты, көптеп ел, сонда, шөлін.


Ақ Жайықтың жоғарын - Орал дейміз,
Картобы мен ақ нанын «сұрап» жейміз.
«Зенит» атты зауыты сыртқа мәлім,
Төрт түлік мал - барып көр, кілең семіз.

Астығы, мол боп келген Қостанайым,
Орғаң кезде мен де барып қостанайын.
Жетіқара, Лисаков, Тараныннан,
Еңбек сүйгіш көп жанды, дос табайын.

Бокситті әлем сұрап - Арқалықтан,
Торғайым алған бата бар халықтан.
Бидайы қатты келген шетке пұлды,
Айырмаспыз болашақ нар-алыптан.

Көмірі - «қара алтын», Қарағанды,
Атағы қырқыншы жыл тараған-ды.
Тезек-қи жағу қалып, бұл күндері,
Бүкіл ел «қара отынға» қараған-ды.

Теміртау - балқытады металыңды,
Рудный - соны берген, тым арынды.
Жезқазған Балхашымен өсіп келед,
Отанға қосқан үлес - мыс қарымды.



Күріші, аппақ маржан - Қызылорда,
Құрайтын миллион тонна ортақ қорда.
Қар суы мен жаңбырың не бопты оған,
Сырдария - жаз маусым, жеткен зорға.

Сырдария, Аралда - топыр балық,
Сонымен тоқ еді – мың сан халық.
«Тоған» теңіз қадірін ел біледі,
Тағам дәмін келтірген – тұзын алып.


Космодром «Байқоңыр» осы маңда,
Қазақстан мерт кетпен, Мәскеу аңда.
Бір қаракөз ұшпады космосқа,
Ұлтым үшін, қайтейін, болды таңба!

Шымкентте көңіл бөлген өндіріске,
Балалар, кәмілет толмай көнген іске.
Пайда табу ол жақта – мұрат бопты,
Жұмылған, басатынды көрсе – тіске.

Жамбылдық мақтанады фосфорымен,
Жүз жылдан артылатын қос қорымен.
Әскерде көрінгенді, таң қалдырып,
Жаңатас - мекен еткен дос - қырымен.

Павлодар, трактор берді - «Қазақстан»,
Бір жүз ат - оның күші, жерді «ысқан».
Миллиард қуатымен «ЭкиБРЭС» -
Шығарған, Солтүстікті - небір қыстан.

Шығыс баршы, қол жетпейтін қияндар,
Берген мырыш – Ленин қала, Зыряндар.
Бұл өлкені Ресейге анау - қоспақ боп,
Талаптанған... Хрущевтар - зымияндар.



Семейде бастап едім, әскерді мен,
Көпірі, Гурьевтікімен, екен ғой тең.
Цементті беріп келед төрт-бес елге,
Ет комбинат - СССР-дың, үлкені ең.

Түсті металл өндірген Өскеменім,
Еншіңді алып Семейден - өскен едің.
Қорғасының оқ болып, қарша борап,
Талқан еткен Германды - Кеңес елім.


Солтүстікте Қызылжар - Петропавл,
Советтерді алған-ды, бірден - қабыл.
«Орман орыс» сұраса – ол жерімді,
Бар қазаққа қағайық, біздер – дабыл!

Аталатын Целинград - Ақмоламыз,
Өзге ұлттардан - біз енді, сақ боламыз.
Автономын құрса егер, кілең неміс,
Қолдан беріп «Ортаны» - сап соламыз!

«Екі дүркін облыс» – Талдықорған,
Қытай жақтан ол бізге - болсын қорған.
Табиғаты тамылжып тұра берсің,
«Қысық көздер» аспасын - шекті ордан.

Алматы – елу үш жыл астанамыз,
Мекен еткен миллион - бас қаламыз.
Ташкентпенен таласып, ғасыр соңы,
Орта Азия - бестіктен басты аламыз!

АХБК-да отыз мың - қыз-келіншек,
Таба алмайсың олардан бір еріншек.
Кештер менен демалыс күндерінде,
Төңіректеген сол маңды кілең іншек.



Еңбек еткен АДК – дені жастар,
Құрлысшы деп кемітпе, ойы - асқар.
Шығар бөлкім ішінен кейбіреулер,
Облыстың - кіл шенді, көшін бастар.

«Студенттер ордасы» - ару қала,
Арман еткен ауылдық, барлық бала.
Мамандарды күтеді Алматыдан,
Кіндік кескен қазақтар дархан дала.


Қазақстан – Отаны, қайма қазақ,
Әлемдегі бар ұлтта - өттең... аз-ақ.
Өр халықпыз, өткені үлкен тарих,
Бола қойман, өзгеге, біздер мазақ!

Мойындаған қазақты Мәскуа - кеш,
«Октябрьде көсемдер шықпады еш»,
Айыпталдық осылай, кейбіреуден,
Орнатпаған Ильич, біздерге - «пеш».

Бірақ, кейін көрінген Тұрар* ағам,
Өз ұлтына Кремльден болды жағам.
Орынбасар хатшыға* Асфандияров,
Калининге отырған, көптен - таман.

Әкетті, ЦИК-ке сосын Нұрмақовты,
Қазақтан шыққан жігіт, ол да - мықты.
Бірақ та, қуғын салып, түрмелерге -
Алаштың бетке ұстарын, ондап тықты.

Рыскүлов, Сейфуллин, Исаевтар...
Сәдуақасов, Нұрмақов, Байтұрсынов бар,
Бейімбет пен Ілияс - дарбоздарым,
Атылып кеткен, бәрі де, «маңдайға тар»!



Төрт жыл соғыс қорғадық Ұлы Отанды,
Жалғауменен көз ілмей, кеш пен таңды.
Қан майданда қазақтар «атой» салып,
Қайран қалып, фашистер – естен танды.

Қорған болдық Мәскеуге, тақау тұрып,
Бауыржаным полкпен жатты-ау, «ұрып».
Сталинград түбінде көзсіз қазақ,
Фашистерге салды ғой, мықтап «құрық».


Сол қалада соғысқан - әкем де, ағам,
Ерлігіңмен қазағым, өсті-ау, «бағаң»...
Еділ үшін - елдігім садаға боп,
«Күңіренген» молада, қайран бабам...

Тағзым етіп барғанмын - «Мамай қорған»,
Төбе зәулім, қарттар шығады... әрең-зордан.
Күрсінем, бұл өзі, киелі жер қазағыма,
Бір кездер... билік құрған - «Алтын Ордам».

«Ұлы Отан» - қазағыма салды «жолды»,
Ей, Алаш, тоқсан алтын – Батыр болды!
Шовиндік қала қоймас, орыстардан,
Бермеді... мың қазаққа, байлап – қолды...

Көтермеді, қазақты қолбасшы* етіп,
Аз сан ұлтқа, ол өзі – дардай «тетік».
Бұралқыға санады-ау, көріп кемдеу:
«Құрым емес, жарайды, керзі етік...»

Лампас шалбар киіпті Шәкір - біреу,
Бауыржанның жолына қойған - тіреу.
Славян айтпай, армян, грузиндерде,
Генералдар көп болған – көңіл кіреу.



Бәйішев те лайық ед, генералға,
Бригаданы басқарып, жүрген алда.
Баймолдинді күйдірген шовинизм,
Полковник шенімен, салған малға!

Өкпелеген алайда... қазақ жоқ-ты,
Отан үшін бәрі де - «құрбан тоқты».
Елеместен, ұмтылған, олар - алға,
Қардай борап алдынан жауған оқты.

Әлия мен Мәншүгім, қыздан - Батыр,
Қан майданда қос құрбы - жүзге татыр.
Дұшпанменен айқаста қыршын кетіп,
Монаков пен Невельде, «мәңгі жатыр».

Бигелдинов екі Герой алып келді,
Шаттандырып, баладай, Қазақ елді.
Мұны естіген Алашта, ес қалмаған,
Қария «шүйіншілеп» желдей желді.

Ақындар суырып салма біздің ұлтта,
Осы өнерді, уа, халқым, өмір ұмытпа!
Жабаев, Байғанин мен Байзақовты,
Барша қазақ – жүз жыл бойы, ұлықта!

Күләшім жиырма төртте атақ* алып,
Тамсанған, бұлбұл үнге, барлық халық.
Мемсыйлықтың* екеуін иеленген,
Қырық бесте қаза боп... қалдық налып.

Әуезов – ұлы тұлға қаламгерім,
Төрт кітап «Абай» деген қандай керім!
Ленсыйлық алпысында-тиген еді,
Жазушыда - бәйге бермес «қаракерім».

Ғылымда - академик Қаныш озық,
Артынан ергендер көп, үзік-созық.

Қос Қонаев ойланар, бәлкім биыл,
ҒА-ның үйі орталық, біткен тозып.

Қазағымда тағы кім, тұлға дейтін,
Өз ұлтының ылғи да қамын жейтін?
Дінмұхамед айтылар алдыменен,
Пір тұтады Алашым, оның - кейпін.

Шаяхметов Жұмабай - аттас ағам,
Халқым үшін туған деймін - алтын адам.
ҚКП-ны басқарған тұңғыш қазақ,
Ұлт Советі төріне СССР*, отырып алған.

Әуелбеков Еркінді - айту керек,
Тумысынан, екен өзі, үлкен зерек.
Қонаевтың орнына тұрып қалар,
Мәсқауда бар дейді, сондай дерек...

Үмітпенен құп көрем Нұржанұлын,
Предсовмин боп қалар, одан бұрын.
Елу ғана шыққаны – ердің жасы,
Қарамасың тек, Құдай, оған қырын.

х х х

Қазақстан алпысы жырға толған,
Төрт түнде мен де бірін жазып болғам.
Туған елдің тойына тарту еткен,
Осы болды, сыйлығым, келген қолдан.

*Т.Рысқұлов – РСФСР Халық Комиссарлары
Советі Төрағасының орынбасары;

*Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті

*армия, майдан қолбасшысы

*СССР халық артисі


*СССР Жоғарғы Советінің Ұлттар Советі

Гурьев, тамыз, 1980



ҮШІНШІ БӨЛІМ


Қолөнер туындылары




«КУЛСАЛҒЫШ» (мүйіз), Гурьев, 1976




«БАЛЫҚТАР» (мүйіз, сүйек), Гурьев, 1976




«СИЛУЭТ» (акварель), Гурьев, 1976



«НАРЫН ҚҰМЫ» (акварель), Гурьев, 1977




«ИСАТАЙ ЕСКЕРТКІШІ» (акварель), Гурьев, 1978. Исатай ауданының орталығы Аққыстау селосында мыстан құйып орнату үшін ұсынылған эскиз.



«МАХАМБЕТ ЕСКЕРТКІШІ» (акварель), Гурьев, 1978. Махамбет селосында мыстан құйып орнату үшін ұсынылған эскиз.



«Тың игерушілер» (майлы бояу), 1979, Гурьев



«КӨСЕМНЕН ХАТ» (кәһп, майлы бояу), Гурьев, 1979



АВТОРДЫҢ 1986-ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ӨМІРДЕРЕГІ

1952-жылдың 5-мамырында Гурьев облысы, Махамбет ауданы, Тандай селосында дүниеге келген.

Гурьев политехникалық техникумының азаматтық құрылыс бөлімінде, Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесі жанындағы курста оқыған. Гурьев педагогикалық институтынан тарих және қоғам тану пәндерінің мұғалімі мамандығын алған.

Еңбек жолын 1969-жылы Тандай орта мектебін бітірген соң, өз ауылы – «Бақсай» совхозында жұмысшылықтан бастаған.

1970-1972-жылдары Моңғолия астанасы Улан-Батор қаласында әскери міндетін батальон, бригада, 39-армия штабтарында атқарған. СССР Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті әскерлерінің запастағы офицері (аға лейтенант).

1972-1974-жж. «Гурьевводстрой» тресі Гурьев құрылыс-жасақтау басқармасында суретші-көркемдеуші; 1974-1978-жж. Гурьев облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының құрылыс материалдары комбинатында қыш цехының мастери, аға суретші, шаруашылық-мәдени тауарлар цехының бастығы; 1978-1984-жж. «Гурьевоблремстрой» тресінің құрылыс-жөндеу басқармасында еңбекақы және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер, мастер, прораб.

1984-жылдан «Гурьевоблремстрой» тресі (6 кәсіпорыны, 1,5 мың жұмысшы-қызметкері бар) кәсіподақ комитетінің төрағасы.

Бейнелеу өнеріндегі жетістіктері:

1967-жылы Одесса (Украин ССР-і) қаласында өткен мектеп оқушылары Бүкілодақтық бейнелеу өнері көрмесінің лауреаты (марапат ретінде Қырымдағы «Артек» пионер лагеріне тегін жолдама берілген), 1971-жылы Улан-Батор қаласындағы Моңғол Халық Республикасының 50 жылдығына арналған Бүкілмоңғолдық қылқалам шеберлері ашық көрмесінің лауреаты (осы үшін 39-армия қолбасшысы генерал-лейтенант Ф.Ф.Кривданың өзі 15 күндік елге бару демалысын жариялаған) атанған; ересек әуесқой суретшілердің Гурьев облыстық көрмелерінің жүлдегері (1973-ж. -3-орын, 1974, 1975-жж. -2-орын); республикалық әуесқой суретшілер көрмесінің лауреаты (1979-ж.). 1963-1985-жж. аралығында 300-ге тарта қолтуындысын (графика, акварель, майлы бояу, ағаш, гипс, қыш, мүйіз, сүйек, аллюмений, жез, мыс) дүниеге



келтірген.

Әдебиеттегі қадамдары:

1969-жылы - әңгіме, 1970-жылы - новелла мен өлең, 1971-жылы – повесть пен дастан жазуды бастаған. Шығармалары әр жылдары республикалық «Балдырған», «Пионер», «Лениншіл жас» басылымдарында жарық көрді.



МАЗМҰНЫ

I-БӨЛІМ

ӨЛЕҢДЕР.....4

II-БӨЛІМ

ДАСТАН, ТОЛҒАУ.....205

III-БӨЛІМ

ҚОЛӨНЕР ТУЫНДЫЛАРЫ..... 233



Жұмабай ДОСПАНОВ

ЖҰМАНДЫЗДЫ ШҮНДЕР

ЕКІНШІ ЖЫР-КІТАП
Өлеңдер, дастан, толғау, суреттер

«Ағатай» баспасы

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылым.
Таралымы 200 дана. Тапсырыс №

Терген Күнзира Қожахметова.